

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1228 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді - жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 3 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 2 2 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1. "ҚТЖ" ҰК" АҚ жай-күйі және оны дамытудың перспективалары туралы баяндама

1.1. Кіріспе

Осы Дамыту жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесіне сәйкес әзірленді. Әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі қалыптастырған Қазақстанның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің болжамы ескерілді.

Темір жол көлігі жүктер мен жолаушы тасымалдарының негізгі бөлігін орындай отырып, Қазақстанның көлік жүйесінің негізі болып табылады. Ел аумағының кеңдігіне

, көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда тарифтердің төмендігіне байланысты көмір, кен, металдар, астық сияқты жаппай жүктерді тасымалдауда республикада темір жол көлігінің нақты баламасы жоқ. Республикадағы ірі кәсіпорындардың бірі бола отырып, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ҚТЖ" ҰК" АҚ) бүгінде 114 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Темір жол саласы басым орын алатын Қазақстан көлігінің тұрақты жұмысы ел экономикасының жұмыс істеуінің ажырамас шарты болып табылады.

Экономика мен тұрғындардың тасымалдарға деген өмірлік маңызы бар мұқтаждықтарын ең аз шығындармен қанағаттандыруға мүмкіндік беретін көлікті дамытудың деңгейін қамтамасыз ету талап етіледі, өйткені мемлекеттің экономикалық өсуі және экономикалық қауіпсіздігі отандық өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнындағы көліктік құраушының деңгейіне тікелей тәуелді. Бұдан басқа, оның одан әрі дамуына негіз болатын темір жол көлігі табысының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету қажет.

Капитал қозғалысын жандандыру, инвестициялар тарту, импорт алмастыру ғылымды кеп қажет ететін, экспортқа бағытталған өңдеуші өндірістерді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың басымдықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық даму 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы шеңберінде "ҚТЖ" ҰК" АҚ 2003 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың және тәуелді акционерлік қоғамдардың инновациялық қызметін дамытудың 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның негізгі бағыттары мыналар:

- темір жол өнімдерінің сапасын басқарудың нарық жағдайындағы тиімді моделін дамыту және енгізу;
- қазіргі заманғы озық технологиялар мен техникалық құралдарды енгізу;
- жөндеуге жарамды бұйымдарды қайталап пайдалану үшін ресурс үнемдеу технологияларын енгізу;
- темір жол саласының міндеттерін шешу үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамыту;
- күйін анықтаудың қазіргі заманғы құралдарын енгізу;
- темір жол көлігінің мұқтаждары үшін жаңа өндірістер ұйымдастыру болып табылады.

Осылайша, оның дамуы саланың мақсаты, стратегиясы және оларға қол жеткізу тәсілдері нақты белгіленген жан-жақты кешенді жоспарға сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы Даму жоспарын әзірлеудің қажеттілігі осылармен анықталады.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың миссиясы

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың миссиясы ресурстарды тиімді пайдалану кезінде экономика мен қоғамның темір жол тасымалдарына деген серпінді өзгеріп отыратын қажеттілігін барынша қанағаттандыру болып табылады.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың құрылуының қысқаша тарихы

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы темір жол

басқармасы, Тың темір жол басқармасы және Батыс Қазақстан темір жол басқармасы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы "Қазақстан Республикасының темір жолдары кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы N 129 қаулысымен құрылған. Біріктірудің мақсаты тасымалдау процесін басқару құрылымын оңтайландыру және оның артық буындарын тарату темір жол саласын қаржылық-экономикалық сауықтыру болды.

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 қаулысымен мемлекеттің 100% акциялары пакетімен, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы құрылды, оған магистральдық темір жол желісі операторының және тасымалдаушының функциялары берілді.

Осы қаулымен "Әскерилендірілген темір жол күзеті", "Жолжөндеуші", "Кеден көліксервис", "Жолжөндеу", "Көліктелеком", "Көліктік сервис орталығы" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерінің жүз пайызы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жарғылық капиталына тапсырылды.

"ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-ты қалыптастыру және қызметін ұйымдастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 сәуірдегі N 479 қаулысымен "Теміржолмашжөндеу", "Теміржолсужылужабдықтау", "Жолаушылар тасымалы", "Вагонжөндеу", "Локомотивжөндеу", "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорындары акцияларының мемлекеттік пакеттерінің жүз пайызы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жарғылық қорына беріліп, қайта құру арқылы, тиісінше ашық акционерлік қоғамдар болып қайта ұйымдастырылды.

Бұл ретте еншілес акционерлік қоғамдардың функциялары мыналар болып белгіленді:

"Жолжөндеу" ААҚ, "Теміржолжөндеу" ААҚ - жолды қайта жаңарту, күрделі жөндеу және жол шаруашылығындағы басқа да жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және орындау, оларды пайдалануға уақтылы тапсыру.

"Жолаушылар тасымалы" ААҚ - жолаушыларды, багажды, почтаны тасымалдау, жол жүру құжаттарын сату және ресімдеу, жолаушыларға вокзалдарда, поездарда қызмет көрсету.

"Көліктік сервис орталығы" ААҚ - "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ барлық кірме жолдарының 90%-дан астамын құрайтын кірме жолдарды пайдалану.

"Локомотивжөндеу" ААҚ, "Теміржолмашжөндеу" ААҚ - "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың локомотивтерді техникалық қарап тексерудегі және жөндеудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жөндеу базаларын күтіп ұстау.

"Вагонжөндеу" ААҚ - темір жол саласының жүк вагондарын қажетті жөндеудегі қажеттіліктерін қанағаттандыру.

"Көліктелеком" ААҚ - байланыс қызметтерін ұйымдастыру, байланыс

құрылғыларын күрделі жөндеу, кабельдік және әуе байланысы желілерін салу, АТС-ті іске қосу, АТС пен байланыс құрылғыларын бағдарламалау.

"Қазкөліксервис" ААҚ - контейнерлік тасымалдарды ұйымдастыру, темір жолдардың контейнерлік паркін жедел басқаруды қамтамасыз ету, контейнерлерге ағымдық қызмет көрсету және жөндеу, жүктердің қауіпсіздігі мен сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у .

"Әскерилендірілген темір жол күзеті" ААҚ - номенклатуралық жүктерді және өзге де жүктерді күзетуді және олармен ілесіп жүруді, олардың темір жол көлігінің объектілерінде сақталуын қамтамасыз ету.

"Жол жөндеуші" ААҚ - темір жолды жөндеудің барлық түрлері, темір жол магистралдарын қайта жаңарту және жаңасын салу, төтенше жағдайлар туындаған кезде авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындайды.

"Теміржолсужылужабдықтау" ААҚ - "ҚТЖ" ҰК" АҚ құрылымдық бөлімшелерін және басқа да тұтынушыларды сумен, жылумен жабдықтау және су тарту, қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу.

"Кеденкөліксервис" ААҚ - жүк аулаларын күтіп ұстау мен пайдалану және контейнерлік тасымалдарды жүзеге асыру.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-ты басқарудың ұйымдық құрылымы
"ҚТЖ" ҰК" АҚ-ты басқарудың ұйымдық құрылымын мыналар:
акционерлердің жалпы жиналысы;
директорлар кеңесі;
тексеру комиссиясы;
б а с қ а р м а ;

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың құрылымдық бөлімшелері (департаменттер мен дербес басқармалар, филиалдар) құрайды.

"Қазақстан Темір жолы" ҰҚ" АҚ-ты басқарудың ұйымдық құрылымы

"ҚТЖ" ҰК" АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы	Тексеру комиссиясы
--	--------------------

Директорлар кеңесі

Б а с қ а р м а

Президент

Президенттің
кенесшісі

Арнаулы басқарма

Президенттің
на, Алматы,
өңірлердің
өкілдері

Аста. Атырау

Аппарат	Бірінші	Вице-	Вице-	Вице-	Бірінші	Вице-
басшысы	Вице-	прези.	прези.	прези.	Вице-	пре.
	прези.	дент	дент	дент	прези.	зи.
	дент				дент	дент

Ревизия	Атқару.	Магис.	Тасы.	Атқару.	Атқару.	Бас
депар.	шы ди.	тралдық	малдау	шы ди.	шы ди.	бух.
таменті	ректор	желісі	дирек.	ректор	ректор	галтер
		дирек.	циясы			
		циясы				

Кадрлық	Қозғалыс	Техни.	Корпо.	Эконо.	
және	қауіп.	Тасы.	калық	ратив.	мика
әлеумет.	сіздігі	малдау	депара.	тік да.	депар.
тік жұ.	департа.	проце.	менті	му де.	тамен.
мыс де.	менті	сін		парта.	ті
парта.		жоспар.		менті	

менті	лау жә.	_____	
_____	не нор. _____		
	малау Ақпарат.	_____	
	басқар. тандыру _____	Қаржы	
_____	масы департа. Атқару. депар.		
Заң де.	_____ менті шы ди. тамен.		
парта.	_____ ректор ті		
менті	_____ _____		

	_____ _____		
_____	бақылау Ішкі		
Ұйымдас.	және аудит		
тыру-ин.	монито. бас.		
пектор.	ринг қарма.		
лық бас.	закупок сы		
қарма	басқар. _____		
_____	м а с ы		

Мүлікті		Бух.	
оңтай.		гал.	
ландыру		терлік	
басқар.		есеп	
м а с ы		бас.	
_____		қарма.	
		сы	

К е н с е			

Қ ұ р ы л ы м д ы н е г і з д е у

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың тасымалдау процесінде темір жол саласының функционалдық тұтастығын және ыңғайлы басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымы бар. Бұл ретте "Кеденкөліксервис" ЖАҚ-тың акцияларын қоспағанда (акцияларының 33%-ы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың жарғылық капиталында) қосылма акционерлік қоғамдардың акцияларының 100%-ы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың жарғылық капиталында болады. 2002 жылғы қазанда 12 қосылма акционерлік қоғам "ҚТЖ" ҰК"

ЖАҚ-пен Серіктестік туралы келісім жасасқан, онда қосылма компаниялар "ҚТЖ" ҰК" АҚ-қа тараптардың мүддесіне сай Қоғамдардың қызметін үйлестіру жөніндегі тұтастай алғанда мынадай: мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста мүдделерді білдіру, инвестициялық саясат, баға құрау және шығындарды нормалау, қаржылық және материалдық ресурстарды сатып алу, күрделі құрылыс және жөндеу, бірыңғай есепке алу саясатын және бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есеп беруді жасау жөнінде әдістемелік нұсқамаларды, нұсқауларды әзірлеу, кадрлық және әлеуметтік саясаттың бірыңғай тұжырымдамасын белгілеу, ақпараттық, техникалық қауіпсіздікті талдау, ақпарат алмасу, тараптардың қызметінде туындайтын басқа да қатынастарды реттеу мәселелері бойынша өкілеттіктерін берген. Қосылма акционерлік қоғамдардың акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім жыл қорытындысы бойынша белгіленген тәртіппен жүргізілетін болады.

Орталық аппараттың құрылымы саланың негізгі өндірістік шаруашылықтарын басқарудың тігінен біріктірілген жүйесі болып табылады. Филиалдар орталық аппаратқа кіретін тиісті департаменттер мен басқармаларға тікелей бағынады. Бұл ретте қаржыландыру және филиалдар бойынша бухгалтерлік есеп беруді жинақтау өндірістік Департаменттер арқылы жүргізіледі, ал олар өз кезегінде Экономика және қаржы департаменті арқылы тікелей қаржыландырылады.

Осындай жүйе қаржылық және материалдық ресурстар қозғалысының ашықтығын белгілеуге, айналым қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, өндірістік емес шығыстарды азайтуға, тасымалдардың өзіндік құнын азайтуда айтарлықтай резервтерді анықтауға, тасымалдау процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

1.2. Рынокты (қызмет салаларын) талдау

Бәсекелестер және жалпы рыноктағы Компанияның үлесі Қазақстан экономикасының шикізаттық бағытталуына байланысты темір жол көлігі Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешенінде басты рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес соңғы жылдары барлық көлік түрлерінің жүк айналымындағы оның үлесі 70%-ды, жолаушы айналымында 54%-ды құрап отыр.

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен тасымалдауда "ҚТЖ" ҰК" АҚ монополист болып табылады және бәсекелестері жоқ.

Тасымалдауға ұсынылатын негізгі тауар өнімдері автомобиль көлігімен тасымалдауға тиімсіз: көмір, астық, мұнай, кен, минералдық тыңайтқыштар және т.б. сияқты жаппай үйме және құймалы жүктер болып табылады.

Қазақстанның географиялық жағдайы (теңізге тікелей шығатын жолдың, кеме жүретін өзендердің болмауы), аумағының кеңдігі, өндірістің шикізаттық құрылымы мен өндіруші күштердің орналасуы, автожол инфрақұрылымының дамымауы теміржол

көлігінің ел экономикасындағы рөлін айрықша маңызды етеді. Бұл рөл таяу келешекте
д е с а қ т а л а д ы .

Еуразияның орталығында орналасқан Қазақстанның бұған қосымша көліктік әлеуеті - өз инфрақұрылымы арқылы 5 халықаралық темір жол көлігі дәліздері бойынша транзит өткізуді арттыру мүмкіндігі бар. Олардың негізгісі Трансазия бағыты болып табылады, ол келешекте Оңтүстік Шығыс Азия - Батыс Еуропа теңіз қатынасына б ә с е к е л е с б о л м а қ .

Трансазия бағытының жалпы ұзақтығы Тынық мұхиттың жағалауынан бастап Батыс Еуропаның шекараларына дейін 11000 километрді құрайды, оның 4000 километрі Қытайдың аумағына және 1800 километрі Қазақстанның аумағына жатады. Трансазия бағыты бойынша жүк тасымалдарына 23-26 күн кетеді, ал қашықтығы Транссібір бағытына қарағанда 2000-3000 километрге қысқа.

Негізгі клиенттер (тұтынушылар, тапсырыс берушілер)

Компания жүк тасымалдарының негізгі көлемі өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің (көмір, мұнай және мұнай өнімдері, қара және түсті металдар, кен) үлесіне келеді.

Көмір. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың көмірді тасымалдау бойынша негізгі клиенттері: "Богатырь Аксес Көмір" ЖШС (компанияның жалпы тасымалдарының 17,3%), "Еуразиялық энергетикалық корпорация" ААҚ (9,3%), "Қазақмыс" корпорациясы ААҚ-тың "Бөрлі" көмір департаменті (4,3%), "Испат Кармет" ААҚ көмір департаменті (5,6%), "Майкубен-Вест" ЖАҚ (1,3%), "Балапанкөлік" ЖШС (1,1%), "Шұбаркөл кеніші" А А Қ (0 , 9 %) б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мұнай. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың мұнай жүктерін тасымалдау бойынша негізгі клиенттері: "Шымкентмұнайоргсинтез" ЖШС (3,7%), "Ақтөбемұнайгаз" ААҚ мұнай өткізу басқармасы (1,6%), "Атыраумұнай өңдеу зауыты-Көлік" ЖШС (1,3%), "Теңізшевройл" БК (1,1%), "Павлодар мұнай-химия зауыты" ЖАҚ (1,0%) болып т а б ы л а д ы .

Темір рудасы. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың темір рудасын тасымалдау бойынша негізгі клиенттері: "Соколов-Сарыбай кен байыту бірлестігі" ААҚ (8,14%), "Өркен" ЖШС (1,8%), "Дон тау-кен байыту комбинаты" ААҚ (1,5%), "Жәйрем тау-кен байыту комбинаты" Ж Ш С б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қара металдар. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың қара металдарды тасымалдау бойынша негізгі клиенттері: "Испат Кармет" ААҚ (2,4%), Ақсу феррокорытпа зауыты (0,5%), "Феррохром" А А Қ (0 , 1 %) б о л ы п т а б ы л а д ы .

Түсті кен. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың түсті металдарды тасымалдау бойынша негізгі клиенттері: "Қазақмыс" корпорациясы ААҚ (0,15%), "Қазмырыш" ААҚ (0,22%) болып табылады.

**" ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың 2002 жылғы тиеу көлемі
(жүктердің негізгі номенклатурасы бөлігінде)**

Жүк номенклатурасы	Тиеу көлемі, мың тонна	Үлесі, %
көмір	71 981	44,2
темір кені	20 537	12,6
шикі мұнай	10 635	6,5
мұнай өнімдері	8 020	5,0
түсті кен	10 911	6,7
құрылыс	10 188	6,3
қара металдар	5 325	3,3
астық	5 165	3,2
қара металл сынықтары	2 007	1,2
тыңайтқыштар	1 767	1,1
түсті металдар	1 019	0,6
химикаттар	1 016	0,6
өзгесі	14 243	8,7
жиыны	162 813	100

Ескерту: 1 - "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жалпы тиеу көлеміндегі үлесі

1.3. "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметін талдау

2001-2002 жылдардағы қаржы-экономикалық қызметтің қорытындылары

Жүк айналымы 2001 жылы 2000 жылға қарағанда 10 670 млн. т-км, немесе 8,5%-ға өсті. Жүк айналымының өсуі тасымалданған жүк көлемінің 12,0 млн. тоннаға (7,0%-ға) өсуінен және жүктерді тасымалдаудың орташа қашықтығының 10,6 км-ге (1,5%-ға) артуына байланысты. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік өнім өндіру көлемінің 2001 жылы 2000 жылмен салыстырғанда 13,5%-ға артуы жүк айналымы өсуінің негізгі себебі болды.

2002 жылы жүк айналымы 2001 жылғыға қарағанда 2565 млн. т/км-ге, немесе 2%-ға төмендеді. Жүк айналымының төмендеуі көмір мен мұнай жүктерін тиеу көлемінің төмендеуімен байланысты.

2002 жылы жүктерді жалпы тиеу өткен жылдың деңгейінен 1%-ға төмен болды.

2001 жылы барлық жүктерді тиеудің ең жоғары көлеміне қол жеткізілді. Бұл көрсеткіш көмір тиеудің көлемін 77 876,5 мың тоннаға дейін арттыру есебінен алынды.

2001-2002 жылдардағы жүк тасымалдарының көрсеткіштері мынадай кестеде келтірілген:

Көрсеткіштер	Өлш.бірл.	2001	2002
Жүк айналымы	млн.т-км	135652,9	133088,4
с о н ы ң	і ш і н д е :		
Республикаішілік	млн.т-км	60386,7	60647,9
Шығару	млн.т-км	59188,3	55242,4
Әкелу	млн.т-км	7631,1	7853,5
Транзит	млн.т-км	8446,8	9344,6
Тасымалданған жүктер	мың	183771,5	178661,3
		т о н н а	
с о н ы ң	і ш і н д е :		
Республикаішілік	мың тонна	99576,1	99419,7
Шығару	мың тонна	70648,2	65166,3
Әкелу	мың тонна	7962,0	7940,3
Транзит	мың тонна	5585,2	6135,1
1 тонна жүк тасымалының орташа қашықтығы		738,2	744,9 км
с о н ы ң	і ш і н д е :		
Республикаішілік	км	606,4	610,0
Шығару	км	837,8	847,7
Әкелу	км	958,4	989,1
Транзит	км	1512,4	1523,1

2001-2002 жылдарда одан әрі жалғасқан экономикалық өсудің шарттары, темір жол жолаушы тасымалдарына тұтынушы сұранысының артуы осы жылдар ішінде өткен жылдардың деңгейінен асуға мүмкіндік берді.

Жолаушылар айналымы 2002 жылы 65,2 млн. жолаушы-км, немесе 2001 жылдың деңгейінен 0,6%-ға жоғары болды. Жолаушылар айналымының өсуі, жолаушылар саны 4.1%-ға (877 мың адам) азайғанда жолаушылар тасымалы орташа қашықтығының 23,5

км - ге өсуімен байланысты.

2001-2002 жылдардағы жолаушы тасымалдарының көрсеткіштері келесі кестеде келтірілген:

Жолаушы тасымалдарының көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем	2001	2002
		б і р л і г і	
Жолаушылар айналымы	млн.ж-км	10383,5	10448,7
с о н ы ң і ш і н д е :			
қаламаңындық	млн.ж-км	455,3	304,6
жергілікті және тікелей	млн.ж-км	9928,2	10144,1
Тасымалданған жолаушылар	мың адам	21571,3	20694,3
с о н ы ң і ш і н д е :			
қаламаңындық	мың адам	6260,4	5186,5
ж е р г і л і к т і және тікелей	мың адам	15311,0	15507,8
Жолаушы тасымалдарының орташа	мың км қ а ш ы қ т ы ғ ы	481,4	504,9
с о н ы ң і ш і н д е :			
қаламаңындық	мың км	72,7	58,7
ж е р г і л і к т і және тікелей	мың км	648,4	654,1
Жөнелтілген жолаушылар	мың адам	16066,0	14947,1
с о н ы ң і ш і н д е :			
қаламаңындық	мың адам	6070,6	4985,0
ж е р г і л і к т і және тікелей	мың адам	9995,4	9962,1
Жолаушы жолаушылар саны	вагонындағы адам/ваг	26,0	25,9

Қазақстанда темір жол көлігіндегі жолаушылар айналымы көлемінің негізгі үлесі (95%-дан артық) жергілікті және тікелей қатынастағы поездарға келеді.

Негізгі қызметтен түсетін кірістер 2002 жылы 165 449 млн. теңгені құрады, бұл 2001 жылғы деңгейден жоғары. Жүк айналымы төмендегенде жүк тасымалдарынан түсетін кірістердің артуы транзиттік, ішкі және импорттық жүк айналымы көлемдерінің артуымен, халықаралық қатынаста жүк тасымалдары тарифтерінің артуымен, теңгеге қатысты швейцар франкі мен американ долларының өсуімен түсіндіріледі.

Негізгі қызметтің шығыстары 2002 жылы (әкімшілік және жалпы шығыстарды қоса алғанда) 115 209 млн. теңгені құрады, бұл 2001 жылғы деңгейден төмен. Осы төмендеу 2001 жылы тасымалдау бойынша шығыстарда жолаушы тасымалдарының тікелей шығыстарының ескерілуімен байланысты. Сондай-ақ "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-та 2002 жылдың ішінде шығыстарды оңтайландыру жөнінде іс-шаралар өткізілді.

2002 жылы таза кірістің 2001 жылмен салыстырғанда 80,3%-ға өсуі жүк тасымалдары көлемінің 1,9%-ға төмендеуіне қарамастан, жүк тасымалдарынан түсетін кірістердің 14%-ға артуына байланысты, бұл тасымалданған жүк құрылымының өзгеруі ("қымбат жүктердің" үлесі артты) есебінен барлық қатынас түрлерінде кіріс ставкаларының артуына, 2001 жылдың 2-тоқсанынан бастап жүк тасымалдары тарифтерінің 7%-ға жоғарылауына, теңгеге қатысты валюта бағамының өсуіне, сондай-ақ "ҚТЖ" РМК-ның "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ болып қайта ұйымдастырылуына байланысты құрылымдық өзгерістерге: еншілес кәсіпорындардың бір бөлігі акционерлік қоғамдар болып бөлініп шығуына байланысты болды. Алайда негізгі фактор жаңа заңнамаға сәйкес ұйымдастыру рәсімдерінің ұзақтығына байланысты жөндеу бағдарламасын толық игермеу болып табылды, осының салдарынан конкурстар уақтылы өткізілмеді, материалдарды жеткізу мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары уақтылы жасалмады, сондай-ақ ескі жарамды материалдар, жаңғыртылған қосалқы бөлшектер мен бөлшектер уақтылы пайдаланылмады.

2002 жылы таза кірісті бөлу "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

Даму қоры	- таза кірістің 65,1% -ы,
Тұтыну қоры	- таза кірістің 13,9%-ы,
Қоғам Президентінің қоры	- таза кірістің 11%-ы,
Дивидендтік қор	- таза кірістің 0%-ы,
Резервтік капитал	- таза кірістің 10%-ы.

Дебиторлық берешектің деңгейі 2003 жылғы 1 қаңтарға қарағанда 39 075 млн. теңгені, ал кредиторлық берешектің деңгейі 42 300 мың теңгені құрады.

2002 жылдың қорытындысы бойынша "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың таза кірісі 20 924 млн. теңгені құрады, бұл 2001 жылғы деңгейден 80,3%-ға жоғары.

Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары қозғалыс қауіпсіздігін

бұзушылықтар саны ұдайы төмендеп отырды және 2002 жылы 343 оқиғаға жетті. 2002 жылы 1997 жылмен салыстырғанда бұзушылық оқиғаларының саны 1 085 оқиғаға (4,2 есе) кеміді, сол уақытта жүк және жолаушылар қозғалысындағы тасымалдар көлемі (келтірілген өнім) 20,4%-ға артты. 2003 жылы 2002 жылмен салыстырғанда да бұзушылық оқиғаларының саны 17 оқиғаға келгені байқалады.

Есептік кезеңде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жүргізілген жұмыс тиімділігінің артқандығын барлық қозғалыс түрлеріндегі тасымалдау жұмысының бірлігі - 1 млрд. тонна-километр бруттоға келетін бұзушылықтар санының айтарлықтай төмендеуі көрсетіп отыр.

Жұмыс бірлігіне келетін (1 млрд.т-км бруттоға) бұзушылықтардың саны

Диаграмманы қағаз мәтіннен қараңыз

Тасымалдарға деген сұраныстың болжанып отырған өсуі жағдайында саланың негізгі қорларының тозуы дәрежесінің жоғары болуы оларды ағымдық күтіп ұстауға және жөндеуге көп шығындарды талап етеді, темір жол көлігінің технологиялық тұрақтылығын жоғалту қауіпін тудырады және инвестициялардың айтарлықтай қажеттілігін белгілейді.

2001 жылы сала 24 млрд.теңге мөлшеріндегі инвестицияларды игерді, бұл 2000 жылғы деңгейден 43%-ға жоғары. 817 жартылай ашық вагон, 53 цистерна және 19 жабық вагон сатып алынды; жаңа материалдарды пайдалана отырып 237 км жол жөнделді; Хромтау-Алтынсарин жаңа темір жол желісінің құрылысы басталды; Ақсу-Дегелең желісі пайдалануға берілді; Ұзынағаш-Алматы электрлендірілген учаскесі пайдалануға берілді; Арыс-Түркістан-Шиелі учаскесіндегі талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысы аяқталды және пайдалануға қабылданды.

2002 жылы инвестицияларды салудың негізгі бағыттары Хромтау-Алтынсарин желісінің құрылысын жалғастыру, Жаңасемей-Конечная темір жол учаскесінің жолын қайта жаңарту және электрмен жабдықтау, сигнал беру және байланыс құрылғыларын жетілдіру, Ұзынағаш-Алматы учаскесін электрлендірудің іске қосу кешеніне кірмеген екінші кезекті жұмыстарын аяқтау, 150 км жолға күрделі жөндеу жүргізу, төрт Talgo вагонын сатып алу болды. 2002 жылы Достық станциясын дамыту жөніндегі іс-шаралар кешені жүргізілді, соның ішінде Т (кедендік) паркіндегі эстакаданың және тапсыру кеңсесінің құрылысын аяқтау, сондай-ақ тазалау құрылыстарын, шаруашылық - ауыз су сұтартқышын салу. Бұл ретте 2002 жылғы инвестициялардың көлемі 14,6 млрд. теңгені құрады.

2003 жылғы көрсеткіштер

Жүк айналымы 2003 жылы 147 672,3 млн. т-км-ді құрады (жүк тиеу көлемінің өсуі есебінен 2002 жылға қарағанда 11,0%-ға артты).

Жолаушылар айналымының өсуі 2,3%-ды (10686 млн. жол/км) құрады. Бұл ретте жолаушылар тасымалының негізгі сапалық көрсеткіші - жолаушылар поездарының сыйымдылығы да - 25,9 адам/вагоннан 26,1 адам/вагонға өсті.

2003 жылы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың негізгі қызметінен 191 328 млн. теңге сомасында кіріс алынды, 2002 жылғы деңгейге қатысты жүк тасымалдары тарифінің өсуіне және жүк айналымының артуына байланысты 15,6%-ға артты.

Негізгі қызмет бойынша шығыстар (сатылған өнімнің өзіндік құны) 147 572 млн. теңгені құрады. 2003 жылы шығыстардың 28,1%-ға өсуі мынадай себептерден болды.

Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстардың 17,7%-ға өсуі ең аз есептік көрсеткіш пен ең аз еңбекақы мөлшерінің, сондай-ақ тасымалдау жұмыстары көлемінің өзгеруіне сәйкес 2003 жылғы 1 сәуірден бастап "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ қызметкерлері еңбекақысының арттырылуына байланысты болды.

Тозу элементі бойынша шығыстардың өсуі 60,4%-ды құрады. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 қаулысын іске асыру және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 281 Заңының 27-бабына сәйкес келтіру (акцияларға төлеуге енгізілетін мүлік оның ағымдағы нарықтық бағасын ескере отырып ақшамен бағаланады) мақсатында 2002 жылғы 1 шілдеге қарағандағы жағдай бойынша "БДО Қазақстан аудит" ЖАҚ тәуелсіз аудиторлық компаниясы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың негізгі құралдарын бағалауды жүргізді, соның нәтижесінде тозу сомасы 2002 жылдың шығыстарында ішінара және 2003 жылдың шығыстарында тұтастай алғанда артты.

"Материалдар" бабы бойынша шығыстардың өсуі 2002 жылмен салыстырғанда 48,9%-ды құрады, бұл инфляцияға және тасымалдар көлемін қамтамасыз ету мақсатында жүк вагондарын деполық және күрделі жөндеу көлемдерінің артуына; "Астана-Экспресс" жүрдек поезын іске қосуға байланысты жол жөндеу көлемдерінің артуына, жөндеу жүргізу мерзімі өтіп кеткен жолдар көлемінің азаюына байланысты. Бұдан басқа, бөгде ұйымдардың, сондай-ақ жөндеу кәсіпорындарының вагондарды жөндеу кезіндегі жұмсалатын шығындарын оңтайландыру үшін "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың меншікті материалдары өңдеуге беру шартымен барынша қолданылады.

2003 жылғы кезеңнің шығыстар 24 475 млн.теңгені құрады, бұл 2002 жылғы деңгеймен салыстырғанда 9 300,8 млн. теңгеге, немесе 61,3%-ға жоғары. Жалпы және әкімшілік шығыстардың 2002 жылмен салыстырғанда 2003 жылы 66,0%-ға артуы, ең алдымен, 2002 жылғы құрылымдық өзгерістерге байланысты. 2003 жылғы 5 қыркүйекте (N 9 хаттама) "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ Директорлар кеңесі бекіткен 2003 жылға арналған әкімшілік және жалпы шығыстар сметасына сәйкес осы шығыстардың артуы мынадай факторларға байланысты болды:

іссапар шығыстары - 872 теңге мөлшеріндегі АЕК-тың артуы және іссапарлар санының артуы есебінен (ауыр жол техникасын, қосалқы бөлшектерді сатып алу және қызметкерлерді осы жабдықтармен жұмыс істеуге оқыту мақсатында алыс шетелдерге);

біліктілікті жоғарылатуға жұмсалған шығыстар - бекітілген оқыту жоспарына сәйкес (2002 жылы құрылымдық қайта құруларға байланысты оқыту жоспары о р ы н д а л м а д ы) ;

банк қызметтерін көрсету - банктер комиссиясына және жаңа шоттарды ашуға байланысты жұмсалған шығыстардың артуы есебінен;

қайырымдылық көмек - осы бөлімге сондай-ақ демеушілік көмекке жұмсалатын шығыстар енгізілген, олар 2003 жылы президент қорынан көмек көрсету есебінен а р т т ы ;

әлеуметтік салаға жұмсалатын шығыстар - оқу орындарын жергілікті атқарушы органдарға тапсыруға байланысты әлеуметтік саланың осы объектілерін күрделі жөндеуді қаржыландыру есебінен;

салық бойынша шығыстар - Қазақстан Республикасы Кіріс министрлігінің тексеруі нәтижесінде 1998-2000 жылдары үшін 5 025 млн. теңге мөлшеріндегі корпоративтік салықты қосымша төлеуге, ҚҚС-ты, жергілікті бюджетке салықтарды қосымша есептеу 2003 жыл үшін айыппұл санкцияларын төлеу есебінен;

күмәнді борыштарға жұмсалатын резервті жасаудан өскен шығыстарға байланысты өндірістік сипаттағы жалпышаруашылық шығыстардың өсуі;

металл сынықтарын өткізу көлемінің өсуіне байланысты өткізу жөніндегі шығыстардың ұлғаюы.

"Өзге" шығыстардың құрылымы кестеде берілген:

м ы ң т е ң г е

Р/с N	Шығыстардың атауы	С о м а с ы
1	Қызметкерлерге және осы ұйымда жұмыс істемейтін тұлғаларға (теміржолшы зейнеткерлерге) төленетін әлеуметтік мұқтаж. дықтарға арналған төлемдер	311 080
2	Ғимараттарды паспорттау және иеленуді тіркеу	10 083
3	Жер салығын есептеуге арналған кестені жасау	196
4	Жер учаскелерін пайдалану құқығына құжаттарды ресімдеу (мем.актілерді жасау)	265
5	Ұйымдарды тіркеу	1 159

6	Білім алуға материалдық көмек беру	291
7	Спорттық олимпиадаға қатысуға материалдық көмек беру	3 3 4
8	Мерзімдік, ғылыми-техникалық әдебиетке жазылу жөніндегі шығыстар, бланктерді, нормативтік-әдістемелік нұсқауларды сатып алу	32 063
9	Оңтайландырғыштық ұсыныстар үшін сыйақы	28
10	Жолаушылар көлігінің жол жүру билеттері	2 604
11	Автокөлікті күтіп ұстау жөніндегі шығыстар	4 939
12	Мемлекеттік баж	97
13	Оқу демалысы	2 566
14	Картриджге, принтерге ұнтақ салу	3 357
15	Көрсетілген медициналық қызметтер	52 242
16	Көрсетілген сараптама қызметтері	3 095
17	Көшірме жасау жөнінде көрсетілген қызметтер	29 196
18	Көрсетілген нотариалдық қызметтер	2 078
19	Мөртабандар мен мөрлер жасау	912
20	Почта шығыстары	639
21	Инкассация үшін шоттарды төлеу	55
22	Ұйымдастыру техникасын багаждық вагонда тасымалдау	1 8
23	Жарнама мен хабарландыруға жұмсалатын шығыстар	8 575
24	"Фаворит" АБЕ бағдарламасы бойынша есептеу орталығы көрсеткен қызметтер	13
25	Электр энергиясын, жылу энергиясын сату жөніндегі қызметтерді көрсетуге лицензиялар алу	10 565
26	Күзет-өрт сигналдарын беру бойынша шығындар	19 755
27	Пластикалық карточкаларды, визиткаларды жасау	2 223
28	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	55 689
29	Залалды өтеу, протездеу	28 893
30	Автокөлікті сақтандыру	28 019
31	Металл сынықтарының, көмірдің құнын қайта есептеу	3 5 1 3
32	Бланк өнімдерін жасау	1 532
33	СЭС көрсететін қызметтер	16
34	"ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың жаңа логотипін әзірлеу	1 258
35	Көрсетілген авиақызметтер	2 306
36	Көрсетілген заң қызметтері	2 526
37	Вагондардың жолдан шығып кетуінің	

	фотосуреттерін жасау	936
38	Ғимараттарды күтіп ұстау, аумақты абаттандыру	9 323
39	Студенттер мен оқушыларға арналған шәкіртақылар	15 106
40	Стендтерді құрастыру және бөлшектеу	1 046
41	Айыппұлдар, өсімақылар, сот шығындары	18 893
42	Кеден декларацияларын ресімдеуге есептемелер ж а с а у	1 6 5 1
43	Көрсетілген консулдық қызметтер	5 545
44	Луговая станциясындағы тұрғын үйлерді күрделі жөндеу	54 631
45	Вагондарды сертификаттау	417
46	Таразыларды тексеру	9
47	Көрсетілген байланыс қызметтері, Интернет, желілік қоршау көлемінің артуы	5 983
48	Көрсетілген мұрағат қызметтері	425
49	Қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	285 370
50	Көрсетілген баспахана қызметтері	356
51	Локомотивтер бойынша сенімділік талдауы	61
51	Асыраушысын жоғалту бойынша төлемдер	1 066
52	Алыс және жақын шетелде өкілдерді ұстау	25 539
53	Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау жұмыстарын қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар	972
54	Филиалдарда тәжірибе алмасу бойынша семинарлар ө т к і з у	2 9 1
55	НҚ амортизациясына түзетулер енгізу	32 547
56	Кеден шығыстары	4 861
57	Сейфтерді жөндеу, ауабаптағыштарды орнату	1 317
58	ТМҚ-ны есептен шығару	2 777
59	Әкімшілік басқару, бағдарламалау жүйелері мен құралдарын жетілдіру бойынша шығыстар	4 871
60	Электр энергиясының нормативтік шығындарын е с е п т е у	6 9
62	Кеден декларациясын ресімдеу	8
63	Көрсетілген аудармашының қызметтері	12 874
64	Конференция өткізу жөніндегі шығыстар	2 455
65	ТЖЫҰ-ның 2003 жылғы мүшелік жарналарын төлеу	17 530
66	Қор биржасының тізілімінен үзінді көшірмелердің берілгені үшін төлем жасау	2

67	Жобаға (ЕҚҚДБ-ның т.ж.саласының шағын және орта кәсіпорындарын кредиттеуі) қатысы бар қаржылық құжаттамасын әзірлеуге, талқылауға және шолуға байланысты шығыстарды өтеу	1 591
68	"ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың кредиттік рейтингін қолдау	14 702
69	Листингтік алым	1 698
70	Поездар қозғалысының кестесін жасау	1 500
71	Есепке жатқызылған ҚҚС-қа түзетулер енгізу	5
73	Өткен жылғы қателерге түзетулер енгізу	22 389
74	Қызметкерлер санын қысқарту бойынша жұмыстан шығардағы жәрдемақы	6 401
75	Зейнетақыларға үстемелер, зейнетке шығушыларға берілетін біржолғы жәрдемақылар	26 549
76	Темір жол көлігі жөніндегі дирекцияның (Мәскеу қаласы) қызметін қамтамасыз ету	32 607
77	"Тальго" жолаушылар вагондарына арналған бақылау сынақтары	1 730
78	ЕҚҚДБ өкілдеріне шығыстарын өтеу	690
79	"Қайрат" футбол командасының жарнамалық акциясы	63 910
80	Шекті жол берілетін шығарындыларды, экологиялық паспорттарды әзірлеу	4 934
81	Шағын станциялар мен разъездерді дамыту бағдарламалары бойынша шығыстар	110 889
82	Монографиялар шығару, мұражайға скафандрдың үлгісін жасау	2 875
83	Луговая станциясындағы жер сілкінісіне байланысты ТЖСЖҚ ААҚ объектілерін күрделі жөндеу	1 191 9
Өзге жалпы және әкімшілік шығыстардың жиынтығы	1 433 500	

Орталық аппарат қызметкерлерінің орташа тізімдік санының 2003 жылы 2002 жылға қарағанда 26,0%-ға артуы 2002 жылы орташа тізімдік саны "ҚТЖ" РМК-ның (қаңтар-мамыр) және "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың (маусым-желтоқсан) қызметін ескеріп есептеумен түсіндіріледі. Өз кезегінде "ҚТЖ" РМК орталық аппаратының саны 988 адамды құраған, оған орталық аппараттарының қызметкерлер саны 1 001 адам болатын "Жүк тасымалдары", "Локомотив", "Инфрақұрылым" және 3 вагон компаниясы еншілес мемлекеттік кәсіпорындары қызметкерлерінің саны кірмеген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы N 310 қаулысына сәйкес аталған еншілес кәсіпорындар "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың құрамына кірді және 2002 жылғы 1 маусымнан

бастап орталық аппарат қызметкерлерінің саны 1 519 адамды құрады. Орталық аппарат қызметкерлері санының 2003 жылы нақты артуы болған жоқ. 2004-2006 жылдары орталық аппарат қызметкерлерін 800 адамға дейін едәуір қысқарту жоспарланып отыр.

Шығын элементтері бойынша өзіндік құн құрылымы мындай болып қалыптасты:

еңбекақы төлеу қоры	-	27 778	млн. теңге;
әлеуметтік аударымдар	-	5 926	млн. теңге;
материалдар	-	19 655	млн. теңге;
отын	-	19 146	млн. теңге;
электр энергиясы	-	6 253	млн. теңге;
жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге ақы төлеу	-	36 075	млн. теңге;
амортизация	-	27 338	млн. теңге;
өзгелер	-	3 701	млн. теңге;
төленген айыппұлдар және ТМЗ өткізу	-	1 700	млн. теңге.
Барлығы	-	147 572	млн. теңге.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 93-1 бұйрығына сәйкес 2002 жылғы маусым-желтоқсандағы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың 10 550,1 млн. теңге мөлшеріндегі таза кірісі төмендегідей бөлінді:

Даму қоры	-	65,1%	(6 862,9 млн. теңге),
Тұтыну қоры	-	13,9%	(1 471,7 млн. теңге),
Қоғам Президентінің қоры	-	11%	(1 160,5 млн. теңге),
Резервтік капитал	-	10%	(1 055 млн. теңге).

Даму қоры толығымен 2003 жылы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың инвестициялық бағдарламасын қаржыландыруға бағытталды.

Тұтыну қорының ақшасы Салалық тарифтік келісімде және Ұжымдық шартта көзделген әлеуметтік мақсаттағы шығыстардың орнын толтыруға, Қоғамның әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыруға, демеушілік және қайырымдылық қызметке бағытталады. Тұтыну қоры 2003 жылы былай пайдаланылды:

Тұтыну қоры 2003 жыл	Жоспар	Нақты	Жоспарға %
Әлеуметтік жеңілдіктер	796,1	819,3	102,9%
Әлеуметтік саланы ұстау	540,1	722,4	133,8%
Қайырымдылық көмек	30,0	30,0	100,0%
Демеушілік көмек	105,5	104,6	99,1%

Барлығы **1 471,7** **1 676,3** **113,9%**

Қоғам Президентінің қоры "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ қызметкерлеріне дербес үстемеақылар және Қоғам Президентінің шешімі бойынша өзге де төлемдер төлеу мақсатымен ақша

жинақтауға арналған. Президент қорының қаражаты 2003 жылы мынадай болып пайдаланылды:

млн. теңге

Президенттің қоры 2003 жыл	Жоспар	Нақты	Жоспарға %
Әлеуметтік салықты		қоса	
алғанда, дербес үстемеақылар	430,0	434,3	101,0%
Демеушілік көмек	730,5	587,7	80,4%
Барлығы	1 160,5	1 022,0	88,1%

Резервтік капиталдың қаражаты "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың 2003 жылғы теңгерімінде көрсетілген.

2003 жылдың қорытындылары бойынша 17 732 млн.теңге оң қаржылық нәтиже алынды, бұл 2002 жылғы деңгейден 15,3%-ға төмен. 2003 жылы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың таза кірісінің 2002 жылмен салыстырғанда төмендеуі шығыстардың өсуінің кірістердің өсуінен асып кетуінен туындады.

2003 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге арналған таза кірістің үлесі 10%-ға тең болады деп болжанып отыр және 1 773,2 млн. теңгені құрайды. 2003 жылғы таза кірісті бөлу белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2003 жылғы 1 қаңтарға қарағандағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің деңгейі 46 955 млн. теңгені, ал кредиторлық берешектің деңгейі 59 295 млн. теңгені құрады.

2003 жылы "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың инвестицияларды игеруі 50 185 млн. теңгені, соның ішінде сыртқы заемдар есебінен 9 549 млн. теңгені, меншікті қаражат есебінен 40 636 млн. теңгені құрады. Бұл ретте ЕҚҚДБ желісі бойынша заем қаражаты жол техникасы мен жабдығын сатып алуға бағытталды, демек "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың осы қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелері сақталатын болады.

Инвестициялық қызметте магистралдық темір жол желісі инфрақұрылымының объектілерін қалпына келтіру негізгі орын алады. Оның ішінде жолды күрделі жөндеуге 8 237,2 млн. теңге, жолдың жоғарғы құрылысын жаңғыртуға 444 млн. теңге, жол машиналары мен жабдықтар сатып алуға 5 818 млн.теңге, Ұзынағаш-Алматы учаскесін электрмен жабдықтау құрылғыларын жаңартуды аяқтауға 135,4 млн. теңге және Екібастұз-Павлодар учаскесін электрлендіруді бастауға 1 457,4 млн.теңге, Ақтоғай-Достық учаскесін нығайтуға және Достық станциясын дамытуға (сұрыптау қуаттылықтарын, жүк ауласын, құрамдарды кедендік тексеріп қарауға арналған паркті дамытуға, қолданылып жүрген вагондардың орнын ауыстыру пунктін қайта жаңарту, шаруашылық-ауыз су сутартқышын, тазалау құрылыстарын салу және т.б.) 737,2 млн. теңге бөлінді.

Жаңа темір жол желілерін салудың мақсаты Қазақстан темір жолдарының тұйықталған желісін қалыптастыру болып табылады, ол жүктерді шектес мемлекеттердің темір жол учаскелерін пайдаланбай-ақ еліміздің аумағы арқылы қысқа маршруттармен тасымалдауға мүмкіндік береді.

Жаңа темір жол желілерін салу, сондай-ақ табиғи ресурстардың перспективті кен орындарын және жаңа өнеркәсіп орталықтарын игеру ауданаралық көлік байланыстарын оңтайландыру, жаңа көлік маршруттары мен транзит дәліздерін жасау сияқты ұлттық экономиканың маңызды міндеттерін шешу үшін қажет.

Алтынсарин-Хромтау жаңа желісін салған кезде Дружба станциясынан Озинки станциясына (Қазақстанның солтүстік батысында) дейін жүк тасымалдау қашықтығы 500 км-ге, ал Астана қаласынан Ақтау портына дейінгі қашықтық 2400 км-ге қысқарады. Транзиттік жүк ағындарында жүктің мынадай түрлері болады: кен, мұнай, астық, қара металдар. Жаңа желі бойынша болжанып отырған жүк тасымалдарының көлем жылына 10-12 млн. тонна жүкті құрайды.

Сондай-ақ, осы желіні салу оның маңындағы Қостанай және Ақтөбе облыстарының табиғи ресурстарының (темір кенінің, түсті металдардың, құрылыс материалдарының және т.б.) қоры бар аудандарының дамуына ықпал етеді. Кен орындарының көпшілігі салынып жатқан жолға таяу жерлерде орналасқан.

Аталған жобаны іске асыру алдымыздағы 20 жыл ішінде мыналарға қол жеткізуге: жүк массасын жол жүруде қысқартудан (қолданыстағы маршрутпен салыстырғанда), жүк жөнелтушілердің көлік шығындарын, айналым қаражаттарын, жол жүруді қысқартудан болатын пайдалану шығындарын (қолданыстағы маршрутпен салыстырғанда) - 256 935,0 млн. теңгеге; жолды пайдаланудан түсетін табысты - 34955 млн. теңгеге; бюджеттік түсімдерді - 14 955 млн. теңгеге үнемдеуге мүмкіндік береді.

Желінің пайдалану ұзындығы 402 км-ді құрайды. Жобаның құны 33 036 млн. теңгеге (ҚҚС-пен бірге) бағаланып отыр. Құрылыс мерзімі - 4 жыл. Жүргізілген есептеулерге сәйкес жоба пайдасының ішкі нормасы 1,3% құрайды. Келтірілген таза құны 607 млн. теңгеге тең. Бастапқы шығындардың өзін-өзі ақтау мерзімі дисконттауды ескергенде 18 жыл (дисконттық ставка 9%).

Осы жобаны қаржыландыру республикалық бюджеттен және "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-тың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Алтынсарин-Хромтау темір жол желісінің құрылысын жеделдету қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Алтынсарин-Хромтау" темір жол желісінің құрылысын қаржыландыруға қосымша қаражат тарту туралы" 2003 жылғы 4 тамызда N 781 қаулысы қабылданды.

2003 жылы Алтынсарин-Хромтау жаңа желісін салуға 4 170,8 млн. теңге бағытталды.

Ақпараттандыруға және байланысты дамытуға 953,7 млн.теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 1,9%-ың бағыттау жоспарланып отыр, соның

ішінде деректер беру желісін құруға 320,6 млн.теңге және ақпараттық жүйелерді енгізуге 87,4 млн. теңге. Диспетчерлік басқару жүйелерін енгізуге 309,5 млн. теңге (2 1 5 2 к м) ж ә н е б а с қ а л а р .

"Алматы-Астана учаскесінде жол жүру уақытын қысқарту" жобасының негізгі мақсаттары: осы учаскеде жолаушы поездарының жол жүру уақытын 12-14 сағатқа дейін қысқарту, болжанып отырған жолаушы және жүк ағындарын өткізуге жолды дайындау мақсатында, Алматы-Астана темір жолының өткізу және тасу қабілетін арттыру болып табылады. Учаскенің ұзындығы 1 331 км-ді құрайды. Осы жоба бойынша инвестициялардың көлемі 5 595 млн. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 11,1%-ын құрады.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға инвестициялардың көлемі 338 млн.теңгені құрады.

2003 жылғы инвестициялық жоспар толық көлемде игерілді.

1.4. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ты Дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

1.4.1. Мақсаттары мен міндеттері

Темір жол көлігін дамытудың негізгі мақсаттары мыналар:
жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз е т у ;

саланың одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ететін сапалы жаңа техникалық деңгейге к ө ш у ;

балама көлік дәліздері бойынша тасымалдардың ұдайы күшейіп отырған бәсекелестігі жағдайында Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру;
темір жол көлігі қызмет етуінің экономикалық қауіпсіздігіне қол жеткізу болып т а б ы л а д ы .

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін "ҚТЖ" ҰК" АҚ мынадай міндеттерді шешуді к ө з д е й д і :

өндіріс қуаттарын оңтайландыру, темір жол көлігінің тиімділігін арттыру;
жеке меншік секторды тарту есебінен бәсекелестік ортаны құру;
жоспарлау және бюджеттендіру жүйесін жетілдіру.

1.4.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу жолдарын таңдау

Темір жол көлігі саласын дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол

көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Темір жол көлігін реформалаудың негізгі бағыттары тиісті нормативтік-құқықтық базаны қамтамасыз ете отырып, саланы кезең-кезеңмен, экономикалық негізделген монополиясыздандыру және тасымалдау мен қамтамасыз ету қызметінде бәсекелестік ортаны қалыптастыру болып табылады.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық темір жол компаниясы (Магистралдық желі операторы) барлық тасымалдаушыларға магистралдық темір жол желісін пайдаланудың тең құқығын қамтамасыз етеді. Тасымалдау қызметіндегі бәсекелестікті дамыту меншікті (жалға алынған) жылжымалы құрамы бар жаңа тасымалдаушылардың пайда болуы есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Тасымалдаушыларды қалыптастыру процесі Қазақстан Республикасы темір жол көлігінің қызмет ету ерекшеліктерін, жүк айналымының ең жоғары көлемдері кезеңінде тасымалдарды тоқтаусыз қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып жүргізіледі.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген Ұлттық темір жол компаниясы мәртебесі берілетін болады.

2003 жылы Компанияның құрамында құрылған қызметі магистралдық темір жол желісін пайдалану және күтіп ұстау болып табылатын Магистралдық желі дирекциясы және поездар қозғалысын басқару мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету функцияларын орындайтын Тасымалдау дирекциясы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың құрылымдық бөлімшелері болып қалады.

Сонымен бірге 2003 жылғы қазанда қолда бар пайдалану локомотив деполары мен пайдаланылатын локомотив паркі негізінде "Локомотив" акционерлік қоғамы құрылды, оның бірден бір құрылтайшысы "ҚТЖ" ҰК" АҚ болып табылды.

"Локомотив" акционерлік қоғамының негізгі қызметі тасымалдаушылар мен магистралдық темір жол желісінің операторына тең құқықты жағдайларда локомотив тартымы қызметін көрсету және тартымдық жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекетаралық және арнайы тасымалдарды қамтамасыз ету үшін "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың мүкәммал вагондар паркі негізінде "Қазтеміржолкөлік" акционерлік қоғамы құрылды, ол жүк тасымалдары бойынша қызмет көрсететін Ұлттық тасымалдаушы болып табылады.

Негізгі қызмет кәсіпорнының қамтамасыз етуші сектормен өзара қатынастары нарықтық негізде құрылады, бұл қамтамасыз етуші сектордың өнімділігін арттыруға, қызметтердің өзіндік құнын төмендетуге қажетті қосымша ынталылықты тудырады. Артық қуаттылықтар экономиканың басқа секторларына қайта бағытталатын болады.

Қамтамасыз етуші сектор кәсіпорындарын тәуелді акционерлік қоғамдардың акцияларын сату арқылы бөлу жеке меншік инвесторларды тартуға алғышарттар тудырады.

"Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың негізгі, қамтамасыз етуші және сервистік қызметін қайта құрылымдау жөніндегі сызба және 2005 жылдан бастап жолаушылар тасымалдарын республикалық бюджеттен субсидиялауды бастау мыналарды көздейді:

Алматы вагон жөндеу зауыты "Жолаушылар тасымалы" ААҚ үшін жолаушы вагондарын күрделі жөндеуді орындай отырып, қамтамасыз етуші қызмет субъектісі болып табылады және қайта құрылымдау қағидаттарына сәйкес бөліп шығаруға жатады. Жеке "Алматы вагон жөндеу зауыты" АҚ құру ұсынылады, оның акциялар пакеті әрі қарай заңнамада белгіленген тәртіппен сауда-саттықтарда сатылады, оны ұйымдастыруды Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен "ҚТЖ" ҰК" А Қ ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ықтимал сатып алушылардың тарапынан мүдделілік болмаған жағдайда кредиттік міндеттемелердің сомасы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-та сақталады және магистралдық желі көрсететін қызметтер үшін төлемге (тарифке) енгізу есебінен өтеледі.

Кір жуу комбинаттарының қызмет көрсету рыногы "Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың ЛВЧД-лары орналасқан барлық қалаларда дамыған, бұл рынокқа кіру айтарлықтай инвестицияларды талап етпейді.

"Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың кір жуу комбинаттарын қолданыстағы заңнамаға сәйкес сауда-саттықта жекеменшік компанияларға сату болжанып отыр.

Негізгі қызметке бәсекелестікті енгізгенге дейін вагон-мейрамханаларда жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер ұсыну құқығын конкурстық негізде жеке кәсіпкерлерге сату немесе жалға беру көзделіп отыр.

Бұл ретте оларды тамақ өнімдерімен орталықтандырылған қамтамасыз етуден босату және оларға ассортимент тандау мен бағалар белгілеуде еркіндік беру қажет.

Вокзалдардың негізгі функциялары билеттерді сатуға және броньдауға арналған ұй-жай ұсыну, жолаушыларды анықтамалық-ақпараттық қызметтермен қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да қызметтерді көрсету болып табылады. "Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың вокзал шаруашылығы базасында "Вокзалсервис" АҚ құру болжанып отыр, оның бірден-бір акционері алғашында "Жолаушылар тасымалы" ААҚ болады.

"Вокзалсервис" АҚ 2004 жыл ішінде 1, 2, 3, 4 және 5 класты вокзалдарды жергілікті бюджеттерден субсидиялау мәселелерінің шешілуіне орай жергілікті атқарушы органдарға беруді жүзеге асыратын болады. "Вокзалсервис" АҚ-тың балансында кластан тыс Астана, Алматы-І, Алматы-ІІ, Ақтөбе және Қарағанды вокзалдары қалады, содан кейін оның акциялар пакетінің 100%-ын иелену және пайдалану құқығын кейіннен Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне беру арқылы мемлекеттік меншікке беріледі.

Вокзалдарды "Вокзалсервис" АҚ-қа және жергілікті атқарушы органдарға беру сауда алаңын жалға беруді ғана емес, жолаушылар мен жергілікті тұрғындарға қосымша сервис ұйымдастыруға, атап айтқанда, авиа және авто көлікке билет сатуды

жүзеге асыруға, сұранысы бар басқа да қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді, бұл олардың күтіп ұстауға жұмсалатын шығындарын өтейді.

Жолаушы вагондарын жөндеу қызметіне бәсекелестікті енгізу мақсатында "Жолаушылар тасымалы" ААҚ-тың барлық филиалдары - жолаушылар вагон деполарын (ЛВЧД) дербес "Вагонсервис" АҚ-қа бөлу көзделуде, оның бірден бір акционері "Жолаушылар тасымалы" АҚ болып табылады.

Құрылған "Вагонсервис" АҚ-қа барлық жөндеу базалары беріледі және тиісінше ол шарттық негізде барлық жолаушы тасымалдаушыларға вагондарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсететін болады. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап "Вагонсервис" АҚ акциялар пакетінің 100%-ы кейіннен акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне тапсырылатын болып, мемлекеттік меншікке берілетін болады.

Негізгі қызметті қайта құрылымдау мынадай іс-шараларды өткізуді қамтиды:

"Қаламаңындқ тасымалдар" филиалының базасында осы акционерлік қоғамдарға филиалдың өзінің және "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың активтерін (электр, дизель поездары) бере отырып, өңірлік деңгейдегі бірқатар акционерлік қоғамдар құру ұсынылады.

Бұл қадам қаламаңындқ тасымалдар бойынша жалпы республикалық бір компания құруға қарағанда, екі жақты қатынасты тиімдірек жасауға мүмкіндік береді.

Қала маңындқ жолаушылар тасымалдарын жергілікті бюджеттерден субсидиялау мәселелері шешілген соң, қала маңындқ тасымалдар жөніндегі акционерлік қоғамдардың тиісті мүліктік кешендері жергілікті билік органдары жанынан құрылған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарға немесе акционерлік қоғамдарға берілетін болады.

Багажды қабылдау және жөнелту жөніндегі агенттік пункттер желісінің базасында тұрғындарға қызметтер кешенін көрсету үшін дербес "Багаждық тасымалдар" АҚ құру ұсынылады, оның бірден бір акционері "Жолаушылар тасымалы" ААҚ болып табылады.

Аталған шара сервистің сапасын көтеруге және клиенттер көбірек талап ететін, мысалы, "есіктен есікке дейін" сияқты қызмет көрсету нысанын енгізуді қоса алғанда, қызметтер кешенін кеңейтуді енгізуге мүмкіндік береді. "Багаждық тасымалдар" АҚ құрғаннан кейін оның акциялар пакетінің 100%-ы кейіннен акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне тапсырылатын болып, мемлекеттік меншікке берілетін болады.

1.4.3. Өндірістің даму серпіні

2 0 0 4 ж ы л .

Қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес тиісті тауар рыногында басым орын

алатын субъектілердің Мемлекеттік тізіміне енгізілген "Локомотив" және "Қазтеміржолкөлік" акционерлік қоғамдарын бөліп шығару жүргізілді. 2004 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ магистралдық желі операторы және тасымалдардан түсетін кірістерді ала отырып ұлттық тасымалдаушы функцияларын орындауды жалғастырады және құрылған "Локомотив" АҚ пен "Қазтеміржолкөлік" АҚ-қа локомотив тартымы мен вагон паркі көрсеткен қызметтері үшін төлем жасайды.

2004 жылғы 20 шілдеден бастан күшіне енумен, табиғи монополиялар заңнамаға сәйкес республикалық және халықаралық қатынастарда темір жол көлігімен жүк тасымалдау кезінде магистралдық темір жол желінің қызметтеріне тарифтер бекітілген. Осы шешім тасымалдау процесіне қатысушыларды темір жол көлігі жұмыс істеуінің жаңа жағдайларына бейімдеу мақсатында темір жол саласын аяғына дейін қайта құрылымдаудың аралық кезеңіне арналған уақытша шара болып табылады. 2005 жылдың басына қарай барлық тасымалдаушылар үшін магистральдық желіні пайдалану үшін тең төлемді енгізуге мүмкіндік беретін тарифтік басшылықты бекіту жоспарланып отыр, "ҚТЖ" ҰК" АҚ магистральдық желі көрсететін қызметтерден кіріс алатын болады. Тасымалдардан түсетін кірістер тасымалдау процесіне қатысушылар - "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "Локомотив" АҚ, "Қазтеміржолкөлік" АҚ және тәуелсіз тасымалдаушылар арасында бөлінетін болады.

Жоспарланып отырған жүк айналымы 2004 жылы жүктерді тиеу көлемінің өсуі есебінен 159 108 млн. т-км-ді құрайды (2003 жылға қарағанда 7,1%-ға артады).

2004-2006 жылдары магистралдық темір жол (бұдан әрі - МТЖ) қызметтері тарифтерінің өзгеруі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, яғни Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Компания өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын болады.

Жүк айналымы мен тариф көлемінің және құрылымының жоспарлы өзгеруіне байланысты 2004 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың негізгі қызметі бойынша кірістері 204 399 млн. теңге (соның ішінде МТЖ - 106 804 млн.теңге) сомасында жоспарланып отыр - 2003 жылға қарағанда 5,0%-ға артады.

Негізгі қызмет бойынша шығыстар (сатылған өнімнің өзіндік құны) 185 709 млн. теңге (соның ішінде МТЖ - 95 215 млн.теңге) деңгейінде жоспарланып отыр. 2004 жылы шығыстардың 2003 жылғы деңгейге қарағанда 25,8%-ға артуы мыналардың өсуіне байланысты жоспарланған:

- жол шаруашылығының негізгі құралдарын мерзімі өткен жөндеулерге көзделген шығындар мен құрылған "Локомотив" АҚ-тың (локомотив тартымы үшін) және Қоғамдардың инвестиция шығындарын (магистралдық тепловоздарды жаңғырту, жүрдек электровоздарды сатып алу, жылжымалы құрамды жанарту, жабдықтар мен механизмдерді сатып алу және т.б.) өтеуді көздейтін "Қазтеміржолкөлік" АҚ-тың (вагон паркімен қамтамасыз еткені үшін) "ҚТЖ" ҰК" АҚ-қа көрсететін қызметтеріне

жұмсалатын шығындар есебінен шоттарға ақы төлеу бойынша шығыстардың;

- Компанияны қайта құрылымдауға байланысты бөлінетін мүлікті бағалауға және "2004 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңында белгіленген 919 теңге мөлшеріндегі ең аз есептік көрсеткішке сәйкес іссапар шығындарының есебінен өзге шығыстардың;

- 2004 жылы еңбекақы қорының 2003 жылға қарағанда 9,2%-ға өсуі, ол 2004 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ қызметкерлерінің орташа тізімдік санын "Локомотив" АҚ (16 396 адам) және "Қазтеміржолкөлік" АҚ (656 адам) акционерлік қоғамдарының бөлініп шығуын ескергенде, 2003 жылға қарағанда 13,9%-ға азайтуға (2003 жылы 78 831 адам) қарамастан 35 756 млн. теңгені құрайды; бұл Ұжымдық шартқа сәйкес "ҚТЖ" ҰК" АҚ қызметкерлерінің еңбекақысының ең төменгі тарифтік ставкасы "2004 жылға арналған мемлекеттік бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 505-II Заңында белгіленген 6 600 теңгені құрайтын ең аз еңбекақы мөлшерінен төмен болмауы тиістілігіне байланысты (өсуі 32%). 2004 жылғы қаңтарда және ішінара ақпанда еңбекақы қорына және "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың орташа тізімдік қызметкерлер санын есептеуге "Локомотив" АҚ-тың (локомотив бригадалары) және "Қазтеміржолкөлік" АҚ-тың (6 филиал) еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығындары мен орташа тізімдік қызметкерлер саны енгізілген, аталған көрсетілген Қоғамдардың қызметтерін сатып алу 2004 жылғы 1 ақпаннан басталды.

Еңбекақы төлеу қорын арттыру Қазақстан Республикасының Үкіметі, республикалық кәсіподақ бірлестіктері және республикалық жұмыс беруші бірлестіктері арасындағы 2003-2004 жылдарға арналған бас келісім шеңберіндегі жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған.

2004 жылға кезең шығыстары 17 651 млн.теңге сомасында (соның ішінде шығыстар МТЖ - 15 362 млн.теңге) жоспарлануда, бұл 2003 жылғы деңгейден 6 824 млн.теңгеге не м е с е 2 7 , 9 т ө м е н .

Кезең шығыстарын азайту мынадай баптар бойынша жоспарланған:

- әлеуметтік салаға арналған шығыстар (ведомствалық балалар оқу мекемесін жергілікті атқарушы органдардың теңгерішіне беру);

- іске асыру жөніндегі шығыстар (металл сынықтарын іске асыру жөніндегі функциялы "Сауда үй АҚ-ға беру");

- қайырымдылық көмекке арналған шығыстар;

- салықтар бойынша шығыстар (мемлекеттік және жергілікті бюджетке салықтар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жоспарланып отыр және 2003 жылға қарағанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1998-2000 жылдар кезеңіндегі тексеру актілеріне сәйкес 2003 жылы нақты салықтарды есептегенге дейінгіге қарай төмендетілгендей көрінеді).

2004 жылға жалпы және әкімшілік шығыстар 16 313 млн. теңге сомасында (соның ішінде МТЖ - 14 261 млн.теңге) көзделген, өткен жылдың осындай кезеңімен

салыстырғанда кейбір шығындар баптарының артуы болды:

- "коммуналдық шығыстар" бабы бойынша 48,5%-ға, бұл қайта құрылымдауға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 928 қаулысына сәйкес жоспарланған тұтыну бағалары индексі ескере отырып коммуналдық қызметтерге бағалардың өсуіне байланысты жалға алынатын үй-жайлар көлемінің артуынан туындаған;

- "қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар" бабы бойынша 126,1%-ға, бұл шарттардың кеш жасалуы салдарынан 2003 жылы игерілмеген қаражат сомаларының 2004 жылға өтуіне, сондай-ақ бухгалтерлерді Қазақстан Республикасының қаржылық есептеменің халықаралық стандарттарға өту бағдарламасына сәйкес бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына оқыту қажеттілігінен туындаған байланысты;

- "байланыс қызметтері" бабы бойынша 24,0%-ға, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі бекіткен "Көліктелеком" ААҚ тарифтерінің 2003 жылғы 1 сәуірден және 2004 жылғы 1 сәуірден бастап өсуіне байланысты;

- "консультациялық (аудиторлық) және ақпараттық қызметтер" бабы бойынша 311,1%-ға, бұл тапсырылатын, иеліктен шығарылатын мүлікті бағалауға, дербес филиалдарға бөлінетін (саланың қайта құрылымдануына байланысты) құрылымдық бөлімшелердің аудитіне сыртқы консультанттар көрсететін қызметтерге қажеттіліктен туындаған;

- "банк қызметтері" бабы бойынша 7,8%-ға банктердің комиссияларына және жаңа кредиттік желілердің шоттарын ашуға және мәмілелер жасасу (хеджирлеу) жөніндегі шығыстардың өсуіне байланысты;

- "мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізу" бабы бойынша 96,2%-ға, бұл темір жолдың 100 жылдығын тойлау жөніндегі іс-шаралардың өткізілуіне байланысты;

- "өзге де шығыстар" бабы бойынша 47,1%-ға, Компания қарауындағы жерлерді жоспарлы тіркеуге және паспорттауға ("ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ-тың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы қаулысына сәйкес); жерлеуге және зейнеткерлерге атаулы көмекке (ең аз есептік көрсеткіш пен ең аз зейнетақының артуына байланысты), жазғы лагерлерге балалардың жолдамаларын сатып алуға, қызметкерлерге жолдамалар сатып алуға (Компания қызметкерлерінің балаларына), санаторлық-курорттық емдеуге материалдық көмек көрсетуге; Көтермелеу және марапаттау ережесіне сәйкес компания қызметкерлерін көтермелеуге арналған шығыстардың артуынан қарай.

2004 жылдың қорытындылары бойынша 580 млн. теңге мөлшерінде оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр, бұл өткізілген өнімнің (тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының негізгі қызмет шығыстарының 5,0%-ға өсуінен 25,8%-

ға өсуіне байланысты. Сатылған өнімнің (тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының өсу қарқынының кірістердің өсу қарқынынан асып түсу үрдісі кірістердің өсуі көрсетілетін қызметтердің төмен тарифтерімен кідіртуіне байланысты, ал шығыстардың өсуі сатып алынатын материалдар, отын-энергетикалық ресурстар мен қызметтер бағаларының озық қарқынмен өсуіне байланысты.

2 0 0 5 ж ы л

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес 2005 жылдан бастап "ҚТЖ" ҰК" АҚ магистралдық темір жол желісінің операторы және поездар қозғалысын басқару функцияларын орындайтын болады, "Қазтеміржолкөлік" АҚ-тан және басқа да тәуелсіз тасымалдаушылардан магистральдық темір жол желісін пайдаланғаны үшін төлем түрінде кіріс алады.

"Локомотив" АҚ негізгі қызметі тасымалдаушылар мен магистралдық темір жол желісінің операторына кемсітпеушілік шарттарда локомотив тартымы көрсететін қызметті және тартымдық жылжымалы құрамға көрсететін техникалық қызметті ұсыну болып табылады.

Болжамданып отырған жүк айналымы жүк тиеу көлемінің өсуі есебінен 2005 жылы 170 355 млн. т-км-ді құрайды (2004 жылға қарағанда артуы 7,1%).

2005 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың Компанияның тұрақты өндірістік-қаржылық қызметі және инвестициялық қажеттіліктерін жабу үшін қажетті негізгі қызметтен түсетін кірісі кемінде 158 642 млн. теңгені құрауға тиіс.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың негізгі қызметі бойынша шығыстары (сатылған өнімнің өзіндік құны) шамамен алғанда 122 538 млн. теңгені құрайды.

2005 жылы шығыстардың төмендеуі 2004 жылғы деңгейге қарағанда 33,1%. Бұл құрылымдық қайта құрулармен түсіндіріледі.

2005 жылдың қорытындылары бойынша 12 000 млн. теңге мөлшерінде оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр.

"Қазтеміржолкөлік" АҚ-қа келетін жүк айналымының үлесі тәуелсіз тасымалдаушылардың пайдасына төмендейді және 2005 жылы жалпы жүк айналымынан 55,7% құрайды. Негізгі қызметтен кірістер 105 886 млн. теңгені, шығыстар 99 855 млн. теңгені құрайды, таза кіріс 3 490 млн. теңге мөлшерінде болжамданып отыр.

"Локомотив" АҚ-тың негізгі қызметінен кірістері 69 869 млн.теңге, шығыстары 62 833 млн. теңге, таза кірісі 3 800 млн. теңге мөлшерінде болжамданып отыр.

2 0 0 6 ж ы л

Болжамданып отырған жүк айналымы жүктерді тиеу көлемінің өсуі есебінен 2006 жылы 182 318 млн. т-км құрайды (2005 жылға қарағанда артуы 7,0%).

2006 жылы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың Компанияның тұрақты өндірістік-қаржылық

қызметі және инвестициялық қажеттіліктерін жабу үшін қажетті негізгі қызметі бойынша кірістері кемінде 171 108 млн. теңге құрауы тиіс.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың негізгі қызметі бойынша шығыстары (сатылған өнімнің өзіндік құны) шамамен алғанда 130 805 млн. теңгені құрайды.

2006 жылы шығыстардың өсуі 2005 жылғы деңгейге қарағанда 13,3%-ды құрайды.

2006 жылдың қорытындылары бойынша 14 244 млн. теңге мөлшерінде оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр, бұл 2005 жылғы деңгейден 18,7%-ға жоғары.

2004-2006 жылдар кезеңінде шығыстардың өсуі мына факторлардың негізінде жоспарланған: тасымалдау көлемінің өсуі, тұтыну бағалары индексінің болжамдық өсуі, дизельдік отын бағасы мен АҚШ доллары бағамының өсуі, тұтыну бағасы индексіне алғандағы 1 квт-сағат электр энергиясы бағасының өсуі, негізгі құралдарды сатып алудан және объектілерді іске қосудан тозудың артуы. Еңбекақы қорының өсуі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжамдық көрсеткіштеріне сәйкес ең аз еңбекақының өсуіне сәйкес болжамданып отыр.

Күрделі қаржы салымдарының көлемі

2004-2006 жылдары Компания 98 903,9 млн.теңге көлемінде күрделі қаржы салымын жоспарлап отыр, оның ішінде 2004 жылы - 29 903,1 млн.теңге, 2005 жылы - 31 851,1 млн.теңге, 2006 жылы - 37149,7 млн.теңге.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың 2004-2006 жылдарға арналған күрделі қаржы салымдарының жоспарланған көлемі

млн . теңге

N р / с	Ж о б а л а р	Ж ы л д а р			
		2004	2005	2006	Барлығы
1.	Инфрақұрылымды және дамыту:	21100,1	21019,0	25697,2	67816,3
2.	Алтынсарин-Хромтау желісін салу	1739,0	1171,0	0,0	2910,0
3.	Ақпараттандыру және байланысты дамыту	1901,4	4894,6	5963,4	12759,4
4.	Жобалау-іздістеу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	499,5	512,7	522,0	1534,2
5.	Ресурс сақтау				

технологияларын енгізу	333,0	341,8	348,0	1022,8
6. Басқадай жобалар	4330	3912	4619,1	12861,1
Сала бойынша барлығы	29903,1	31851,1	37149,7	98903,9

Болжамданып отырған кезеңге арналған өзіндік құнының құрылымы мына кестеде берілген:

Өзіндік құн құрылымының элементтері	Өлш.бір.	2004*	2005	2006
еңбекақы төлеу қоры	млн.теңге	31 129,1	31 360,5	33 521,6
әлеуметтік аударымдар	млн.теңге	5 525,0	5 503,8	5 883,0
материалдар	млн.теңге	16 673,2	17 357,4	18 517,4
отын	млн.теңге	6 485,9	1 698,5	1 802,0
электр энергиясы	млн.теңге	7 909,2	8 381,5	8 965,5
жұмыстар мен қызметтерге ақы	млн.теңге	88 551,1	27911,3	30269,9
амортизация	млн.теңге	24 808,8	25 998,2	27 253,7
өзге де	млн.теңге	4 417,9	4 326,7	4 591,7
Жиыны:	млн.теңге	185 709,1	122 537,9	130 804,8

* - 2004 жылғы 1-тоқсанның шығыстарына ТМҚ сату жөніндегі нақты шығыстар енгізілген

Әлеуметтік мәселелер

Ұйым қызметкерлері мен зейнеткерлеріне арналған, ұйымның таза кіріс есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік жеңілдіктер Салалық тарифтік келісіммен және Ұжымдық шартпен реттеледі. Бұдан басқа, "ҚТЖ" ҰК" АҚ елді мекендерден алыс жерлерде тұратын темір жол көлігі қызметкерлерін білім беру және медицина мекемелерінің қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында меншікті қаражаты есебінен қоса қаржыландыруды жүзеге асырады.

Әлеуметтік бағдарламаның негізгі бағыттары:

еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар, жұмыспен қамту деңгейін арттыру есебінен және 2002-2009 жылдарға темір жол көлігін қайта құрылымдауды ескере отырып, темір жол саласының білікті кадрларға мұқтаждығын қанағаттандыру;

Компания қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, зейнеткерлерге әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру;

еңбек міндеттерін орындаған кезде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

сақтандыру шартын Компанияға енгізу;

3, 4, 5-класс станцияларында, озу пункттері мен разъездерде тұратын сала қызметкерлері үшін тіршілік етудің негізгі жағдайларын (сумен, жылумен, электрмен жабдықтау) құруға жәрдем беру;

әлеуметтік әділдік қағидасы бойынша зейнеткерлерге атаулы көмек көрсету тетігін әзірлеу;

саланы реформалауға байланысты жұмыстан босатылатын қызметкерлерді әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін қамтамасыз ету;

Компания қызметкерлерінің санаторлық-курорттық емделуіне және мемлекет кепілдік беретін ақысыз медицина көмегін алуына ықпал ету;

аурулардың профилактикасы жөніндегі шараларды (медициналық тексерулерді, вакцинацияларды ұйымдастыру және т.б.) жандандыру;

3, 4, 5-класс станцияларында, озу пункттері мен разъездерде тұратын теміржолшылардың мектеп жасындағы балаларының ақысыз білім алуға деген құқығын іске асыруға көмектесу;

қызметкерлерді спорттық шараларға қатысуға тарту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау және қызметкерлердің мәдени демалысын ұйымдастыру.

Қоршаған ортаны, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

1998 жылы "Қазақстан темір жолы" РМК-ның қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі 1998-2005 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы әзірленген. Жыл сайын:

шаң, газ ұстағыш жабдықты орнату, қазандықтарды қатты отыннан газдық отынға немесе электрмен жылытуға көшіру есебінен атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын азайту;

жаңа тазарту құрылыстарын пайдалануға беру және жұмыс істеп тұрған тазарту қондырғыларын қайта жаңарту есебінен ағын сулармен ластағыш заттардың шығарылуын азайту;

суды пайдаланудың айналымдық және қайталама-бірізді жүйелерін енгізу;

су өлшегіштер мен жылу тұтынуды есептегіштерді орнату;

бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру;

аумақтарды, кірме жолдарды, бөлінген алқаптарды мұнай өнімдерінен және өндірістің басқа қалдықтарынан тазарту, ағаштар мен бұталарды отырғызу, қорғағыш ағаштар алқаптарын дамыту, металл сынықтарын және өндірістің басқа да қалдықтарын уақытша сақтауға арналған алаңдарды жабдықтау;

қызмет ету мерзімі аяқталған, құрамында сынабы бар лампаларды демеркуризацияға (қайта өңдеуге) тапсыру;

экологиялық-нормативтік құжаттаманы - атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың шектеулі-рауалы нормативтер жобаларын, ағын сулармен ластаушы заттарды шығару нормативтерінің жобаларын; кәсіпорындардың экологиялық паспорттарын, атмосфераға зиянды заттарды шығару көздерін түгендеу есептеулерін

әзірлеу немесе оларға түзетулер енгізуді көздейтін табиғатты қорғау қызметтері жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Еңбекті нормалау және еңбекті ұйымдастыру мәселелерінде "ҚТЖ" ҰК" АҚ "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы", "Еңбекті қорғау туралы", "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады.

Пайдаланылатын технологиялардың техникалық деңгейінің төмендігінен және негізгі қорлардың тозуынан, өндірістік ортаның жағдайына бақылау жасауға арналған бақылау-өлшеу құралдарының жетіспеушілігі мен жетілдірілмегендігінен өндірістегі еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерінің көкейтестілігі туындайды.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұйымдастырушылық, техникалық, әдістемелік, өндірістік, санитарлық-гигиеналық және басқа да іс-шаралар кешені негізінде құрылған. Осыған байланысты "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың құрылымдық бөлімшелерінде кінәратсіз және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау үшін санитарлық-сауықтыру іс-шаралары, жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар, еңбек жағдайларын жақсарту және өндірісте ауруға шалдығудың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаттары:

өндірістік жарақат алушылықтың алдын алу және оны төмендету;
еңбек қызметінің барысында қызметкердің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларды туғызу;

еңбекті қорғауды ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

Өндірісті басқару тиімділігін арттыру, еңбекті ұйымдастыру және көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) өзіндік құнын төмендету жөніндегі "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тағы жұмыстың негізгі бағыттарының бірі еңбекті нормалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады.

Темір жол көлігіндегі еңбекті нормалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру қажеттілігі өндірістік процестердің күрделілігіне және өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Жаңа технологияларды, жаңа техниканы енгізу, өндірісті жаңғырту және автоматтандыру өндірісті ұйымдастыру және басқару тиімділігін арттыруға әсер етеді.

Осыған байланысты осы жұмыс өндіріс шығындарын және, тиісінше, саладағы тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) азайтудағы еңбек нормаларының рөлін нығайтуға бағыттталатын болады.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ персоналының нормативтік саны үлгілік еңбек нормалары негізінде есептеледі, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінде келісіледі және Қазақстан Республикасының Көлік және

коммуникациялар министрлігі бекітеді.

2004-2006 жылдардағы кезеңде "ҚТЖ" ҰК" АҚ-та техника мен өндіріс технологиясының қол жеткізілген деңгейіне сәйкес еңбектің қазіргі заманғы ұйымдастыру-техникалық жағдайларына жауап беретін еңбек жөніндегі нормативтік базаны (уақыт, еңбек сыйымдылығы, қызметкерлер саны нормативтерін және т.б.) құру к о з д е л і п о т ы р .

Бұдан әрі еңбекті нормалауды жетілдіру, еңбек нормаларын қайта қарау және (немесе) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен қайта келісу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. "ҚТЖ" ҰК" АҚ қызметкерлерінің еңбекақысы еңбек өнімділігінің деңгейіне және қызметтерді сатудан алынатын кірістерге байланысты өсетін болады.

1.4.4. Бағамен тарифтік саясат және оның негіздемесі

90-шы жылдардағы инфляция деңгейіне қарағанда темір жол тасымалдарына тарифтер деңгейінің өсу қарқынының төмен болуы салдарынан темір жол көлігі негізгі құралдарының қарқынды ескіруі үрдісі қалыптасты, бұл өсіп келе жатқан тасымал көлемдерін қамтамасыз етуге және қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндірді.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын 2002 жылғы 16 мамырда қабылдау және сонымен бір уақытта "Қазақстан темір жолы" РМК мен оның еншілес кәсіпорындарын акционерлендіру рәсімін өткізу көрсетілетін қызметтер мен тауарларды сатып алуға дер кезінде конкурстар дайындауда және ұйымдастыруда кідірістер туғызды, бұл жоспарланған инвестициялық бюджеттің толық игерілмеуіне ә к е л і п с о қ т ы .

2002 жылы негізгі қорлардың қордаланған тозуын және игерілмеуді жою үшін кейінгі жылдарға күрделі қаржы салымдарын күрт арттыру қажет. Мәселен, 2004-2006 жылдары "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың инвестициялық бюджеті 98 903,9 млн. теңге мөлшерінде ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Республика экономикасында да, темір жол саласы ішінде де болып жатқан процестерді ескере отырып, темір жол тарифтерін мемлекеттік реттеу қағидаларын өзгерту қажеттілігі туындады.

Бұл ретте магистралдық желіні пайдалану үшін төлемді табиғи монополия саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган заңнамамен белгіленген тәртіппен белгілейтін болады.

Темір жол көлігіндегі тарифтік саясатты жетілдіруді жолаушылар тасымалын жүк тасымалы есебінен тоғыспалы қаржы бөлуден бас тартпай жүргізу мүмкін еместігін атап өту қажет. Жүк тарифтерінен осылайша құрылатын "жолаушылық құрамдас бөлікті" алып тастау олардың деңгейін төмендетуге, демек, қазақстандық темір жолға қосымша жүк ағындарын тартуға және елімізде өнеркәсіп өндірісін ынталандыруға

м ү м к і н д і к

б е р е д і .

Қаламаңындық қатынастағы жолаушы тасымалдарының шығындары, магистралдық темір жол желісін пайдаланғаны үшін төленетін төлемді ескере отырып, 2003 жылдан бастап жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырады. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң, 2005 жылы жолаушылар тасымалын республикалық бюджеттен қаржыландыру болжанып о т ы р .

Барлық елдерде дерлік темір жол көлін реформалау жолында алғашқы қадам іс жүзінде темір жол жолаушылар тасымалдарының әлеуметтік маңыздылығын растайтын іс-тәжірибе көпшілік таныған болды. Жолаушылар тасымалдары, соның ішінде ТМД елдерінде құрастырылған жолаушы вагондарын тасымалдау бойынша магистральдық темір жол желісі шығыстарын жабуға арналған шығындарды толық өтеуді қамтамасыз ету үшін субсидиялық тәртібін ҚР заңнамасында бекіту қажет.

1.4.5. Қаржылық нәтиже және бюджетпен қарым-қатынастар

2004 жылдың қорытындылары бойынша 580 млн. теңге оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр, бұл 2003 жылғы деңгейден 96,7%-ға төмен, бұл сатылған өнімнің өзіндік құнының 25,8% өсуіне байланысты.

Бюджетке салықтар аудару:	
Корпоративтік табыс салығы	- 1 458 млн. теңге
Жеке табыс салығы	- 2 438 млн. теңге
Әлеуметтік салық	- 6 396 млн. теңге
Жер салығы	- 723 млн. теңге
Көлік құралдарына салынатын салық	- 18,3 млн. теңге
Мүлікке салынатын салық	- 3 580 млн. теңге
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем	- 34 млн. теңге
РЖ үшін төлем	- 6,5 млн. теңге.

2004 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге таза кірістің үлесі 10%-ға тең болады деп болжамдануда және жоспарланған таза кіріс кезінде 58 млн. теңгені құрайды.

2005 жылдың қорытындылары бойынша 12 000 млн. теңге оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр, бұл құрылымдық өзгерістердің және жалпы кірістің 93,2%-ға ұлғаюы нәтижесінде 2004 жылғы деңгейден жоғары.

Бюджетке салықтар аудару:	
Корпоративтік табыс салығы	- 6 368 млн. теңге
Жеке табыс салығы	- 2 584 млн. теңге
Әлеуметтік салық	- 6 780 млн. теңге

Жер салығы - 766 млн. теңге
Көлік құралдарына салынатын салық - 19,4 млн. теңге
Мүлікке салынатын салық - 3 795 млн. теңге
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем - 36 млн. теңге
РЖ үшін салық - 6,9 млн. теңге.

2005 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге таза кірістің үлесі 10%-ға тең болады деп болжамдануда және жоспарланған таза кіріс кезінде 1 200 млн. теңгені құрайды.

2006 жылдың қорытындылары бойынша 14 149 млн. теңге оң қаржылық нәтиже күтіліп отыр, бұл құрылымдық өзгерістер мен жалпы кірістің 11,6%-ға өсуі нәтижесінде 2005 жылғы деңгейден 18,7%-ға жоғары.

Бюджетке салықтар аудару:
Корпоративтік табыс салығы - 7 388 млн. теңге
Жеке табыс салығы - 2 739 млн. теңге
Әлеуметтік салық - 7 187 млн. теңге
Жер салығы - 812 млн. теңге
Көлік құралдарына салынатын салық - 20,2 млн. теңге
Мүлікке салынатын салық - 4 023 млн. теңге
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем - 38 млн. теңге
РЖ үшін салық - 7,3 млн. теңге.

2006 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге таза кірістің үлесі 10%-ға тең болады деп болжамдануда және жоспарланған таза кіріс кезінде 1 415 млн. теңгені құрайды.

Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салық сомасынан артық болуына байланысты "ҚТЖ" ҰК" АҚ бойынша бюджетке қосылған құн салығын төлеу жоспарланбайды.

Қосылма акционерлік қоғамдармен салық пен төлем сомаларының аударылу жоспары 1-ҰК, 2-ҰК, 3-ҰК қосымшаларында көрсетілген.

2. ДАМУДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2.1. Инвестициялық саясат және оның негіздемесі

Бүгінгі күні Қазақстанның темір жол саласында, негізінен, жылжымалы құрамның, жол техникасының, жол конструкциясының, негізгі өндірістік құралдарды жөндеу мен күтіп ұстау технологиясының сапалық ескірген модельдері пайдаланылуда. Темір жол саласының негізгі қорларының маңызды топтарының (жол, электрмен жабдықтау, сигнал беру мен байланыс құрылғылары, жылжымалы құрам) қызмет ету мерзімі бойынша тозу дәрежесі айтарлықтай. Мысалы, магистральдық тепловоздардың орташа

қызмет ету мерзімі бойынша нормативтік мерзімнің 85%-ына, маневрлік тепловоздар - 73%-ына, жүк вагондары - 69%-ына, электровоздар - 63%-ына, жолаушы вагондары - 61%-ына, жол - 54%-ына жетті. Тұтастай алғанда сала бойынша негізгі қорлардың табиғи тозуы 60%-ды құрайды.

Сонымен бірге Қазақстанның темір жол саласындағы соңғы бірқатар жылдар ішіндегі инвестициялық қызметке жасалған талдау инвестициялар көлемінің қысқартылуы үрдісін анықтады. 1992-1994 жылдары ішінде темір жол көлігінің жағдайы республика экономикасындағы жалпы дағдарыспен байланысты болды. Саланың жұмыс істеуі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өнімдері өндірісінің күрт төмендеуі, республиканың бұрынғы КСРО аймақтарымен экономикалық байланыстарының үзілуі, көлікті толықтыруға жұмсалатын инвестициялардың көп мәрте азаюы, негізгі өндірістік қорлардың (жылжымалы құрам, негізгі жол құрылғылары және т.б.) істен тез шығуы, ұйымдар мен халықтың көлік қызметіне деген төлем қабілеті бар сұранымының төмендеуі жағдайында өтті.

Қуат көздеріне, көлік құралдарына, жөндеу және құрылыс жұмыстары және өзге бағалардың бірнеше дүркін өсуі нәтижесінде темір жол көлігінің жұмысы да күрт күрделенеті.

Тұтастай, болжанып отырған тасымалдарға деген сұраныстың өсуі жағдайында саланың негізгі қорларының тозуы дәрежесінің жоғары деңгейі оларды ағымдағы күтіп ұстау мен жөндеуге көп шығынды талап етеді, темір жол көлігінің технологиялық орнықтылығын жоғалту қауіпін тудырады және инвестицияларға деген айтарлықтай қажеттілікті белгілейді.

Сонымен бірге, республикадағы жалғасын тауып отырған экономикалық өрлеу жағдайында темір жол саласындағы жеткіліксіз инвестициялық белсенділік қалыптасып отырған экономикалық жағдай талаптарына сай реформалау шеңберінде сала қызметінің тиімділігін арттыру үшін қажетті темір жол көлігін одан әрі тұрақты дамыту жолындағы негізгі кедергілердің бірі болуда.

Экономикалық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін темір жол көлігінің жай-күйі темір жол жүйесі тұрақтылығының индикаторлары - белгілі бір негізгі ресурстық және нәтижелік көрсеткіштердің жиынтығымен сипатталуы тиіс, олардың шекті мәндерінің шегінде жүйе ұдайы қалпына келтіру мүмкіндігін жоғалтатын, ал оны жұмысқа қабілетті күйінде ұстауға жұмсалатын шығындар геометриялық прогрессиямен өседі. Айтарлықтай қаржылық шығындарсыз жүйе өзін өзі сақтауға қабілетсіз болып, экономикалық тиімсіз бола бастайды.

Негізгі өндірістік қорлардың тозу және ескіру деңгейі көліктің жұмыс істеу қабілетінің басты көрсеткіші болып табылады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, негізгі өндірістік қорлардың тозу және ескіру деңгейінің шекті мәні 50-55%-ды құрайды, сол уақытта олардың қалыпты жағдайы 30-40%-дан артпайтын тозу деңгейімен сипатталуы тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстан темір жол саласының негізгі

қорларының тозу және ескіру деңгейінің дәрежесі дағдарысты белгі - 60%-ға жетті (2-диаграмма).

2-диаграмма

Негізгі құралдардың тозуы

Диаграмманың суретін қағаз мәтіннен қараңыз

Компанияның инвестициялық саясаты темір жол көлігінің өндірістік базасы мен басқару технологияларын дамыту, шаруашылықты Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 109-1 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес келтіру, негізгі қорларды жетілдіру және жаңа технологияларды енгізу негізінде пайдалану шығыстарын қысқарту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеуге бағытталған.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың инвестициялық саясатының негізгі мақсаты техникалық деңгейді өсіру және көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру негізінде темір жол көлігінің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ету қажет:

- жол, энергетика және жүк шаруашылықтарын жаңғырту мен дамыту;
- сигнал беру және байланыс шаруашылықтарының техникалық жарақтануын арттыру ;
- тасымалдау процесін басқару жүйесін жетілдіру, жаңа ақпараттық жүйелерді енгізу .

Елдің экономикалық өрлеуі жағдайында темір жол көлігінің тиімді жұмыс істеуі үшін басты талаптар өз шығындарын қысқарту, бір мезгілде көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, тасымалдарға деген өсіп отырған қажеттілікті қанағаттандыру, сұранымның өзгеруіне икемді бейімделу болып табылады .

Темір жол саласының ұзақ мерзімдік даму стратегиясының жалпы мемлекеттік маңызы бар, өйткені темір жол көлігінің тұрақты жұмыс істеуі Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуының қажетті шарты болып табылады. Осы міндетті ескірген технологиялық процестер негізінде орындау мүмкін емес. Олардың көпшілігі ондаған жылдар бойы өзгеріссіз қала берді және қазіргі жағдайда темір жол көлігіне қойылатын талаптарға мүлдем сай емес .

Сондықтан саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, тұрақты өзгеріп тұратын қоршаған орта жағдайында, саланың базалық инвестициялық стратегиясы болуы қажет.

Нарықтық жағдайға жасалған талдау сала дамуының осы кезеңінде темір жол бизнесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін:

базалық инвестициялық стратегия ретінде қорғаныстық стратегияны қолдануды, яғни сала активтерінің өндіріс (тасымалдар) көлемінің өсуіне, сондай-ақ нарықтық үлестің ұсталуын және кеңейтілуін қамтамасыз етуді;

өндірістік саладағы функционалдық стратегия ретінде өндіріс көлемінің сапалық өсуін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік жүйенің техникалық қайта жарақтандырылуын жүзеге асыруды қолдану қажет.

Функционалдық стратегиялық бағдарламаны іске асыру үшін: техникалық жарақтандыруды жаңарту есебінен техникалық базаны кешенді жаңартуды;

қолданыстағы жабдықтар мен тетіктерді жетілдіруді; жаңа технологияларды енгізу арқылы негізгі қорларды қайта жаңғыртуды жүзеге асыру қажет.

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ инвестициялық қызметінің стратегиялық басымдылықтарын белгілеу мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- салынған капитал неғұрлым көп пайда беретін жерлерді анықтау;
- еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін прогрессивтік және үнемділігі жоғары инженерлік іс-шараларды енгізу, пайдалану шығыстарын төмендету және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру;

- ұсынылып отырған күрделі қаржы салымдарының негізделуіне баға беру;
- инвестициялық жобалардың тиімділігін есептеу;
- оларды енгізу әсері тұтастай республика экономикасының ауқымында бағаланатын жалпы салалық және әлеуметтік мәні бар сипаттағы инвестициялық жобалар.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттарды ескере отырып, Компанияның инвестициялық қызметінің басымдылықтары:

- магистралдық темір жол желісін сауықтыру;
- магистралдарды электрлендіру;
- темір жол саласын ақпараттандыру және байланысын дамыту;
- Достық-Алашанькоу халықаралық шекаралық өткелін дамыту болып табылады.

Орта мерзімдік кезеңге арналған (2006 жылға дейін) функционалдық стратегиялық даму бағдарламасын әзірлеген кезде оған енгізу үшін жобаларды таңдаудың негізгі өлшемі инвестицияларды жоспарлаудың негізгі қағидаттарына, атап айтқанда: Компанияның ұзақ мерзімдік даму стратегиясының іске асырылуын инвестициялық қамтамасыз етуге; шешімдердің ғылыми негізделуіне және оңтайлылығына; стратегиялық аспектілерінің басым болуына; бюджеттік теңгерімделуіне; кешенділігіне, атаулығына, үздіксіздігіне және т.б. сәйкестігі болды.

Саланың шектелген қаржылық мүмкіндіктері жағдайында жаңа экономикалық үлгіге - дамудың экстенсивті үлгісінен ресурс сақтаушы жоғары технологиялар мен саланы басқарудың жаңа жүйелеріне негізделетін үлгіге көшуімен сипатталатын инвестициялық стратегияны қолдану қажеттілігі ескерілгенін атап өту қажет (3-диаграмма). Мұндай стратегия инвестициялық ресурстарды экономикалық өсу

нүктелерінде шоғырландыру арқылы инвестициялық процестің түбегейлі қайта құрылуын талап етеді.

3-диаграмма *

2004-2006 жылдарға арналған инвестициялар көлемі

Диаграмманың суретін қағаз мәтіннен қараңыз

* Ескерту. 2004 жылдан бастап инвестициялар көлемінің кемуі саланың қайта құрылымдануына байланысты ("Локомотив" АҚ пен "Қазтеміржолкөлік" АҚ-тың құрылуы).

Темір жол көлігінің өндірістік базасын дамыту, негізгі қорларды жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу негізінде саланың пайдалану шығындарын қысқарту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру 2006 жылға дейін жеткіліксіз инвестициялаудың ұзақ процесі салдарларын жоюға мүмкіндік береді.

2.2. Инвестициялық бағдарлама

Инвестициялық бағдарлама инфрақұрылым бөлшектерін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес жаңғырту арқылы саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

Инвестициялық саясаттың қойылған міндеттері мен мақсаттарын ескергенде, Компанияның инвестициялық қызметінің басымдықтары мыналар:

- магистралдық темір жол желісін сауықтыру;
- магистралдарды электрлендіру;
- темір жол саласын ақпараттандыру және байланысын дамыту;
- Достық-Алашанькоу халықаралық шекаралық өткелін дамыту болып табылады.

Инвестициялық бағдарлама:

- инвестициялардың тиімділігі қағидаты;
- инвестициялардың баламалы құны қағидаты;
- инвестициялардың атаулығы қағидаты;
- инвестициялардың кешенділігі қағидаты;
- инвестициялардың мақсаттылығы қағидаты;
- ақша ағындарын дисконттау қағидаты сияқты инвестициялардың стратегиялық менеджментінің негізгі қағидаттарын ескере отырып, әзірленген.

Темір жол саласының, оның қайта құрылымдануын ескере отырып, 2004-2006 жылдар кезеңіне арналған инвестициялық қажеттіліктері 98 903,9 млн. теңгені құрайды және оған мынадай негізгі бағыттар кіреді.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың 2004-2006 жылдарға арналған инвестициялық қажеттіліктері

млн. теңге

N					
		2004	2005	2006	Барлығы
1.	Инфрақұрылымды қалпына келтіру және дамыту, оның ішінде:	21100,1	21019,0	25697,2	67816,3
	меншікті қаражат есебінен	17972,0	18472,0	25697,2	62141,2
	заемдық қаражат есебінен	3128,1	2547,0	0,0	5675,1
1.1.	Жолдың жаңғырту	жоғарғы	құрылысын		
	меншікті қаражат есебінен	9776,5	15373,0	20050,7	45200,2
	заемдық қаражат есебінен	0,0	2547	0,0	2547,0
1.2	Жол жабдық сатып алу	машиналарын	және		
	меншікті қаражат есебінен	4588,8	0,0	0,0	4588,8
	заемдық қаражат есебінен	1460,7	0,0	0,0	1460,7
	заемдық қаражат есебінен	3128,1	0,0	0,0	3128,1
1.3.	Екібастұз - Павлодар учаскесін электрлендіру				
	меншікті қаражат есебінен	4090,1	3349,6	3420,9	10860,6
	меншікті қаражат есебінен	4090,1	3349,6	3420,9	10860,6
1.4.	Достық станциясын дамыту				
	меншікті қаражат есебінен	2644,7	2296,4	2225,6	7166,7
2.	Алтынсарин - Хромтау т.ж.				
	желісін салу	1739,0	1171,0	0,0	2910,0
	меншікті қаражат есебінен	1739,0	1171,0	0,0	2910,0
3.	Ақпараттандыру және				
	байланысты дамыту	1901,4	4894,6	5963,4	12759,4
	меншікті қаражат есебінен	1501,4	1818,9	4699,7	8020,0
	заемдық қаражат есебінен	400	3075,7	1263,7	4739,4
3.1.	Деректер беру желісін құру және ақпараттандыру				
	жүйелерін енгізу	1636,7	4123,7	3800,7	9561,1
	меншікті қаражат есебінен	1236,7	1048,0	2537,0	4821,7
	заемдық қаражат есебінен	400	3075,7	1263,7	4739,4
3.2.	Диспетчерлік басқару				
	жүйелерін енгізу	264,7	770,9	2162,7	3198,3
	меншікті қаражат есебінен	264,7	770,9	2162,7	3198,3

4.	Жобалау-ізвестіру, зерттеу және	ғылыми- тәжірибелік-		
	конструкторлық жұмыстар	499,5	512,7	522,0 1534,2
	меншікті қаражат есебінен	499,5	512,7 522,0	1534,2
5.	Ресурс сақтау			технология.
	ларын енгізу	333,0	341,8	348,0 1022,8
	меншікті қаражат есебінен	333,0	341,8 348,0	1022,8
6.	Өзге де жобалар,			соның
	ішінде:	4330,1	3912,0	4619,1 12861,2
	меншікті қаражат есебінен	4330,1	3912,0	4619,1 12861,2
	Тасымалдау шаруашылығы	1387,3	908,5	1412,1 3707,9
1	Контингенттің оқу базасын			
	жетілдіру	166,5	273,4	275,0 714,9
2	Қазіргі заманғы жеке			
	байланыс құралдарын сатып			
	алу	79,9	68,4	80,0 228,3
3	Станцияларды жабдықпен			
	және техникалық құралдар.			
	мен жарақтандыру	1140,9	566,7	1057,1 2764,7
	Сигнал беру және			
	байланыс шаруашылығы	973,3	1293,8	1422,0 3689,1
1	АБҚАА аспаптарын ауыстыру	0,0	0,0	35,0 35,0
2	Технологиялық жабдықты			
	жаңарту	666,0	1059,6	1010,5 2736,1
3	АТ және С құралдарын			
	жаңарту және жетілдіру	274,0	200,0	342,0 816,0
4	Арнайы автомотокөлікті			
	жаңарту және енгізу	33,3	34,2	34,5 102,0
	Электрмен жабдықтау			
	шаруашылығы	1066,2	841,3	815,0 2722,5
1	Диагностикалық құралдар.			
	ды енгізу	561,6	367,9	463,0 1392,5
2	Техникалық қайта жарақ.			
	тандыру	504,6	473,4	352,0 1330,0
	Қозғалыс қауіпсіздігі	903,3	868,4	970,0 2741,7
1	Поездардың қозғалыс			
	қауіпсіздігін	903,3	868,4	970,0 2741,7
	қамтамасыз ету және			
	өртке қарсы қауіпсіздік			

Сала бойынша барлығы	29903,1	31851,1	37149,7	98903,9
	меншікті		қаражат	
есебінен	26375,0	26228,4	35886,0	88489,4
заемдық қаражат есебінен	3528,1	5622,7	1263,7	10414,5

Инвестициялардың көлемі мен бағыттары "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың Инвестициялық бағдарламасы заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігімен келіскен соң нақтыланады.

1.1. Магистралдық темір жол желісін қалпына келтіру және дамыту
Магистралдық темір жол желісін қалпына келтірудің негізгі мақсаты тасымалдарды тиімді және қауіпсіз орындау үшін оның техникалық жағдайын жақсарту болып табылады. Жолға салынатын күрделі қаржы локомотивтер мен вагондардың айналымын жақсартуға, жол мен жылжымалы құрамды күтіп ұстау мен жөндеуге арналған шығындарды қысқартуға байланысты жалпы жүйелік нәтиже береді.

2004-2006 жылдары басым күштер темір жол желісінің негізгі жолдарында шоғырланады. Жолдың барынша "тар", кедергілік деп аталатын учаскелерін нығайту жоспарланып отыр. Бұл ретте қазіргі заманғы жол техникасын пайдалануға және жол жұмыстарын кешенді механикаландыруға мүмкіндік беретін жол жөндеудің жаңа технологияларын енгізу болжанып отыр. Осы жұмыстарға 67 816,3 млн. теңге жоспарланып отыр немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 68,6%-ы.

Жол шаруашылығына темір жол көлігінің пайдалану шығыстарының 18%-ға жуығы келеді. Жер төсемін, су қайтарғы және су өткізу құрылыстарын, жолдың жоғарғы құрылысын (балластық призма, рельс-шпал торы, бағыттағамалы бұрмалар), көпірлер мен туннельдік өткелдерді және басқа объектілерді ағымдық күтіп ұстауды, жөндеудің барлық түрлері мен қайта жаңартуды қамтамасыз ету үшін жол шаруашылығы жол дистанцияларының, жол машина станциялары мен басқа кәсіпорындардың ауқымды жүйесіне иелік етеді.

Соның өзінде тасымалдардың өсуіне қарай поездардың қозғалыс жылдамдықтарын арттыруды, қолданыстағы жеке пункттерді (разъездерді, станцияларды) кеңейтуді және қосымша жеке пункттерді ашуды, екінші жолдарды салуды, автобұғаттауды енгізуді және тартым күшінің алдыңғы қатарлы түрлеріне және т.б. көшуді қамтамасыз ететін жұмыстарды орындау есебінен тасу және өткізу қабілетін арттыру қажет. Осындай шараларды жүзеге асыру темір жол көлігінің қосымша объектілерін салуға, қазіргі қолданыстағы объектілерін қайта жаңарту мен техникалық қайта жарақтандыруға тиісті күрделі қаржы салымдарын талап етеді.

Жол шаруашылығы объектілерін салу мен қайта жаңарту шаруашылықтағы сигнал беру, байланыс және есептеу техникасы құрылысымен және қайта жаңартуымен тығыз байланысты. Бұл шаруашылықтың басты міндеті поездар қозғалысын басқарудың

автоматтандырылуын қамтамасыз ету болып табылады, бұл темір жол желілерінің өткізу және тасу қабілетін күрт арттырады. Осы автоматтандырудың негізін электр өткізгіштері ретінде рельс тізбектеріне орнатылған бағыттамаалар мен сигналдарды автобұғаттау мен электр орталықтандыру құрайды.

Осы шаруашылықтағы құрылыс пен қайта жаңарту жөніндегі жұмыстар, байланыс желілерін орнату және қызметтік объектілерді (электр орталықтандыру қосындарының ғимараттарын, байланыс үйлерін және т.с.с) тұрғызу жөніндегі таза құрылыс жұмыстарынан басқа, айрықша электр аппаратурасын құрастыру жөніндегі жоғары мамандандырылған жұмыстардың аса көптігімен сипатталады. Осы шаруашылықта аппаратура жұмысының сенімділігіне қойылатын ерекше жоғары талаптар, оның жұмысындағы олқылықтардың поездар қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретіндігіне байланысты. Құрылысшылар мен құрастырушылардың жұмысты орындау сапасына қойылатын жоғары талаптар да осыдан туындайды.

1.1.1. Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту

Магистралдық жолдарды дамыту, оларды қалпына келтіру мақсаттары оңтайлы бағыттар мен маршруттар бойынша республика аумағында жүктер мен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру, сондай-ақ елдің транзиттік әлуетін дамыту болып табылады. Соның өзінде, негізгі техникалық сипаттамалары бойынша (аралықтардағы бас жолдардың саны, поездар қозғалысының есептік жылдамдығы, автомобиль жолдарымен түрлі деңгейлерде қиылысуы және т.с.с.) қазақстандық темір жолдар халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді.

Осыған байланысты "Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту" жобасының мақсаты республиканың темір жолдарын тиісті жағдайға, халықаралық сапа талаптарына сәйкес келтіру болып табылады.

Жолдың шаруашылығын дамытудың негізгі басым міндеттері мыналар болып табылады:

1) қысқа мерзімдік:
темір жол бөлшектерінің жоспардан тыс жұмыс істемей қалу санын қысқартуды қамтамасыз ету;

жолдағы ақаулы рельстерді және жарамсыз шпалдарды ауыстыру;
"толаскездер" санын қысқарту;
пайдалану шығыстарын қысқарту;

2) орта мерзімдік:
магистральдық темір жолдарды түбегейлі қалпына келтіру;
темір-бетон рельсастылық негізге және бунақ ұзындығы блок-учаскесіне және аралыққа дейін болатын түйіспесіз жолға көшу. Пайдалануда үнемді серіппелі бекітпелерді қолдану есебінен түйіспесіз жол конструкциясын жаңғырту;

3) ұзақ мерзімдік:
қозғалыс жылдамдығын кеміту туралы ескертулердің санын, оны кеміту мөлшерін,

ескертулердің ұзақтығы мен күшінде болу учаскелерінің ұзындығын қысқарту; магистралдық темір жол желісінің өткізу қабілетін тасымалдардың бүкіл көлемін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейге дейін қамтамасыз ету.

Қаржылық есептеулер көрсетіп отырғандай, жоба дисконттық ставка 9% болғанда өзін-өзі ақтайтын болып табылады: пайданың ішкі нормасы 14%-ды құрайды; жобаның таза келтірілген құны 6 847 млн. теңге құрайды; жобаның өтемділік мерзімі - 8 жыл.

2004-2006 жылдары темір жолды жаңғырту және жаңарту есебінен қалпына келтіру көзделіп отыр. Поездардың қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін қамтамасыз ету үшін жұмыстар технологиясын, олардың сапасын сақтауға, объектілерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2000 жылғы 17 ақпандағы N 109-І бұйрығымен бекітілген Техникалық пайдалану ережесіне (бұдан әрі - ТПЕ) сәйкестікке келтіруге ерекше назар аударылады. Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, "Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту" жобасын енгізу өндірістік қажеттіліктен туындап отыр (темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ТПЕ-ні сақтау талаптары және т.с.с.), жоба экономикалық тиімді және міндетті үлгідегі инвестициялар санатына жатады.

Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту жаңа материалдарды пайдалана отырып жолдың күрделі жөндеуін, электрмен жабдықтау, сигнал беру және байланыс құрылғыларын жаңғыртуды, инженерлік құрылыстардың (көпірлер) қайта жаңартылуын, бағыттамалы бұрмалардың ауыстырылуын және т.с.с. көздейді. Ақаулы аралық құрылыстарды ауыстыру арқылы көпірлерді қайта жаңарту ерекше күрделі және құны қымбат іс-шара болып табылатынын атап өту қажет.

Жүрдек қозғалыс учаскелеріне (мысалы, Алматы-Астана, Астана-Көкшетау қатынасында) қойылатын негізгі талап - темір-бетон негізіне және серіппелі бекітпелердің төсемсіз түрлеріне кезең-кезең бойынша көшу.

Осыған байланысты, "КБ" және "Фоссло" конструкциялы бекітпелері бар темір-бетон шпалдардағы түйіспесіз жол салу арқылы жолдың күрделі жөндеуін орындау көзделіп отыр. Жолдың жоғарғы құрылысының аталған үлгілері мен конструкцияларын орнату есебінен жолды нығайту поездар қозғалысы жылдамдығын арттыруға ғана емес, пайдалану шығындарын азайтуға да, жол сенімділігін арттыруға да, поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Ақсу-Дегелең жаңа темір жол желісін пайдалануға бергеннен бері Жаңасемей-Дегелең учаскесіндегі жүк тасымалы 5 есеге өсіп, қазіргі кезде 8,6 млн.т.брутто/жылды құрап отыр. Осы учаскеде пайдаланылып отырған жол (ұзындығы 12,5 м Р-43 рельстері, артық өткізілген тоннажы бар) тасымалдардың өсіп отырған көлемін қамтамасыз етпей отыр. Осы учаскедегі қазіргі қозғалыс жылдамдығы - 40-60 км/сағат, бұл тасымалдардың өсіп отырған көлемін қанағаттандырмайды. Нормативті тоннаж 150 млн.т.брутто/км болғанда өткізілген тоннаж 234 млн.т.брутто/км-ді құрап отыр. Осыған байланысты жолдың жағдайын жақсарту және қозғалыс жылдамдығын

келешекте 80 км/сағатқа дейін көтеру үшін ұзындығы 25 м Р-65 үлгісіндегі рельстерге к е з е ң - к е з е ң м е н к ө ш у қ а ж е т .

Тұтастай алғанда, Қазақстан темір жолдарының жалпы ұзындығы 18,8 мың км-ден астам, соның ішінде бүгінгі күні 2 мың км-ден астамы - артық тоннаж өткізген, яғни күрделі жөндеуді талап етеді. Қаралып отырған кезеңде жана материалдарды қолдана отырып ұзындығы 900 км-ден астам жолды қалпына келтіру көзделіп отыр.

Жоба LIBOR+2% дейінгі ставка бойынша кредитті ішінара тартуды көздейді.

Тұтастай алғанда, Инвестициялық бағдарламада осы мақсатқа 2004-2006 жылдары 45 200,2 млн. теңге жоспарланып отыр.

Осы іс-шаралардың негізгі мақсаты поездардың жол жүру уақытын қысқарту, өткізу және тасу қабілетін арттыру болып табылады.

1.1.2. Жол машиналарын және жабдықты сатып алу

Қолда бар жол машиналар паркі тым тозған, пайдаланылып жүрген машиналардың басым бөлігі сапалық және табиғи тұрғыдан ескірген, өзінің моторесурсын тауысқан, бұл жолдың уақтылы және сапалы ұсталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Жолды ағымдағы күтіп ұстаудың қазіргі заманғы технологиялары барынша аз еңбек шығындарымен, бұл ретте поездардың қозғалыс жылдамдықтарын төмендетуге жол бермей, жолды жобалық күйінде күтіп ұстауға мүмкіндік беретін механикаландырылған кешендерді қолдануды талап етеді.

Ол үшін жолдың жоғарғы құрылысы материалдарының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оларды қайта жаңартудың кешенді жүйесін енгізу, ескірген жарамды рельстерді қалпына келтіру және жөндеу үшін рельс дәнекерлеу ұйымдарында тұрақты желілерді жабдықтау қажет. Сонымен, жол жұмыстарын сапалы орындау және жолды механикаландырылған ағымдағы күтуге көшу үшін кәсіпорындарды қазіргі заманғы тиімділігі жоғары машиналандырылған кешендермен, тетіктермен, жолдың жағдайын бақылау құралдарымен жабдықтау қажет.

Жол техникасын жаңарту мен жол жұмыстарын одан әрі механикаландырудың нәтижесі жолды жөндеу мен ағымдағы күтіп ұстауға арналған шығыстарды үнемдеуде б о л а д ы .

1990 жылдан бері іс жүзінде жол техникасының сатып алынбауына және негізгі құралдардың қарқынды ескіруіне байланысты, 2004 жылы жол техникасын, атап айтқанда динамикалық жол тұрақтандырғыштарын, шпалдарды механикалық ауыстыру жөніндегі кешендерді, жолды түзеуге арналған машиналарды және т.с.с. ЕҚҚДБ заемы және меншікті қаражаты есебінен 4588,8 млн. теңге сомасына сатып алу көзделіп отыр.

Жасалған есептеулерге сәйкес жоба пайдасының ішкі нормасы 11% құрайды, келтірілген таза құн 177,65 млн. теңгеге тең. Бастапқы шығындардың өтемділігі дисконттауды ескергенде 21 жыл болады (дисконттық ставка 9%).

1.1.3. Екібастұз - Павлодар учаскесін электрлендіру

Темір жол көлігі жұмысының экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін ең маңызды техникалық шаралардың бірі темір жолдарды электрлендіру болып табылады. Және де жүк тасымалдылығы жоғары болған сайын темір жол желілерін электрлендірудің экономикалық тиімділігі жоғары болады. Электровоздар энергияны жұмсау бойынша 33%-ға үнемдірек, оларды пайдалануға 2 есе кем шығын талап етіледі. Электр тартымындағы тасымалдардың өзіндік құнының үлесі тепловоз тартымындағымен салыстырғанда 1,6 есе төмен. Темір жолдарды электрлендіру оған іргелес аудандарды қуатпен жабдықтау проблемасын шешеді де, оларда қазіргі заманғы өндірістердің дамуына ықпал етеді (магистральдық темір жол желісі тұтынатын электр қуатының 20% тартымдық емес тұтынушыларға жұмсалады). Қоршаған ортаның ластануы едәуір төмендейді және экологиялық жағдай жалпы жақсарады.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы электрлендірілген темір жол желілерінің ұзындығы 28%-ға жуық және олардың үлесіне барлық темір жол тасымалдарының 54%-ға жуығы тиеді. Тұтастай алғанда темір жол саласын электрлендірудің мұндай деңгейі төмен деп саналады. Қазіргі күнге есептеулер бойынша, электр тартымындағы тасымалдарды 85% деңгейінде қамтамсыз ету оңтайлы деп саналады. Темір жолды электрлендірудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізу үшін электрлендірілген желілерге қосымша 3000 км-ге жуық темір жолды электр тартымына ауыстыру қажет.

Ұзындығы 234 км Екібастұз - Павлодар учаскесін (Ермак және Үшқұлын станцияларында жанасумен) электр тартымына көшіру Павлодар және Екібастұз өнеркәсіптік аудандарын қосу арқылы еліміздің орталық өңірін электрлендіруді аяқтайды. Жобаның құны - 11 560,6 млн.теңгеге бағаланып отыр, таза құны 977 млн. теңгеге тең, өтемділігі - 15 жыл.

Басы артық арзан электр энергиясының бар болуы пайдалану шығындарын және дизельдік отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ жыл атмосфераға шығарылатын зиянды заттарды жыл сайынғы шығарындысын 5 мың тоннаға азайтады.

1.1.4. Достық станциясын дамыту

Достық станциясы шекаралық қайта тиеу станциясы болып табылады және ол: мемлекеттік шекара арқылы өтетін поездарды қабылдау және жөнелту; жолтабан енінің ауысуына байланысты жүкті вагоннан вагонға қайта тиеу; жүк және жолаушылар вагондарын бір жолтабан арбашасынан басқа жолтабан арбашасына ауыстырып қою;

Қазақстан жолдарының жүйесіне жөнелтілетін және жүйесінен келетін құрамдарды құрастыру және тарату жөніндегі операциялардың толық кешенін орындайды.

Салынған қайта тиеу орындары қажетті тетіктермен толық жабдықталмаған. Шекарадан қайта тиеусіз, вагонның астындағы арбашаларын ауыстыру арқылы өтетін жүк тасымалдарының көлемі өсіп отыр. Соның өзінде қолда бар вагондардың орнын ауыстыру пунктінің қуаттылығы арбашаларды қою паркі сыйымдылығының

жеткіліксіздігімен және оның даму келешегінің болмауымен шектеліп отыр. Жұмыстардың негізгі көлемі ашық алаңдарда жүргізіледі, бұл станцияның климаттық жағдайында қауіпсіздік шарттары бойынша осы жұмыстарды орындау мүмкіндіктерін шектейді және тетіктердің мерзімінен бұрын тозуына әкеледі. Достық станциясының қазіргі жағдайы қызметтік және тұрғын үй-жайлардың жетіспеушілігімен, ұйымдастыру техникасының болмауымен сипатталады, бұл шекаралық операциялардың орындалу ұзақтығына теріс әсер етеді.

Ақтоғай - Достық дара жолдық темір жол желісі жергілікті тартым ауданындағы жүктердің, сондай-ақ халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктердің тасымалдануын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде осы желі жолдың техникалық жай-күйі бойынша халықаралық магистральдарға қойылатын талаптарға жауап бермейді. Бұдан басқа, басты конструктивтік параметрлері бойынша (алаңның ені, жол жағасы және т.с.с.) желінің жер төсемі қолданылып жүрген техникалық нормаларға сай емес. Осыған байланысты Трансазиялық магистраль бойынша болжанып отырған көлемдерде халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру үшін Ақтоғай-Достық темір жолын қалпына келтіру және қайта жаңғырту керек.

"Достық станциясын дамыту, Ақтоғай-Достық учаскесін нығайту" жобасы Достық-Ақтоғай учаскесінің 253-км-ін қайта құруды және жылына 6,8 млн. тонналық қазіргі бар көрсеткіштерімен салыстырғанда жылына 10 млн. тоннаға дейін өткізу қабілетін ұлғайту үшін Достық станциясының қайта өңдеу қабілетін нығайтуды көздейді. Ақтоғай-Достық халықаралық көлік магистралінің бас учаскесін нығайту және сенімді тасу қабілетін қамтамасыз ету жүк және жолаушы айналымы көлемін, Достық станциясының өңдеу қабілетін ұлғайтуға, пайдалану шығыстарын төмендетуге, сонымен темір жол көлігінің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кірістер жүк тасымалдары сызбасына сәйкес және Достық станциясының импорттық бағыттағы (Қытайдан) жүктер үшін 100% көлемінде шекарадан өту жөніндегі (қайта тиеу, арбашаларды ауыстыру және т.с.с.), экспорттық бағытта (Қытайға) тасымалданатын мұнайы мен рудасы бар вагондарды қайта орналастыру жөніндегі операцияларды орындағаны үшін алынатын қосымша алымдар есебінен ескеріледі.

2004-2006 жылдарға арналған жобаны қаржыландыру 7166,7 млн. теңгені құрайды, олар сұрыптау қуаттылықтарын, жүк ауласын, құрамдарды кедендік тексеру ауласын дамытуға, қолданылып жүрген вагондардың орнын ауыстыру пунктін қайта құруға, шаруашылық-ауыз су суаққысын, тазарту ғимараттарын салуға, А және Д парктерін жарықтандыруға қолданылады. Жүргізілген есептеулерге сәйкес, жоба пайдасының ішкі нормасы 37%-ды құрайды, таза келтірілген құны - 19 958 млн. теңге. Бастапқы шығындардың өтемділік кезеңі, дисконттауды ескергенде - 6 жыл (дисконттық ставка 9 %) .

Қытаймен жол қатынасында темір жол көлігімен тасымалдаудың тұрақты өсуін

қамтамасыз ету мақсатында "Достық-Алашанькоу халықаралық темір жол шекаралық өткелін, Ақтоғай-Достық темір жол учаскесін және Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктін одан әрі дамытудың 2004-2005 жылдарға арналған шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 870 қаулысы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес "ҚТЖ" ҰҚ" АҚ Достық станциясы мен Ақтоғай-Достық учаскесін дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

1.2. Алтынсарин-Хромтау темір жол желісін салу
2004-2005 жылдары Алтынсарин-Хромтау жаңа темір жол желісінің құрылысын аяқтауға арналған инвестициялар 2910,0 млн. теңгені құрайды. Мынадай жұмыстар кешені көзделіп отыр: жасанды құрылыстарды (көпірлерді, су өткізетін құбырларды) салуды аяқтау, атап айтқанда: құламаларды бекіту, рисбермдерді орнату, конустарды, реттегіш дамбаларды нығайту, жағалауларды бекіту жұмыстары; жер төсемін салу жөніндегі жұмыстарды аяқтау, соның ішінде тасқын суларды бұру, құламаларды бекіту және рекультивациялау; авторлық қадағалау, соның ішінде құрылыс кезінде анықталған ескертулерді ескере отырып, жұмыс құжаттамасын пысықтау.

1.3. Ақпараттандыру және байланысты дамыту
Темір жол көлігі дамуының дүниежүзілік тәжірибесі оның қызмет етуінің экономикалық тиімділігін арттыру қазіргі жағдайда байланыстың бірыңғай цифрлық желісімен біріктірілген, өнімділігі жоғары есептеу орталықтарына негізделетін ең жаңа ақпараттық жүйелерді пайдаланусыз мүмкін емес екендігін көрсетіп отыр.

Ақпараттандырудың осы күнгі деңгейі тасымалдау процесін, темір жол көлігінің инфрақұрылымын басқару жөніндегі жаңа ақпараттық технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның негізгі бөлігі 2005 жылға дейін жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Телекоммуникациялық желі мен автоматтандырылған басқару жүйелерін дамытуға мынадай жобалар кіреді:

жаңа автоматтандырылған тасымалдау процесін басқару жүйесін құру және есептеу кешендерін бірыңғай есептеу орталығына біріктіру;

автоматтандырылған диспетчерлік басқару орталығын құру;

қазіргі заманғы корпоративтік телекоммуникациялық желіні құру және т.б.

2004-2006 жылдар ішінде осы мақсатқа инвестициялардың көлемі 12759,4 млн. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінен 12,9%-ға жуығын құрайды.

Инвестициялардың болжанып отырған көлемдері желілік кәсіпорындарда ақпаратты енгізуден бастап орталықта қорыту және талдауға дейін, кәсіпорынның телекоммуникациялық кешені жүйесінің аяқталған үлгісін құруға мүмкіндік береді.

Жобаның негізгі экономикалық көрсеткіштері: жоба табысының ішкі нормасы 20,3%-ды құрайды; жобаның таза келтірілген құны 5926 млн. теңгеге тең, жобаның өтемділік мерзімі - 7 жыл.

1.3.1. Деректер беру желісін құру және ақпараттық жүйелерді енгізу Тасымалдау процесін басқарудың жаңа автоматтандырылған жүйесі орындалған жұмысты нормалауды, жедел жоспарлауды, реттеуді, есепке алу мен талдануды қоса, тасымалдау процесінің барлық кезеңдерінде, жүк тасымалдауға клиенттің тапсырыс беруін келісуден бастап тасымалдау процесін ұйымдастыруға дейін, барлық ақпараттық технологияларды біріктіретін бірыңғай жүйе болмақ. Оның құрылуын 2005 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Осы жоба шеңберінде қазіргі заманғы базалардан және тасымалдау процесі, жылжымалы құрам, инфрақұрылым деректерінің қоймасынан тұратын темір жол көлігінің сапалы жаңа ақпараттық ортасы құрылады.

Осы бағыт шеңберінде республиканың темір жол саласында GSM-R жүйесін енгізу жөніндегі жобаны іске асыру да көзделіп отыр. Мүмкіндіктері кең және темір жол көлігі үшін көптеген арнайы қосымшалары бар осы кешенді жүйені енгізу тасымалдау процесін ұйымдастыруды да, тұтастай алғанда Компанияның басқару жүйесін де айтарлықтай жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Жобаны іске асырудың негізгі нәтижелері оперативтік-технологиялық және жалпы технологиялық байланыс міндеттерін шешу; СОБ; радио арқылы жоғары жылдамдықты деректер беруге көшу; пайдалану шығыстарын және техникалық қызмет көрсету шығыстарын төмендету; еңбек өнімділігін арттыру болады.

Жобаның құны 4739,4 млн. теңгені құрайды (LIBOR+1% ставкасы бойынша ЕҚҚДБ кредиті қаражаты есебінен), іске асыру мерзімі - 2004-2006 жылдар. Жобаның негізгі экономикалық көрсеткіштері: жоба пайдасының ішкі нормасы 18%-ды құрайды; жобаның келтірілген таза құны 1 283,4 млн. теңгеге тең; өтемділік мерзімі - 4 жыл. Бұл ретте ЕҚҚДБ кредитін тарту мемлекеттік кепілдікті талап етпейді.

Бұл бағыттағы жобаларды қаржыландыру көздері компанияның меншікті және заемдық қаражаты болады. 2004-2006 жылдары инвестициялардың көлемі 9 561,1 млн. теңгені құрайды.

1.3.2. Диспетчерлік басқару жүйелерін енгізу

Тасымалдау процесін басқарудың осы күнгі жүйесі, техникалық жарақталуы мен басқару әдістері тасымалдау процесін оңтайландыру және поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі заманғы талаптарына жауап бермейді. Өз кезегінде алдын ала белгіленген уақыт кезеңдерінде поездарды тапсыру станцияларына жеткізуді үйлестіру мәселесі жол бөлімшелері арасындағы мемлекетаралық тапсыру станцияларында вагондарды қабылдау және тапсыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға әсер етеді және вагондар ағынының қозғалуына кедергі келтіреді. Поездарды мемлекетаралық тапсыру станцияларына келісілген түрде жеткізуді бірыңғай басқару орталығынан алынатын поездық жағдай туралы жедел ақпарат негізінде жүзеге асыруға болады.

Көлік қызметтері рыногының кез келген өзгерістеріне жедел жауап беру және

поездардың белгілі санаттарын өткізу жөніндегі жұмыстарда ұйымдастыру, сондай-ақ пайдалану қызметін басқару тиімділігін арттыру үшін тасымалдау процесін басқарудың қазіргі үш деңгейлік жүйесінен екі деңгейлік тігінен басқаруға көшу көзделіп отыр:

тасымалдарды басқарудың автоматтандырылған орталығы - жоғарғы деңгей;

тасымалдарды басқарудың өңірлік орталықтары мен басқарудың өңірлік орталықтары құқығындағы тораптық станциялар - төменгі деңгей. Жобаның құны - 3 747,0 млн.теңге. Іске асыру кезеңі - 2001-2006 жылдар.

2004-2006 жылдарға 3 198,3 млн. теңге мөлшерінде қаражат көзделіп отыр.

1.4. Жобалау-ізвестіру, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

Темір жол магистральдарын салу, неғұрлым экономикалық тиімді жобалар мен басқарушылық шешімдерді әзірлеу сияқты күрделі кешенді жобаларды жүзеге асыру салалық ғылым күшімен жүзеге асырылатын жобаларды үнемі ғылыми тұрғыдан сүйемелдеуді талап етеді.

Қазақстанның темір жолдары КСРО Қатынас жолдар министрлігінің құрамынан бөлініп шыққан соң барлық салалық ғылыми база Ресей мен Украинада қалды. Тасымалдарды дербес түрде желілік жоспарлау, техникалық және технологиялық процестерді ұйымдастыру, нұсқаулық-нормативтік жүйені қалпына келтіру тәжірибесі Қазақстанда темір жол шаруашылығының толыққанды ғылыми базасын құру қажеттігін көрсетті.

Соңғы жылдары жол шаруашылығында техникалық прогресс жоғары қарқынмен ілгерілеуде. Осы жол конструкцияларының сенімділігін арттыруды сөзсіз қамтамасыз ету кезінде поездар қозғалысы жылдамдықтарын арттыру қажеттіліктерінен де, қол еңбегінің көлемін азайту (жаңа машиналардың тұтас бір кешенін құру), аса тапшы болып бара жатқан сапалы ағаштың шығынын төмендетудің (ағаш шпалдарды, бағыттамалы бұрмалардың бұрмалы білеулерін, көпірлік білеулерді темір-бетон конструкцияларына ауыстыру) қатаң қажеттілігінен де туындайды, бұл өз кезегінде техниканың жаңа түрлерін және жаңа технологиялар жасауды талап етеді.

Осының бәрі Қазақстанда темір жол шаруашылығының толыққанды ғылыми базасын құру қажеттігін туғызып отыр. Сондықтан мыналар стратегиялық міндеттер болып табылады:

отандық салалық ғылымның дамуына жәрдемдесу;

Қазақстанның қолда бар іргелі және қолданбалы ғылымын (ғылымы-зерттеу институттары, өнеркәсіптің қорғаныс және басқа салаларының конструкторлық бюролары) темір жол саласының ғылыми-техникалық проблемаларын шешуге тарту.

Тасымалдардың қазіргі заманғы технологияларына көшу мақсатында темір жолдарды техникалық қайта жарақтандыру жалғастырылады, басқарудың қазіргі заманғы ақпараттық жүйесі енгізіледі, одан әрі халықаралық көліктік ақпараттық жүйеге біріктірілетін автоматтандырылған ақпараттық желілер ұйымдастырылады

және дамытылады. Осыған байланысты негізгі ғылыми зерттеулер тасымалдау процесі мен жолаушылар тасымалын басқару кешендері кіретін кешенді ақпараттандыруды әзірлеуге және енгізуге, техникалық объектілерді электрондық паспорттау жүйесін, бухгалтерлік есептің автоматтандырылған жүйесін құруға және т.с.с. бағытталған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу республика темір жолдарының өткізу қабілеті, темір жол көлігінің бәсекеге түсу қабілетін арттыру, республиканың транзит-көлік әлеуетін ашу, яғни қазіргі ғаламдану жағдайында аса өзекті болып отырған тиімді және сенімді түрде жұмыс істейтін еуроазиялық трансконтиненталдық байланыстарды қалыптастыру проблемаларын шешуге байланысты болмақ.

Инвестициялық бағдарламада ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау-ізвестіру жұмыстарына 1 534,2 млн. теңге сомасында инвестициялар көзделген, соның ішінде 2004 жылы - 499,5 млн. теңге.

Осы бағдарламаны қаржыландыру көзі Компанияның меншікті қаражаты болады.

1.5. Ресурс сақтау технологияларын енгізу

Ағымдағы шығындарды қысқарту мен өндірістік-технологиялық процестердің тиімділігін арттырудың маңызды көзі тиімділігі жоғары ресурс сақтау технологиялары мен техникалық құралдарын енгізу болып табылады.

Жаңа ресурс сақтау технологияларын өндіріс процестеріне енгізу, қазіргі заманғы диагностика құралдарын қолдану негізгі құралдарды жоспарлы-алдын ала жөндеу жүйесінен олардың жай-күйі мен орындаған жұмысы бойынша жөндеу жүйесіне көшуге мүмкіндік береді.

Осы іс-шараларға электр энергиясы шығыстарын есепке алудың автоматтандырылған жүйелері, доңғалақтардың рельстермен өзара үйлесуін жақсарту, лубрикацияның әртүрлі жүйелері, жылжымалы құрамның тозған бөлшектерін қалпына келтіру жөніндегі қондырғылар және т.б. кіреді. Ресурс сақтай технологияларын және қазіргі заманғы диагностика, бақылау және есепке алу құралдарының экономикалық тиімділігі біршама жоғары. Қаржылық есептеулер көрсетіп отырғандай, "Ресурс сақтау технологияларын енгізу" жобасы дисконттық ставка 9% болғанда, өтемді жоба болып табылады: жоба пайдасының ішкі нормасы 13% құрайды; жобаның келтірілген таза құны 126 млн. теңге, жобаның өтемділігі - 7 жыл.

Барлығы темір жол саласы шаруашылықтарында ресурс сақтау технологияларын енгізуге барлығы 2004-2006 жылдары 1 022,8 млн. теңгені инвестициялау көзделіп отыр.

Бұл бағдарламаны қаржыландыру көзі Компанияның меншікті қаражаты болады.

1.6. Басқасы

Осы бөлімге Компанияның құрылымдық бөлімшелерін түрлі жабдықпен жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар, шаруашылықтарды жетілдіру, поездардың тиімді жұмыс істеуін және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін оларды жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру кіреді, мәселен, тасымалдау шаруашылығы қазіргі

заманғы жеке байланыс құралдарын, сигнал беру мен байланыс шаруашылығы технологиялық жабдықты және т.с.с. жаңартуды көздеп отыр.

Тасымалдау шаруашылығы бойынша жобаларды іске асырудан күтілетін нәтижелер :

қызметкерлердің біліктілік деңгейін көтеру, маневрлік жұмыстағы ақаулық жағдайын азайту ;

маневрлік жұмыстарды жүзеге асырушы қызметкерлерге тиісті еңбек жағдайын қамтамасыз ету, оперативтік байланыс сапасын жақсарту, ескірген оперативтік байланыс құралдарын жаңарту ;

тасымалдау шаруашылығын ТПЕ талаптарына сәйкестендіру болып табылады.

Қазіргі күнгі тасымалдау бөлімшелері мен станциялардың қазіргі заманғы техникамен және технологиямен жарактануы жеткіліксіз деңгейде, жекелеген бағыттардың станциялары мен учаскелері осы себеппен қазірдің өзінде өткізу және қайта өңдеу қабілеті жағынан осал жерлер болып табылады.

Техникалық пайдалану ережелері вагондарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің технологиялық процеске сәйкес жүргізілуін мүлтіксіз талап етеді.

Жоғарыда көрсетілгенге сәйкес инвестициялардың осы бағыты "ҚТЖ" ҰК" АҚ станциялары мен бөлім пункттерін тиімді жұмысты және поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әр түрлі жабдықтармен жарактандыру, шаруашылықты жаңғырту, оларды жаңарту және техникалық қайта жарактандыру жөніндегі іс-шараларды біріктіреді және негізгі мақсат - техникалық саясатқа сәйкес тасымалдау шаруашылығын ТПЕ талаптарына сәйкестендіруді көздейді.

Қозғалыс қауіпсіздігіне байланысты бұзушылықтарды, ақауларды жою мақсатында бағдарламалық-ақпараттық оқыту кешені енгізілуде, бұл кешенде стандартты емес жағдайлар, дұрыс шешімді таңдау көзделген. Сондай-ақ техникалық сабақтар жүргізіледі, бірақ ол үшін техникалық кабинеттерді жабдықтау және техникалық әдебиетпен, жұмыс істейтін макеттермен, ұйымдастыру техникасымен және т.с.с. жарактандыру қажет .

2004-2006-жылдары бағдарламалық-ақпараттық оқыту кешенін, техникалық әдебиетті, жұмыс істейтін макеттерді, ұйымдастыру техникасын сатып алу және енгізу, жаттықпа вагондарды қажетті жабдықпен жарактандыру жоспарланып отыр.

Қазіргі кезде тасымалдау процесінде жұмыс істейтін қызметкерлерді сапалы жедел байланыс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша дағдарысты жағдай қалыптасып отыр. Жеке пункттерде маневрлік жұмыстарды жүргізген кезде 1982-1990 жылдары шығарылған, моральдық және табиғи ескірген және қазіргі кезде шығарылмайтын радиостанциялар пайдаланылады. 1982-1990 жылдары шығарылған ескірген радиостанциялардың ауыстырылуын ескергенде, тасымалдау шаруашылығы бойынша жарактандырудың жалпы қажеттілігі 1 350 бірлікті құрайды.

Сигнал беру және байланыс шаруашылығының негізгі техникалық құралдарының (

сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау, буксалардың қызып кетуін автоматты анықтайтын құрылғылар, механикаландырылған сұрыптау дөңестері, вокзалдық автоматика, байланыс) тозу дәрежесі едәуір. Шаруашылық құрылғыларының техникалық жай-күйіне жасалған талдау олардың тозуы 56%-ды құрап отырғанын, ал құрылғылардың 32%-дан астамының қызмет ету мерзімі өтіп кеткенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты құрылғылардың ескіруі себепті істен шығу үлесі соңғы 3 жылда ө с і п о т ы р .

Соның өзінде Жамбыл - Түлкібас - Шымкент - Арыс; Астана - Есіл - Тобыл; Қарағанды - Жарық бас жолы бойынша темір жол учаскесінің 1825 км-і диспетчерлік орталықтандырумен жабдықталмаған.

Магистральдық байланыс желілерінің ұзақтығы 14000 км-ді құрайды, 18 автоматтық телеграф станциялары, АТС 96000 нөмірі пайдаланылады. Байланыстың әуе желілерінің үлесі жалпы ұзақтықтың 53%-ын құрайды, орташа тозуы 96%-ды құрайды. Батыс өңірде ресурсы таусылған лампалық аппаратура пайдаланылуда.

Сигнал беру және байланыс шаруашылығын дамыту жобасы поездың қозғалысы кезінде жылжымалы құрамды бақылау құрылғылары - авариялық букстардың қызуын анықтайтын аспаптарды (бұдан әрі - АБҚАА) ауыстыруды, технологиялық жабдықты жаңартуды, автоматика және байланыс құралдарын жаңғыртуды және т.с.с. болжайды.

Поезд жүріп келе жатқанда қызып кеткен буксаларды автоматты түрде анықтау және деректерді тіркеу пунктіне беру үшін АБҚАА құрылғылары кеңінен қолданылған болатын, олар қазіргі кезде өндірістен алынып тасталған. Ал республика темір жолының барлық учаскелерінде АБҚАА-3 аспаптарының 221 жиынтығы және ДИСК-Б аспаптарының 157 жиынтығы жұмыс істеп тұр. Аспаптардың 85%-ы қызмет ету мерзімі өтіп кеткен жағдайда пайдаланылып отыр. Осыған байланысты оларды анағұрлым жетілдірілген ЖТҚК (жаңғыртудың техникалық құралдар жиынтығы) аспаптарымен ауыстыру қажеттілігі туындап отыр. "Инфотекс" ҒӨО (Ресей) шығарған бір ЖТҚК жиынтығының құны көлік шығындарымен бірге 1,6 млн. теңгені құрайды.

Үш жыл бойына жыл сайын-барынша ескіргенінен бастап 74 жиынтықты ауыстыру қажет (118,4 млн. теңге). Осы бағдарлама шеңберінде АБҚАА құрылғыларын ЖТҚК аспаптарына ауыстыруға 35 млн. теңгені ғана инвестициялау көзделіп отыр.

Тұтастай алғанда, сигнал беру және байланыс шаруашылығы құрылғыларының жұмыс сенімділігін қамтамасыз ету, темір жолдың техника-экономикалық тиімділігін арттыру, пайдалану шығыстарын азайту және жабдықтың орташа тозуын 30-40%-ға дейін төмендету үшін 2004-2006 жылдардағы кезеңде 260578 млн. теңге сомасында инвестициялар қажет. Инвестициялық бағдарламада осы жылдарға 3689,1 млн. теңге, соның ішінде электрлік орталықтандыруды енгізуге және автобұғаттауды жаңғыртуға 816,1 млн. теңге, ПСГО тарату күшейткіштерін ауыстыруға, моторлық-рельстік көлікті "КЛУБ" құрылғыларымен жабдықтауға, вагон-зертханаларды өлшеу кешендерімен жабдықтауға, РС-46 үлгісіндегі стационарлық радиостанцияларды сатып алуға және т.б

. 2736,1 млн. теңге, АБҚАА аспаптарын ауыстыруға 35 млн. теңге, арнайы автокөлікті жаңартуға 102,0 млн. теңге көзделіп отыр.

Сигнал беру және байланыс құралдарын қолдану тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесіне сәйкес жабдыққа арналған экономикалық тиімділіктің нормативтік коэффициентінің мәні 0,15 мөлшерінде белгіленді. Инвестициялық бағдарлама сигнал беру және байланыс шаруашылығына 2004-2006 жылдардағы кезеңге 3689,1 млн. теңге мөлшеріндегі инвестицияларды көздеп отыр. Жоба пайдасының ішкі нормасы 21%, жобаның таза келтірілген құны - 2020,5 млн. теңге, дисконтталған өзін-өзі өтеу мерзімі - 6 жыл.

Қазіргі уақытта электрмен жабдықтау шаруашылығындағы көпшілік құрылғылардың техникалық жай-күйі автобұғаттауды электрмен қоректендіруінің, электрлік орталықтандыру қосындарының, есептеу техникасының санаттылығы бөлігінде ТПЕ талаптарына жауап бермейді.

Жобаның мәні түйіспе желісін енгізу және жаңғырту арқылы желілер мен кіші станцияларды қалпына келтіруде, кіші станцияларды, электр желілерін техникалық қайта жарақтандыруда, қазіргі заманғы диагностика құралдарын, соның ішінде ультрадыбысты ақауапқыларды, рефлектометрлерді, реле- томографтарды, электрондық қорғағыштарды, хроматографтарды, жаңа аппаратурасы бар түйіспе желісін, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін (ЭКЕАЖ) сынауға арналған вагон-зертханаларды енгізуде болып отыр.

Жобаны енгізуден күтілетін нәтижелер - электрмен жабдықтау құрылғыларының сенімділігі мен үнемділігін қамтамасыз ету, поездар қозғалысы жылдамдығын арттыру, учаскелердің өткізу қабілетін арттыру, жөндеу аралық мерзімдерді және техникалық жұмыстан шығып қалу санын қысқарту, пайдалану шығындарын қысқарту, поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Диагностикалық құралдарды енгізуге, электрмен жабдықтау шаруашылығын техникалық қайта жарақтандыруға 2004-2006 жылдары 2722,5 млн. теңгені инвестициялау жоспарланып отыр. Осы инвестициялар міндетті түрдегі инвестициялар санатына жатады, өйткені олар шаруашылық объектілерін ТПЕ талаптарына сәйкестендіруге, поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған инфрақұрылым элементтерін жаңғыртуға тікелей байланысты.

Диагностикалық аспаптарды енгізу мынадай салаларда көзделіп отыр:

Түйіспе желісі - оқшаулау жай-күйін, тіректердің көтеру қабілетін, электрлік жалғағыштардың өткізгіштігін (қызуын), түйіспе сымының тозуын диагностикалау. Түйіспе желісі электрондық аппаратурамен жарақтандырылған вагон-зертханалармен реттеудің баллдық бағасын белгілеу процесін автоматтандыру.

Тартымдық кіші станциялар-трансформаторлық майдың хромотаграфиялық талдауын жүргізу арқылы күш трансформаторларының, оқшаулаушы майларда судың болуын анықтауға арналған аспаптардың жағдайын диагностикалау. Қызған жерлерін

өлшеу, май толтырылған аппараттардың (трансформаторлар, сөндіргіштер, күш конденсаторлары, реакторлар) ішіндегі көрінбейтін қызудың пайда болуын анықтау арқылы кіші станцияның электрлік схема жалғағыштарының сенімділігін белгілеу.

"Өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарының негізгі құралдарын қалпына келтіру және жанарту" жобасын іске асыру қорытындысы темір жол көлігіндегі өрттер мен авариялық жағдайлардың зардаптарын жедел жою үшін өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарының техникалық жарақтану деңгейінің артуы болуы тиіс.

Өрт сөндіру және қалпына келтіру поездары жылжымалы құрамының техникалық жағдайы өте қанағаттанарлықсыз күйде. Олар сапалық тозып қана қойған жоқ, олардың табиғи тозу дәрежесі де өте жоғары. ТПЕ талаптарына сәйкес деполық және күрделі жөндеуден өту мерзімі өтіп кеткен вагондарға өрт сөндіруге және қалпына келтіру жұмыстарына шығуға тыйым салынған, соның салдарынан, поездардың жүру жолында қозғалыс қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді.

Жобада бөлімшелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті құралдардың (машиналар, жабдық, түрлі агрегаттар және т.б.) көлемдері келтірілген. Алайда "ҚТЖ" ҰК" АҚ-та жеткілікті қаражаттың болмауына байланысты жоғарыда аталған көлемдер қысқартылып, осы жобада талап етілетін көлемнің азғана бөлігі көрсетілді. Мәселен, осыдан бұрын айтылғандай, соңғы 10 жыл ішінде теміржолдық жүрістегі бір де бір кранның сатып алынбауына қарамастан, жүк көтергіш крандарды сатып алу көзделмеген (олардың құны жоғары болуына байланысты). Өзге жабдықтан басқа жобада 6 өрт сөндіру автомашинасын (барлығы 21 машина керек), 3 трактор (27), 3 гидравликалық және қалпына келтіру поездары үшін ХЕШ көтергіш қондырғысын (15) с а т ы п а л у к ө з д е л г е н .

Сонымен қатар, осы бағытқа салынатын инвестициялардың экономикалық әсерін бағалау үшін күтілетін кірістің көлемін белгілеу қажет. Алайда, осы жағдайда инвестициялар тиімділігін бағалау біршама қиынға соғады. Өйткені жабдық осы жағдайда авариялық жағдайларды жойған кезде ғана қолданылады, ал басқа уақытта пайдаланылмайды және міндеттерін орындау үшін толық дайындықта болуы тиіс. Осыған байланысты жоба тиімділігінің бағасын нормативтерге сәйкес көлемде өртке қарсы және қалпына келтіру жұмыстарын жедел және сапалы орындап, авариялық жағдайларды жою кезіндегі материалдық зиян мөлшерін қысқарту тұрғысынан қараған ж ө н .

Тұтас алғанда "Өзгесі" бөлімі бойынша 2004-2006 жылдары жалпы сомасы 12861,2 млн. теңге инвестициялар көзделеді.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың магистралдық темір жол желісін дамыту" бөлімі "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ты дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарына қосымшада берілген.

"Магистралдық ДГҚ (GETS)" тепловоздарын жаңғырту жобасының шеңберінде "ҚТЖ" ҰК" АҚ General Electric Transportation System шығарған 54 дизель-генераторлық қондырғыларын тартылған кредит есебінен сатып алады. Кредит сомасы 32428046

АҚШ доллары. Қаражат тарту шарттары: кредит АВН AMRO NB банкінен мерзімі 8 жылға алынады, LIBOR сыйақы ставкасы + 0,13%. Кредитті өтеу 6 айда 1 рет 16 тең бөлікпен төленеді. Кредитті өтеудің басы 2004 жылғы 15 қазаннан басталады. Кредитті тарту кредитті қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілін талап етпейді - АҚШ-тың Exim Bankтың кепілі. Алынған дизель-генераторлық қондырғылар "Локомотив" АҚ берілетін болады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Инвестициялық бағдарламаны іске асырудың нәтижесі жаңа технологиялар мен техникаға ауысу арқылы саланың техникалық жай-күйін және, тиісінше, 2-бөлімде айтылған темір жол жүйесінің тұрақтылық индикаторларын айтарлықтай жақсарту болады.

Бағдарламада көзделген жобаларды іске асыру нәтижесінде негізгі өндірістік қорлардың тозу және ескіру дәрежесі 55% деңгейінде күтіп отыр, бұл осы көрсеткіштің басталу мәні болып табылады. Осыған байланысты, негізгі қорларды әрі қарай қалпына келтіру үшін инвестициялар салу қажет.

Саланың ғылыми-техникалық даму бағдарламалары темір жол көлігі инфрақұрылымының сапалық өзгерістерін қамтамасыз етуі, әрі қарай инвестицияларды тарту үшін жағдай жасауы, клиенттерге және жолаушыларға көрсетілетін қызметті жақсартуы, поездардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыруы тиіс. Инвестициялық бағдарламада болжанып отырған саланың ғылыми әлеуетін дамытуға арналған қаражат көлемін игеру ҒЗТКӘ-ға арналған қаражат деңгейін сипаттайтын көрсеткіштің қазіргі кездегі 0,1%-дан 2005 жылдың соңына қарай 2%-ға¹ өсуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, осы көрсеткіштің тек ең төменгі айтарлықтай мәніне қол жеткізілетінін атап өту қажет.

¹ Көрсеткіштің мәні 2004 жылдан бастап тасымалдау тарифтерінің инфляция индексінің шамасына +1%-ға өсуімен есептелген таза кіріс көлеміне белгіленген.

2006 жылдың басына қарай саланы ақпараттандыру жөніндегі міндеттердің айтарлықтай бөлігі шешілетін болады. Телекоммуникациялардың қазіргі заманғы жүйесі қызметтің негізгі салаларындағы (жолаушылар мен жүк тасымалдау, инфрақұрылым, маркетинг, қаржы, экономика) жаңа ақпараттық басқару жүйелерінің айқын және толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тасымалдау процесі тасымалдарды бірыңғай басқару орталығынан басқарылады. Айтарлықтай бөлігінде сала объектілерінің жай-күйі туралы ақпаратты жинау және беру, оны басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін өңдеу, басқарушылық әмірлер түріндегі жаңа ақпаратты беру және оны орындаушыларға жеткізу болып табылатын басқару процесі іс жүзінде толық дерлік автоматтандырылады. Бұл бухгалтерлік, статистикалық және жедел-техникалық ақпаратты барынша сенімді етуге мүмкіндік

береді. Басқаша айтқанда, саланы басқару қазіргі заманғы техникалық деңгейде жүргізілетін болады.

Алтынсарин - Хромтау жаңа желісінің іске қосылуымен бірге транзиттік мультимодальдық тасымалдар шарттарын қамтамасыз ету мақсатында оңтайлы тұйық ұлттық темір жол желісін құру жалғасын табады. Трансконтинентальдық темір жол магистралдарының қазақстандық учаскелері нығайтылатын және болжанып отырған жүк ағындарын, соның ішінде транзиттік ағындарды өткізу үшін дайындалынатын болады.

Жылжымалы құрам мен инфрақұрылым құрылғыларының техникалық жай-күйін дәлдіктің жоғары дәрежесімен анықтауға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы диагностикалық және метрологиялық құралдардың болуы жөндеудің жоспарлы-алдын алу жүйесінен жай-күйі бойынша жөндеу жүйесіне көшуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйеге көшу локомотивтер мен вагондардың дайындық коэффициентін арттыруға ғана емес, пайдалану паркінде жылжымалы құрамды қосымша күтіп ұстау қажеттілігінің жоюына да алып келеді.

2006 жылдың аяғына қарай Қазақстан темір жолдарының техникалық дамуының жаңа деңгейінің айқын көрсеткіші жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасының жақсаруы болып табылмақ. Алматы - Астана желісінде жол жүру уақыты қысқартылған, еуропалық стандарттарға сай жайлы жолаушы поездары пайдалануға енгізіледі.

Ұлттық экономиканың дамуы үшін инвестициялық бағдарламаның маңызын ескере отырып, оның тиімділігін қаржылық тиімділік пен күрделі қаржы салымдары арақатынасы тұрғысынан ғана емес, кеңірек тұрғыдан - елдегі экономикалық және әлеуметтік ахуал (экономикалық қауіпсіздік деңгейін арттыру, импорт алмастыру, экспортты ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру, халықтың білім және біліктілік деңгейін арттыру, озық технологияларды, know-how-ды және т.с.с. меңгеру, валюта бағамын тұрақтандыру) бағалаған жөн.

Инвестициялық бағдарламаға өзін-өзі тез өтейтін тиімді жобалар да (ақпараттандыру, ресурс сақтау технологиялары және т.б.), өзін-өзі ақтау мерзімі ұзақ немесе өзін-өзі мүлдем ақтамайтын жобалар да енгізілгенін атап өту қажет. Атап айтқанда, жаңа темір жол желілерін салу; қозғалыс қауіпсіздігін және табиғат қорғауды қамтамасыз етумен байланысты жобалар сияқты және т.с.с. жобалар.

Осы Инвестициялық бағдарламаның іске асырылуынан болатын 2004-2006 жылдардың ішіндегі орташа жылдық экономикалық әсерді 13527,6 млн. теңгеге бағалауға болады. Бұл ретте күрделі салымдар сомалары 98903,9 млн. теңгені құрайды. Инвестициялық бағдарлама тиімділігіне жасалған есептеулер оның өзін-өзі өтеу мерзімі шамамен 10 жылды құрайтынын көрсетіп отыр.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру саланың техникалық қайта жарактануын қамтамасыз етуге; жаңа темір жол желілерін пайдалануға берудің арқасында

географиялық тұрғыдан қол жетімділігін арттыруға; темір жол көлігі қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және жалпы ел экономикасының өсуіне ықпал е т е т і н б о л а д ы .

Әлем темір жолдарының тәжірибесі және жасалған есептеулер белгіленген инвестицияларды енгізу кезінде жоғары қайтарымға қол жеткізілетіндігін көрсетеді.

МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ БОЛЖАМЫ

Маңызды көрсеткіштердің болжамы "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ты дамытудың жоспарына қосымшаларда (1, 2, 3, 4, 5-ҰК нысандары) берілген.

"Қ а з а қ с т а н т е м і р ж о л ы "

ұ л т т ы қ к о м п а н и я с ы "

а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м ы н да м ы т у д ы ң

2 0 0 4 - 2 0 0 6 ж ы л д а р ғ а а р н а л ғ а н

жоспарына 1-қосымша

2004-2006 жылдарға арналған

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамының магистральдық темір
жол желісін дамыту

1. Кіріспе

Осы бөлім "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚТЖ" ҰК" АҚ) магистралдық темір жол желісінің кешенін дамытудың орташа мерзімді перспективаға арналған негізгі бағыттарын көрсетеді.

Қазіргі уақытта магистралдық темір жол желісі Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешені жүк айналымының 60 пайыздан артығын және жолаушылар айналымының жартысынан артығын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның, Ресейдің, Қытайдың, сондай-ақ Орталық Азия өңірі елдері экономикасының серпінді өсуі және институционалдық түрленулері ұлттық магистралдық темір жол желісінің қызметтеріне неғұрлым жаңа сапалық талаптар қ о ю д а .

Қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде тиімді және сенімді қызмет атқаратын еуразиялық трансконтинентальдық байланыстарды қалыптастыру ерекше маңыздылық сипат алуда. Бұл негізінде қарқынды дамып жатқан әлем жағдайында ұлттық және өңірлік мүдделерді қамтамасыз ету үшін мемлекетаралық ынтымақтастық жатқан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстардың кеңеюімен б а й л а н ы с т ы .

Халықаралық көлік маршруттары әр түрлі мемлекеттердің көлік желілерінің жекелеген учаскелерінің негізінде олардың халықаралық қатынастардағы тасымалдар бойынша қызметін біріктіру және реттеу жолымен құрылады. Мұндай жүйелердің тиімді қызмет етуі аумақтары бойынша маршрут өтетін барлық мемлекеттердің келісілген қызметі және әрбір мемлекеттің ұлттық шекаралары шегінде сапалы темір жол болған жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Алайда негізгі техникалық сипаттамалары (аралықтардағы басты жолдардың саны, поездар қозғалысының есептік жылдамдығы, әртүрлі деңгейлерде автомобиль жолдарымен қиылысуы және т.б.) бойынша қазақстандық темір жолдар халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес к е л м е й д і .

Соңғы жылдары магистралдық темір жол желісінің инфрақұрылымын жаңарту мен жаңғыртудағы артта қалушылық көкейкесті бола түсуде, әсіресе жүк тасымалдарына сұраныс күрт ұлғаятын күзгі-қысқы маусымда шиеленісуде. Осыған байланысты бұл проблема темір жолдың жұмысына ғана емес, сондай-ақ елдің бүкіл экономикасының дамуына да теріс әсер етуі мүмкін.

Сондықтан магистралдық жолдарды қалпына келтіру мен дамытудың негізгі мақсаты республика аумағы бойынша жүктер мен жолаушыларды оңтайлы бағыттармен және маршруттармен тасымалдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін дамыту болып табылады. Бұған мынадай міндеттерді шешу арқылы қ о л ж е т к і з і л е д і :

- жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту;
- Қазақстанның тұйықталған темір жолдар желісін құру;
- Еуразиялық және Трансазиялық темір жол магистралдарының транзиттік у ч а с к е л е р і н да м ы т у .

Тасымалдардың өсуі көлік кешені кәсіпорындарының кірістерінің өсуін, олардың жұмысының қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруын, меншік инвестициялық мүмкіндіктерінің ұлғаюын тудырады.

2. Магистралдық темір жол желісінің қазіргі жай-күйін талдау

Магистралдық желінің негізгі қорлары Компания активтерінің жалпы сомасының 82%-ың, ал магистралдық желінің негізгі қорларының құрылымында жол шаруашылығы 94%-дан артығын құрайды.

Қазақстан темір жолдарының пайдалану ұзындығы 13,6 мың км құрайды, соның ішінде қос жолды желілер - 4,7 мың км (35 %), электрлендірілгендері - 3,7 мың км (27%) құрайды. Бас жолдардың жазылмалы ұзындығы - 18,4 мың км, станциялық және а р н а й ы ж о л д а р - 6 , 1 м ы ң к м .

Талдау қазіргі уақытқа дейін жолды күрделі жөндеу өте төмен көлемдерде

жүргізілгенін көрсетеді. Соның нәтижесінде темір жол көлігі инфрақұрылымының негізгі қорларының табиғи және моральдық тозуы жинақталған.

Магистралдық темір жол желісінің ағымдық жай-күйі мынадай негізгі сәттермен сипатталады :

- негізгі қорлардың елеулі табиғи және моральдық тозуы;
- құрылғылардың талап етілетін сенімділігін қамтамасыз етпейтін жоғары ақаулығы ;

- магистралдық темір жол желісін пайдаланудың дәстүрлі технологияларын қолданудың үлкен үлесі, ол жоғарғы еңбек және ресурс сыйымдылығына әкеліп соғады .

Магистралдық темір жол желісінің осындай техникалық жағдайы материалдық және еңбек шығындарының ұлғаюына әкеліп соғады, магистралдық темір жол желісінің технологиялық тұрақтылығын жоғалту қаупін тудырады, ол инвестициялардағы елеулі қажеттілікті анықтайды.

Магистралдық темір жол желісінің негізгі проблемалары төменде шаруашылықтар бойынша бөліп көрсетілген.

2.1. Жол шаруашылығы

Жол шаруашылығының негізгі қорларының құрылымында 94% құрылыстарға келеді. Олардың жай-күйі мынадай көрсеткіштермен сипатталады (1-кесте).

1 - к е с т е
Темір жолдың жай-күйі

NN	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2003 ж.
1	Темірбетон шпалдардағы ұзындығы	км	6 835
2	Жарамсыз шпалдардың саны:	мың дана	3949,7
	%		9 , 4
3	Ақаулы бағыттамалы бұрмалардың саны	дана	1517
	%		7 , 7
4	Жолда жатқан ақаулы рельстердің саны	тіннің км	506,0
	%		2 , 8
5	Тоннажы артық өткізілген жолдың ұзындығы	км	2487

Жол шаруашылығы объектілерін күрделі жөндеу жоспарларын қалыптастыру кезінде бұрын қолданылған инвестициялау стратегиясы жұмыстардың негізгі көлемдері халықаралық көлік дәліздеріне, мұнай, көмір, кен тасымалдау маршруттарына енетін, жолды нығайту есебінен өткізу қабілетін және поездар

қозғалысының жылдамдығын арттыруды талап ететін басым бағыттарда ғана көзделген . Сондықтан жоғарғы құрылыстың жаңа материалдары тек 2-класты жол учаскелерінде ғана, негізінен "Тальго" фирмасының вагондары бар жүрдек жолаушылар поезының қозғалысының ұйымдастырылуына байланысты Астана - Алматы учаскесінде қолданылған. Халықаралық көлік дәлізіне енетін басқа учаскелерде жол жай-күйінің нашарлауы салдарынан қозғалыс жылдамдықтары төмендеді, ол поезддардың, соның ішінде фирмалық жолаушылар поезддарының жол жүру уақытының ұлғаюына әкеліп соқты. 3, 4 және 5-класты учаскелерде жолды күрделі жөндеу ескі жарамды материалдарды қолданып жүргізілген.

Ескі жарамды материалдарды пайдаланып орындалған жұмыстар көлемі объектілер жай-күйінің қауіпсіз деңгейін ұстап тұруға ғана мүмкіндік берді, алайда олардың техникалық жай-күйін елеулі жақсарту алмады.

Пайдаланылатын жол машиналары мен жабдықтың жалпы тозуы қазіргі сәтте 40%-ды құрайды. Қолда бар жол және қар тазалау техникасының 295 бірлігі (36%) өздерінің моторесурстарын өтеген және есептен шығарылуға жатады, бұл жолға дер кезінде қызмет көрсетуді және сапалы күтіп ұстауды және жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді .

Қазіргі сәтте қолда бар жол және қар тазалау техникасының, жүк дрежиналары мен шағын механикаландыру құралдарының паркі нормативтік қажеттіліктен төмен, ал пайдаланылатын машиналар мен механизмдердің негізгі бөлігі ескірген.

Жол жұмыстарын талап етілетін механикаландыру деңгейінде қамтамасыз ету үшін қолда бар және жаңадан алынатын машиналарды мамандандырылған машиналандырылған жол дистанцияларында шоғырландыру стратегиясы қолданылады .

Жолды диагностикалау саласында қанағаттанарлықсыз жағдай қалыптасып отыр. Қазіргі заманғы диагностикалық құралдарды жөндеу және сатып алу жөніндегі мәселелер жедел шешуді талап етеді, себебі поезддар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін маңызды факторлардың бірі жолдардың ҚР темір жолдарын техникалық пайдалану ережесінің талаптарына жауап беретін жай-күйі болып табылады .

Жол шаруашылығында жолға төселген рельстердің жай-күйіне және оларды бұзбай бақылауға бірінші кезекті маңыз берілуі тиіс.

Ақау табуға жататын бас және станциялық жолдардағы рельстердің жалпы ұзындығы 24560,8 км-ді құрайды. Қазіргі уақытта жол шаруашылығында пайдалануда 629 алынып-салынатын ақауапқы және 7 магнитті вагон-ақауапқы бар, олардың 80%-дан артығы моральды және табиғи тозған.

Бұл жол және құрылыстар жай-күйін өзгеруін болжамдауға, істен шығулардың дер кезінде алдын алуға көшуге мүмкіндік бермейді. Жол және құрылыстар жай-күйі туралы ақпараттың жетімсіздігі мен оның шүбәсіздігі жол жұмыстарының нақты

түрлерінің мерзімдері мен тағайындауларын жоспарлау кезінде жол жай-күйін бағалаудың әртүрлі өлшемдерін ескеруге және жұмыстарды нақты жай-күй бойынша жоспарлауға көшуге мүмкіндік бермейді.

Жол шаруашылығында қар басудан барлығы жолдың 5029 км, соның ішінде 2192 км қорғағыш екпе ағаштармен, қалғандары қорғағыш қоршаулармен, қалқандармен және өзге құрылыстармен қоршалған. Екпе ағаштардың алаңы 62 582 га-ны құрайды.

Темір жол көлігінің өткен жылдардың қысқы маусымындағы жұмысының қорытындылары қар басып қалатын жерлерді қорғауды күшейту: олар жолды сенімді қорғауды қамтамасыз етпейтін жерлерде ағаш алып жүретін қалқандарды темірбетондарға ауыстыру қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ қолданыстағы темірбетон қоршауларға күрделі жөндеу жүргізу қажет.

2.2. Сигнал беру және байланыс шаруашылығы

Сигнал беру және байланыс шаруашылығы жұмысының негізгі мақсаты поездар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Техникалық құралдарды күтіп ұстау мен тасымалдау жағдайларын қамтамасыз етуді 16 бас және 20 желілік сигнал беру және байланыс дистанциялары жүзеге асырады.

2 - к е с т е

Сигнал беру және байланыстың техникалық құралдары

А т а у ы	Ө Л Ш Е М	
	Б І Р Л І Г І	
Негізгі құралдардың құны	млн.	6170,0
	т е ң г е	
Негізгі құралдардың қалдық құны	-//-	2714,8
О р т а ш а т о з у ы	%	56
Телекоммуникациялар	км	13604
Байланыстың талшықты-оптикалық кабелі	-//-	284
Байланыстың кабельді желілері	-//-	6264
Байланыстың әуе желілері	-//-	7056
Дөңестік орталықтандыру құрылғылары	бірлік	10
Байланыстың ұшқыр вагондары	-//-	42
Автоматокөлік	-//-	634
Тракторлар	-//-	89
АБҚАА жиынтықтары	-//-	221
ДИСК-Б жиынтықтары	-//-	157
КТСМ-01 жиынтықтары	-//-	28
Байланыс түрлерінің радиостанциялары	-//-	2614

Трансляциялық күшейткіштер	-//-	992
Дауыс зорайтқыштар мен дыбыс колонкалары	-//-	13452
Автомотрисалар	-//-	48
Вагон-зертханалар	-//-	4
Автокөлік	-//-	633

Электрлік орталықтандыру құрылғылары 32%-ға, автобұғаттау құрылғылары 29%-ға, АБҚАА, радио және байланыс аспаптары 90%-дан артық, сондай-ақ байланыстың әуе желілері 83%-ға белгіленген нормативтік мерзімнен артық пайдаланылуда. Байланыстың ұшқыр вагондарының орташа тозуы 89%-ды, ал автомотокөлік пен тракторлардың тозуы 95%-ды құрайды.

Мұндай жағдай поездар қозғалысының қауіпсіздігіне және автоматтандырылған басқару орталықтарын құруға кері әсерін тигізеді. Ескірген модельдің жабдықтары диагностикалау құрылғыларымен жабдықталмаған, ол мерзімдік жөндеу жүйесінен жағдайы бойынша жөндеуге көшуге мүмкіндік бермейді.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың қолданыстағы байланыс желісі басым ұқсас болып табылады және өткізу қабілеті мен ақпаратты сапалы беруі бойынша темір жол көлігінің қажеттілігіне толық көлемде жауап бермейді.

2.3. Электрмен жабдықтау шаруашылығы

Электрмен жабдықтау шаруашылығының техникалық құралдарын күтіп ұстауды 79 түйіспе желісі ауданынан, 71 электрмен жабдықтау ауданынан, 20 пайдалану-өндірістік учаскесінен тұратын 20 электрмен жабдықтау дистанциясы жүзеге асырады.

3-кесте

Электрмен жабдықтаудың техникалық құралдары

А т а у ы	Ө Л Ш Е М	
	Б І Р Л І Г І	
Негізгі құралдардың құны	млн. теңге	13 700,0
Негізгі құралдардың қалдық құны	млн. теңге	8 220 0
О р т а ш а т о з у ы	%	40
Объектілер саны	бірлік	30 000
Тартымдық трансформаторлар	-//-	152
Барлық класты кернеу ажыратқыштары	-//-	2037
Энергия диспетчерлік шеңберлер	-//-	26
Автомотриса	-//-	101
Автокөлік	-//-	436
Май шаруашылығының базалары	-//-	17
Электр станциялары	-//-	79

Вагон-зертханалар	-//-	2
Тартымдық кіші станциялар, барлығы	-//-	65
Электр энергиясын жылдық өңдеу		мың
	К В Т с а ғ .	2 3 4 7 9 0 6 , 3

Электрмен жабдықтау шаруашылығындағы өз ресурстарын өтеген және ағымдық күтіп ұстау кезінде үлкен шығындарды талап ететін жабдықтар мен құрылғылардың ескірген үлгілерінің қолда болуы негізгі техникалық проблема болып табылады. Бұл құрылғылар кейіннен деректерді ақпараттық жүйелер бойынша беріп, өзін-өзі диагностикалауды іске асыруға мүмкіндік бермейді. Олар жабдықтардың нақты жай-күйін дер кезінде бақылауды қамтамасыз етпейді және мерзімдік жөндеу жүйесінен жай-күйі бойынша жөндеуге көшуге мүмкіндік бермейді. Кабельдік желілер бүгінгі күні өрт тұрғысынан үлкен қауіп төндіреді.

Электр энергиясын жеткізушілер мен темір жолдың өндірістік объектілері арасындағы темір жол қаражатының есебінен салынған электр беру желілері мен кіші станциялар "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың меншігінде қалды. Бұл объектілерге қызмет көрсету арнайы техниканы, жарақтарды талап етеді. Біраз уақыттан соң оларды қалпына келтіру жөндеуі мен жаңғыртуға елеулі күрделі қаржы салымдары талап етіледі.

Түйіспе желісі поездардың электр тартымын қамтамасыз етудің маңызды буындарының бірі болып табылады, алайда түйіспе желісі учаскелерінің 26,3%-ы 30 жылдан артық, 56,2% - 10-нан 30 жылға дейін, 17,5% - 10 жылдан кем пайдаланылуда.

Батыс және Шығыс өңірлерінің құрылғыларын ауыр жағдайларда сенімді пайдалануға жауап беретін нормаларға сәйкестендіру үшін өз қызмет мерзімін өтеген ұзындығы 2500 км АС-35 сымдарын АС-50кВ сымдарына ауыстыру, көктайғақты ерітудің төк күштемесін алып жүруге қабілетті қуатты қосымша электрмен қоректендіру көздерін орнату талап етіледі.

2.4. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өртке қарсы қауіпсіздік

"ҚТЖ" ҰК" АҚ желісі бойынша 43 өрт сөндіру поезы және 30 қалпына келтіру поезы орналасқан. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарының жарақтануында өртке қарсы қызмет бойынша 178 бірлік жылжымалы құрам және қалпына келтіру поездары бойынша 654 бірлік есептеледі. Алайда олардың техникалық жай-күйі өте қанағаттанарлықсыз, қолда бар 32 бірлік өрт сөндіру автомашинасының 16-сы нормативтік мерзімін өтеген. Өрт сөндіру поездары жылжымалы құрамының пайдалану мерзімі белгіленген нормадан 2-3 есе артып кеткен. Қолда бар 178 бірліктің 161 бірлігінің пайдалану мерзімі асып кеткен (28 жыл).

Өрт сөндіру қауіпсіздігі бойынша жарақтануда бар техникалық құралдардың да пайдалану мерзімі асып кеткен. Өрт сөндіру поездарындағы агрегаттардың тозуы: мотопомпалар - 47,2% (163 МП-ның - 77-сі); электр станциялар бойынша - 63,8% (58 э/

ст-ның - 37-сі); поездық радиостанциялар - 64,5% (31 п/р-ның - 20-сы); алып жүретін радиостанциялар бойынша - 93,4% (61 а/р-ның - 57-сі).

1993 пен 2003 жылдар аралығында темір жолмен жүретін крандарды сатып алу тіпті жүзеге асырылмаған. Қолда бар ЕДК үлгісіндегі жүк көтергіш крандардың 76 бірлігінен 28 бірлігінің қызмет мерзімдері өтіп кеткен (20 жылдан артық). Тартымдық-тракторлық техниканың, кранға да, тартымдық техникаға да арналған қосалқы бөлшектердің түсуі тоқтатылған. Осының салдарынан жылжымалы құрамның жолдан шығуларының салдарларын жою кезінде техника сынуының пайда болу мүмкіндігі жоғары.

Жарақтандыруда бар радио байланыс құралдары табиғи және моральды ескірген және есептен шығаруға жатады. Өрт сөндіру және қалпына келтіру поездарының әлсіз қамтамасыз етілуіне байланысты (соңғы он жылда бұл бағытта жаңғырту көзделмеген) радио байланыс құралдарын 149 жинақ мөлшерінде сатып алу қажет.

Әрбір шаруашылыққа тән ерекшелікті проблемалардан басқа магистралдық темір жол желісі кәсіпорындарының барлығына ортақ төменде келтірілген проблемалар да бар.

Пайдаланылатын авариялық-қалпына келтіру, моторлы рельстік және автотракторлық техника паркі соңғы 10 жылда жаңартудың жоқтығынан шекті тозу жағдайында, өнеркәсіп олардың көп бөлігіне қосалқы бөлшектер шығармайды. Жұмысқа қабілетті жағдайда ұстап тұру үшін жыл сайын кейде осы техниканың қалдық бағасына тең қаражат шығындалады. Қозғалтқыштардың тозуы ЖЖМ-ның жоғары шығындалуына әкеліп соғады, ол барлық нормаларға сәйкес болғанда пайдаланылатын техниканың салмағының ауырлығына байланысты үлкен болады. Моторлы рельстік көлікте қозғалыс қауіпсіздігінің жүйелері жоқ.

Қолданыстағы бригадаларды жұмыстар орнына жеткізу құралдарының тиімсіздігі мен қазіргі заманғы жедел әрекетті және үнемділердің болмауы жұмыс уақытын, еңбек және отын ресурстарын ұтымсыз пайдалануға әкеліп соғады.

Жөндеу бригадаларымен жедел әрекетті байланыс құралдарының жетімсіздігі зақымдануларды ұзақ жоюға және соның салдарынан поездар қозғалысындағы елеулі үзілістер мен қаржылық шығындарға әкеліп соғады.

Өндірістік процестердің нашар ақпараттандырылуы басқарушылық міндеттерді толық көлемде кешенді шешуге мүмкіндік бермейді және ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеліп соғады.

Осылайша, магистралдық темір жол желісінің негізгі қорлары тозуының жоғарғы пайызы, енгізілген перспективті технологиялар үлесінің аздығы және соның салдары ретінде жұмыстарды жүргізу кезінде қол еңбегінің елеулі үлесі елеулі пайдалану шығыстарын тудырады, темір жол саласы инфрақұрылымының технологиялық тұрақтылығын жоғалту қаупін тудырады, бұның өзі болжамданып отырған

тасымалдарға сұраныстың өсуі жағдайында инвестицияларға елеулі қажеттілікті белгілейді.

3. Магистралдық темір жол желісін дамытудың негізгі бағыттары

Бүгінгі күні магистралдық темір жол желісі жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын қазіргі заманғы талаптардың деңгейін қамтамасыз етуге қабілетсіз, ол тасымалдар көлемінің төмендеуінен кірістің бір бөлігінің жоғалуына және соның салдарынан магистралдық темір жол желісінің техникалық кешенін жаңғыртуға арналған меншікті қаражатының тапшылығына әкеліп соғады.

Магистралдық желінің көрсететін қызметтеріне тасымалдаушылар тарапынан қойылатын талаптар мыналар:

- қауіпсіздік ;
- сенімділік ;
- үнемділік ;
- жылдамдық .

Осыған байланысты магистралдық темір жол желісін дамытудың негізгі бағыттары темір жол көлігін дамыту саласындағы қолданыстағы жағдайды да, әлемдік үрдістерді де ескере отырып белгіленген және мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- магистралдық темір жолдарды түбегейлі сауықтыру;
- қауіпсіздік пен сенімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету;
- негізгі қорларды қолда бар тасымалдар көлемі үшін жеткілікті деңгейге дейін оңтайландыру ;
- персонал санын негізгі қорлар көлемдері мен қозғалыс мөлшерлеріне сәйкес оңтайландыру ;
- қызмет көрсетудің қазіргі заманғы технологияларын қолдану;
- "тар" жерлерді жою ;
- пайдалану шығындарын қысқарту;
- ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру;
- босатылған персонал үшін жаңа жұмыс орындарын құру;
- жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға қойылатын қазіргі заманғы талаптардың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету.

4-кесте

2004-2006 жылдарға арналған магистралдық темір жол желісін инвестициялаудың негізгі бағыттары

М Л Н . Т Г .

N					
		2004	2005	2006	2004-2006 жылдар ішінде
1	Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту	9776,5	15373,0	20050,7	45200,2
2	Жол машиналарын және жабдықтарды сатып алу	4588,8			4588,8
3	Сигнал беру және байланыс шаруашылығы	973,3	1293,8	1422	3689,1
4	Электрмен жабдықтау шаруашылығы	1066,2	841,3	815	2722,5
5	Қозғалыс қауіпсіздігі	66,6	68,4	70	205
6	Екібастұз учаскесін электрлендіру	4090,1	3349,6	3420,9	10860,6
7	Достық станциясын дамыту	2644,7	2296,4	2225,6	7166,7
8	Хромтау - Алтынсарин т/ж желісін салу	1739	1171,0		2910,0
	Барлығы	24945,2	24393,5	28004,2	77342,9

3.1. Жолшаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары

2004-2006 жылдары желі жоспарын түзету есебінен неғұрлым "тар" жерлерді күшейту, жол учаскесінің кедергілі орындарын жою жоспарланған. Өткізу қабілетін арттыру үшін екінші жолдарды салу болжанып отыр. Қазіргі заманғы жол техникасын және жол жұмыстарын кешенді механикаландыруды пайдаланып жол жөндеудің жаңа технологияларын енгізу көзделген.

Жол шаруашылығының ағымдық жағдайын және дамытудың жоспарланған мақсаттарын ескере отырып, мынадай іс-шаралар іске асырылатын болады:

- басым учаскелерде темірбетонды рельсастылық негізге және ұзындығы блок-учаскеге немесе аралыққа дейінгі түйіспесіз рельс бунағына көшу;

- жолды ағымдық күтіп ұстау мен жоспарлы-алдын ала жөндеу үшін машиналық кешендерді қолдану;

- пайдалануда аз қызмет көрсетілетін, үнемді серіппелі бекітпелерді қолдану есебінен түйіспесіз жолдың құрылымын жетілдіру;

- жер төсемін, жол мен құрылыстарды олардың жай-күйінің өзгеруін болжамдауға мүмкіндік беретін қазіргі заманғы диагностикалауды енгізу және тасымалдардың белгіленген нормалары мен көлемдерін ескере отырып, жұмысты олардың нақты жай-күйі бойынша жоспарлауға көшу;

- жол элементтерін реновациялау жөніндегі технологиялық желілерді құру;
- пішінді егеу үшін рельс егеу поездарын және рельстерді қайта пішіндеу желілерін енгізу, ол жаңаларын жеткізуге қажеттілікті азайтады және ескі жарамдылардың қызмет мерзімін ұзартады;

- шағылтастың үнемін 60 %-дан артық қамтамасыз ететін және жөндеу аралық мерзімдерді ұлғайтуға мүмкіндік беретін балластық призманы терең тазалау;

- жол машиналарын сатып алу мен автоматтандырылған басқару жүйелерін орнатып жаңғырту және осы машиналарды пайдалану мен жөндеу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- инженерлік құрылыстарды барынша мүмкін жоғарғы жылдамдықтармен поездардың қауіпсіз өткізуін қамтамасыз ететін жағдайға келтіру;

- жолды қар және құм басып қалудан қорғаудың тиімді жүйесін белгілеу, жаңа қорғаныс құралдарын салу және қолданыстағыларды жаңғырту;

- персоналды қазіргі заманғы жол техникасында және диагностикалау құралдарында жұмыс істеу үшін оқыту және қайта даярлау;

- жол дистанциялары мен олардың бөлімшелерінің қызмет көрсету аймақтарын ұлғайту есебінен шаруашылықты басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру;

- жол құрал-саймандарын, шағын механикаландыру құралдары мен қосалқы бөлшектерді сатып алу, ауыр жол машиналарына арналған ангарлар салу және қайта жаңарту, инженерлік құрылыстарды қайта жаңарту, диагностикалау құралдарын сатып алу, өз ресурстарын өтеген орталықтандыру және бұғаттау жүйесінің құрылғыларын ауыстыру.

Жолдың жоғарғы құрылысын жаңарту және жаңғырту

Қазақстан Республикасының магистралдық темір жол желісі халықаралық көлік дәліздерінің құрамдас бөлігі болып табылуына байланысты ол халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келуі (аралықтардағы бас жолдардың саны, поездар қозғалысының есептік жылдамдығы, әртүрлі деңгейлерде автомобиль жолдарымен қиылысуы және т.б.) тиіс.

Тұтас алғанда, Қазақстан темір жолдарының жайылма ұзындығы 18,8 мың км-ден артықты құрайды, бүгінгі күні олардың 2,4 мың км-дан астамы (немесе 12,8%) - артық өткізген тоннажбен, яғни күрделі жөндеуді талап етеді.

Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту жаңа материалдарды пайдаланып жолды күрделі жөндеуді, электрмен жабдықтау, сигнал беру және байланыс құрылғыларын жаңғыртуды, инженерлік құрылыстарды (ИҚ) қайта жаңғыртуды, бағыттамалы бұрмаларды ауыстыруды және т.б. көздейді.

Магистралдық жолдарды дамыту, оларды сауықтыру республика аумағы бойынша оңтайлы бағыттар мен маршруттар бойынша жүктер мен жолаушыларды сапалы тасымалдауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін дамытуға

м ү м к і н д і к

б е р е д і .

2004-2006 жылдары жол мен құрылыстарды жөндеу бойынша күштер негізгі көлік дәліздерінде және бірінші кезекте: Көкшетау - Астана, Алматы - Астана учаскелерінде, сондай-ақ Екібастұз - Астана, Шу - Түркістан учаскелерінде шоғырланатын болады. Аталған жөндеу жұмыстарын орындау жаңа технологияларды, қазіргі заманғы жол техникасы мен кешенді механизацияны пайдаланып жүзеге асыру көзделген.

Жоспарланған кезең-кезеңмен темірбетон рельсастылық негізге көшуді ескере отырып, жолды түйіспесіз рельс бунағымен төсеу жалғасады. Теңестіргіш аралықты күтіп ұстауға арналған шығындар түйіспесіз жолды пайдалану шығыстарының 70%-дан артығын құрайды. Түйіспесіз жол бунақтарын ұзарту оны ағымдық күтіп ұстауға арналған шығындарды елеулі қысқартуға мүмкіндік береді.

Осы мақсаттарға 2004-2006 жылдары 45 200,2 млн. теңге мөлшерінде қаражат ж о с п а р л а н ғ а н .

Қаржылық есептеулер көрсетіп отырғандай, дисконттық ставка 9% болғанда жоба өзін-өзі ақтайтын болып табылады: кірістіліктің ішкі нормасы 14%-ды құрайды, жобаның таза келтірілген құны 6 847 млн. теңгені құрайды; жобаның өзін өзі ақтауы - 8 жыл.

Жол машиналарын және жабдықты сатып алу

Жол шаруашылығын техникалық дамыту үшін жолдың жоғарғы құрылысының материалдарын реновациялаудың кешенді жүйесін ендіру қажет, бұл олардың қызмет мерзімдерін ұзартуды қамтамасыз етуге, рельс дәнекерлеу кәсіпорындарында ескі жарамды рельстерді қалпына келтіру мен жөндеу үшін стационарлық желілерді жабдықтауға мүмкіндік береді. Жол жұмыстарын сапалы орындау және жолды механикаландырылған ағымдық күтіп ұстауға көшу үшін кәсіпорындарды жолдың жағдайын бақылаудың қазіргі заманғы тиімділігі жоғары машиналандырылған кешендерімен, механизмдерімен, құралдарымен жабдықтау қажет.

Жол жұмыстарын механикаландырудың маңызды бағыты жолды ағымдық күтіп ұстаудың машиналандырылған технологиясына көшу болып табылады.

Поездар қозғалысының қауіпсізден арттыру үшін:

- жол өлшегіш-вагондарға (БАС) жүйелерін орнату;
- арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды КЛУБ қауіпсіздік жүйелерімен ж а б д ы қ т а у ;

- өтпелерді қоршау құрылғыларын (ӨҚК), бірінші кезекте Астана-Алматы у ч а с к е с і н д е о р н а т у ;

- құрылымдық оқшаулағыш түйіспелерді енгізу;
- өтпелерді құрылымдық төсемдермен жабдықтау қажет.

Бұл келешекте моральды ескірген және тозған негізгі құралдарды жоспарлы ауыстыра отырып, оларды жетілдірілген техника-экономикалық параметрлерге келтіре отырып жол шаруашылығын дамытуға және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес

инфрақұрылымның қажеттілігін қанағаттандыруға, атап айтқанда:

- негізгі қорлардың құрылымын жақсартуға және оларды тасымалдар көлемдеріне сәйкестендіруге, магистралдық желі учаскелерін жіктеу есебінен қызмет көрсетілетін персоналдың санын оңтайландыруға;

- жол объектілеріне қызмет көрсету мен күтіп ұстаудың қазіргі заманғы тиімділігі жоғары технологияларын енгізуге;

- объектілер жағдайының өзгеруін болжамдауға және диагностикалаудың қазіргі заманғы құралдары мен әдістерін енгізу есебінен белгіленген нормаларды ескере отырып жұмыстарды нақты жағдайы бойынша жоспарлауға көшуге;

- өндірістік бригадаларды қазіргі заманғы ұтқыр байланыс құралдарымен жабдықтау есебінен зақымдануларды жою кезінде жеделдікті қамтамасыз етуге;

- ресурс сақтау технологиясын кеңінен енгізуге, аз қызмет көрсетілетін жол құрылымына көшуге;

- жол шаруашылығының ұйымдастыру құрылымын оңтайландыруға;

- негізгі құралдарды күтіп ұстауға арналған пайдалану шығыстарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Жол шаруашылығының инвестициялық жобаларын іске асыру оны жүргізудің жаңа жүйесіне көшуін жүзеге асыруға және мыналар есебінен шығыстарды төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

- жолдың жоғарғы құрылысының ескі жарамды материалдарын пайдалану полигонын кеңейту үшін жолдың барлық элементтерін реновациялау жөніндегі технологиялық желілерді құру;

- рельсастылық темір-бетон негізге және бунақтарының ұзындығы блок-учаскеге және аралыққа дейінгі түйіспесіз жолға көшу;

- жол мен құрылыстарды ағымдық күтіп ұстауға және жөндеуге арналған машиналық кешендерді қолдану;

- олардың қызмет мерзімін 10-15% ұзартып, рельстерді егеу;

- жер төсемін, жол мен құрылыстарды олардың жай-күйінің өзгеруін болжамдауға және жол жұмыстарын белгіленген нормаларды ескере отырып, жолдың нақты жай-күйі бойынша жоспарлауға көшуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы диагностикалау;

- жол элементтерінің ақаулығын елеулі төмендетуді қамтамасыз ететін машиналандырылған жол кешендерін қолданып, ағымды күтіп ұстаудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу.

Жол шаруашылығын техникалық дамытудың негізгі нәтижесі поездардың жол жүру уақытын қысқарту, өткізу және тасымалдау қабілетін ұлғайту, қозғалыс қауіпсіздігін арттыру, қаржылық және техникалық қатерлерді барынша төмендету болып табылады.

2004 жылы жол техникасын, соның ішінде жолдың динамикалық тұрақтандырғыштарын, шпалдарды механикалық ауыстыру кешендерін, жолды түзету

машиналарын және басқаларды ЕКҚДБ заемы және меншікті қаражат есебінен 4588,8 млн. теңге сомасына сатып алу көзделген.

Жүргізілген есептеулерге сәйкес жобаның ішкі кірістілік нормасы 11%-ды құрайды, таза келтірілген құны 177,65 млн. теңгеге тең. Дисконттауды ескергендегі (дисконттық ставка 9%) бастапқы шығындардың өтелу мерзімі 21 жыл.

3.2. Сигнал беру және байланыс шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары

Сигнал беру және байланыс шаруашылығын орташа мерзімдік перспективаға дамытудың негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- шаруашылықтың көрсеткіштерін материал сыйымдылығын, еңбек және энергетикалық ресурстарды төмендету жағына сапалы өзгеруін қамтамасыз ететін жаңа элементтік базаға көшу;

- құрылғылардың нақты жай-күйі бойынша жөндеулерді жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы технологиялық процестерді, әдістер мен диагностикалау құралдарын енгізу;

- тасымалдау процесін өңірлік басқарудан орталықтандырылғанға икемді өту мүмкіндігі бар қазіргі заманғы басқару деңгейіне мүмкіндік беретін темір жол автоматикасы мен байланыс құрылғыларын енгізу;

- негізгі көлік дәліздерінің жүк кернеулі учаскелерінде поездар қозғалысын интервалды реттеу үшін негізгі құрал ретінде автоматты локомотивті сигнал беру жүйесін (АЛС), қызметі аз учаскелерді осьтер есептегішімен, қолдану көзделген;

- жылжымалы объектілермен байланысу үшін сандық радиобайланыс жүйесінің жаңа буынын енгізу;

- қарқынды пайдаланылатын учаскелер мен станцияларда қозғалысты басқару үшін микропроцессорлық орталықтандыруды (Ресейде, Беларусьта әзірленген) енгізу;

- АЛСН, рельстік тізбектер, САУТ, АБҚАА, ДИСК, поездық радиобайланыс құрылғыларының параметрлерін өлшеу және бақылау және олардың техникалық жай-күйін поездың жүрісі барысында вагон-зертханадан бағалау үшін автоматика және радиобайланыстың мобильді өлшеу кешендерін енгізу;

- станцияларда электрлі орталықтандыруды енгізу;

- станциялардағы электрлі орталықтандыруды жаңғырту;

- АЛСО автобұғаттауын жаңғырту;

- өтпелердегі электр жетектерді, автошлагбаумдарды ауыстыру;

- моторлы-рельстік көлікті "КЛУБ" құрылғыларымен жабдықтау;

- АБҚАА аппаратурасын КТСМ-ге ауыстыру;

- қисық учаскелердегі бағдаршамдарды шашыратқыштармен жабдықтау.

2004-2006 жылдар кезеңінде сигнал беру және байланыс шаруашылығына инвестициялар 3 689, 1 млн. теңгені құрайды.

Көрсетілген инвестициялардың ішкі кірістілігі 21%-ды құрайды; таза келтірілген құны - 2020,5 млн. теңге, дисконтталған өзін өзі ақтау мерзімі - 6 жыл.

Сигнал беру және байланыс шаруашылығының инвестициялық жобаларын іске

асырудың негізгі нәтижелері:

- поездардың жол жүру уақытын қысқарту, өткізу және тасымалдау қабілетін ұлғайту;

- қозғалыс қауіпсіздігін арттыру, техникалық құрылғылардың сенімділігін арттыру, жабдықтардың тозуын 56%-дан 30%-ға дейін төмендету;

- тасымалдау процесін диспетчерлік басқаруды орталықтандыру;

- құрылғыларды жаңарту мен жаңғырту жаңа буынғы ресурс сақтау технологиялары мен диагностикалық құралдарын енгізу есебінен материалдық және еңбек ресурстарын үнемдеу болады.

3.3. Электрмен жабдықтау шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары

Электрмен жабдықтау шаруашылығы қызметінің негізгі мақсаты "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың тасымалдау да, өзге де қызметімен байланысты тұтынушыларды сапалы электр энергиясымен сенімді қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты, электрмен жабдықтау шаруашылығының техникалық дамуының перспективалық бағыттары мен міндеттері:

1. барлық электр энергиясын тұтынушыларды объектілердің санаттылығына сәйкес сапалы және сенімді қамтамасыз ету;

2. темір жолдардың ТПЕ-сіне сәйкес қауіпсіздік пен сенімділіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету;

3. электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету үшін жаңа техникалық құралдарды енгізу;

4. пайдалану шығындарын қысқарту;

5. ресурс сақтау технологияларын енгізу;

6. экология және еңбекті қорғау жүйесінің талаптарын қамтамасыз ету болып табылады.

Тартымдық кіші станциялардың, секциялау қосындарының, автотрансформаторлық қоректендіру пункттерінің, электр берудің жоғары вольтты желілерінің, трансформаторлық кіші станциялардың және өзге жабдықтардың өздерінің пайдалану және нормативтік қызмет мерзімдерін өтеген электрмен жабдықтау құрылғылары жаңа жаңғыртылған үлгілерге ауыстырылатын болады.

Энергиямен жабдықтау объектілерін басқарудың ақпараттық - автоматтандырылған жүйесін, өзіне микропроцессорлық техника базасындағы қазіргі заманғы жүйесіне көшумен телебасқаруды жаңғыртуды қосатын электрмен жабдықтау объектілерін, тұтынатын қуатты, электр энергиясының шығынын басқару жүйесін құру көзделген. Қазіргі сәтте электр энергиясының жоғалулары электр энергиясының жалпы шығысының 17-20%-ын құрайды. Түйіспе желісіндегі жұмыстар үшін машиналық кешендерді, оларды сынау үшін компьютерлендірілген вагон-зертханалар енгізу жоспарланған.

Тепловозды тартымдық учаскелерде жыл сайын электр беру желілерін көлемі

бойынша елеулі қалпына келтіру жөнделулері, құрғақ трансформаторларды пайдаланып, әуе желісінің тірек шаруашылығын ауыстырып, автобұғаттау сигналдарын электр қоректендіру үшін трансформаторларды жаңғырту орындалатын болады.

Жүк кернеулі топқа кіретін көптеген учаскелерде құрылғыларының қызмет мерзімі нормативтіктен асып кеткен электр тартым қолданылады. Ең көбі - Тобыл - Астана учаскесінде - 35 жылдан артық, осыған байланысты темір жолдың бойында орналасқан тартымды электрмен жабдықтау объектілерін басқару үшін жүйелер енгізу көзделген.

Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында:

- түйіспе желісінің оқшаулағыштарын ИСМ-1М үлгілі фторопласты оқшаулағыш элементті оқшаулағыштарға ауыстыру;
- түйіспе желісінің оқшаулағыштарын сипаттамалары күшейтілген оқшаулағыштарға ауыстыру;
- аспалы фарфор оқшаулағыштарды шыны оқшаулағыштарға ауыстыру;
- дрезиналарды КЛУБ автоматты сигнал беру құрылғыларымен жабдықтау;
- тартымдық кіші станциялардың түйіспе желілерінің фидерлерінде вакуумды ажыратқыштарды енгізу көзделген.

Тұтас алғанда бұл шаруашылықтың барлық құрамдастарын - түйіспе желісін, тартымдық кіші станцияларды, желілер мен тораптарды сауықтыруға ықпал ететін боларды.

Күтілетін нәтижелер:

- авариялық жағдайларды барынша төмендету мен еңбек және поездар қозғалысының қауіпсіздігін арттыру;
- пайдалану шығындарын, соның ішінде электр энергиясын, еңбек шығынын үнемдеу;
- электрмен жабдықтау құрылғыларының, энергия және қазан қадағалау объектілерінің және т.б. энергетикалық қуатын қамтамасыз етуге талап етілетін жағдайларды қамтамасыз ету;
- электрмен жабдықтау шаруашылығының негізгі құралдарының тозу деңгейін шектіден төмен деңгейге дейін төмендету;
- энергиямен жабдықтау объектілерін басқарудың қазіргі заманғы тиімді жүйелерін енгізу.

Диагностикалық құралдарды енгізуге, электрмен жабдықтау шаруашылығын техникалық қайта жаратқандыруға 2004-2006 жылдары 2 722,5 млн. теңге инвестициялау жоспарлаған. Бұл инвестициялар міндетті үлгідегі санатқа жатады, себебі шаруашылық объектілерін ТПЕ-нің талаптарына сәйкестендірумен, поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған инфрақұрылымды жаңғыртумен тікелей байланысты.

3.4. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өртке қарсы қауіпсіздік

Технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаруашылығын техникалық дамытудың мақсаты қалпына келтіру және өрт сөндіру поездардың жылжымалы құрамы паркін қалпына келтіру және кешенді жаңарту болып табылады. Қарастырылып отырған кезең ішінде осы іс-шараларға арналған инвестициялар 205 млн. теңгені құрайды.

Нәтижесінде технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ТПЕ-ні сақтауға, қалпына келтіру және өрт сөндіру поездарының қызметкерлерін қамтамасыз етуге арналған негізгі құралдарды түбегейлі жаңартуға қол жеткізілетін болады.

Бұл жағдайда жабдық тек авариялық жағдайларды жою кезінде ғана қолданылатындықтан, ал басқа уақытта пайдаланылмайды және міндеттерді орындау үшін толық дайындықта болуы тиіс, осыған байланысты инвестициялардың тиімділігін бағалауды авариялық жағдайларды жою кезінде, өртке қарсы және қалпына келтіру жұмыстарын қажетті көлемде жедел және сапалы орындау кезінде материалдық залалдың мөлшерлерін қысқарту тұрғысынан қарау қажет.

Қарастырылып отырған кезеңде магистралдық темір жол желісінің негізгі элементтерін дамытумен қатар ірі мақсатты жобаларды іске асыру көзделген.

3.5 Екібастұз - Павлодар темір жол учаскесін электрлендіру

Темір жол көлігі жұмысының экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды техникалық шаралардың бірі темір жолдарды электрлендіру болып табылады. Жүк кернеулігі неғұрлым жоғары болса, темір жол желілерін электрлендірудің экономикалық тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Электровоздар энергия шығыны бойынша 33%-ға үнемді, оларды пайдалануға шығын 2 есе кем талап етіледі. Электр тартымындағы тасымалдардың өзіндік құны тепловоздық тартыммен салыстырғанда 1,6 есе төмен. Темір жолдарды электрлендіру қазіргі заманғы өндірістерді дамытуға ықпал етіп, іргелес аудандарды электрмен жабдықтау проблемасын шешеді (магистралдық темір жол желісі тұтынатын электр энергиясының 20%-ға дейін тартымды емес тұтынушыларға жұмсалады. Қоршаған ортаның ластануы елеулі төмендейді және тұтас алғанда экологиялық жағдай жақсарады.

Екібастұз - Павлодар учаскесін электрлендіру жөніндегі жобаны іске асыру 2006 жылға дейін көзделген. Жобаның құны 11 560,6 млн. теңгеге бағаланады, жобаның ішкі кірістілігінің нормасы 10%-ды құрайды, таза келтірілген құны 977 млн. теңге, өзін өзі ақтауы - 15 жыл.

Ұзындығы 234 км Екібастұз - Павлодар учаскесін электрлік тартымға көшіру Павлодар және Екібастұз өнеркәсіптік қосып, елдің орталық өңірін электрлендіруді аяқтайды. Артық арзан электр энергиясының қолда болуы пайдалану шығындары мен дизельдік отын шығыстарын азайтуға, сондай-ақ жылына 5 мың тонна дизельдік отын жағу нәтижесінде зиянды заттардың атмосфераға шығарылуын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл жобаны қаржыландыру көздері "ҚТЖ" ҰК" АҚ-тың меншік қаражаты болып табылады.

3.6 Достық станциясын дамыту

Осы темір жол станциясындағы жұмыстардың негізгі көлемі ашық алаңшаларда жүргізіледі, ол өңірдің климаттық жағдайларында бұл жұмыстарды қауіпсіздік жағдайлары бойынша орындау мүмкіндігін шектейді және механизмдердің мерзімінен бұрын тозуына әкеліп соғады. Қызметтік және тұрғын жайлардың, ұйымдастыру техникасының, персоналдың қатаң жетіспеушілігі орын алған, ол жүк операцияларын орындаудың ұзақтығына кері әсерін тигізеді.

Станцияда бар қайта тиеу орындары қажетті механизмдермен жеткіліксіз жабдықталған. Қолданыстағы вагондардың орнын ауыстыру пунктiнiң қуаты арбашалардың бос тұру паркi сыйымдылығымен және оны дамыту перспективасының болмауымен шектелген. Ақтоғай - Достық бір жолды желісі жергілікті аудандық тартымды жүктерді, сондай-ақ халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта бұл желі жолдың техникалық жай-күйі бойынша халықаралық темір жол магистралдарына қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Сонымен қатар, желінің жер төсемінің негізгі құрылымдық параметрлері бойынша (алаңшаның ені, жол жағасының болуы және т.с.с.) қолданыстағы техникалық нормаларға сәйкес келмейді.

Трансазиялық магистраль бойынша халықаралық тасымалдарды болжамданған көлемдерде жүзеге асыру үшін Ақтоғай - Достық темір жолы қайта жаңарту мен жаңғыртуды қажет етеді.

Тасымалдар көлемінің өсіп жатқан жағдайында "Достық-Алашонықоу халықаралық темір жол шекара өткелін, Ақтоғай-Достық темір жол учаскесін және Қорғас халықаралық автомобиль өткізу пунктін одан әрі дамыту жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 870 қаулысымен және "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ Президентінің 2003 жылғы 30 қазандағы N 754-Ц бұйрығымен бекітілген Достық станциясын және Ақтоғай - Достық темір жол учаскесін дамытудың 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасымен 2006 жылдан бастап Достық-Алашонықоу халықаралық темір жол шекара өткелі арқылы сыртқы сауда жүктерін тасымалдауды 10 млн. тонна, 2010 жылдан - 12 млн. тонна, 2014 жылдан - 14 млн. тонна көлемінде ұлғайтуға бағытталған Достық-Алашонықоу халықаралық темір жол шекара өткелінің өңдеу қабілетін күшейту көзделген.

Достық станциясын дамытудың негізгі бағыттарына:

- темір жол инфрақұрылымын кеңейту және қайта жаңарту, жаңа техникалық құралдар сатып алу, технологиялық процесті жетілдіру;
- Достық станциясындағы шекаралық және кедендік қосындарды техникалық жабдықтау, құжаттарды өңдеу мен ресімдеуді автоматтандыру, кедендік терминал салу ;
- дозиметрлік бақылау үшін қазіргі заманғы жабдық пен құралдар сатып алу;

- Достық кентіндегі қолданыстағы әлеуметтік-тұрмыстық объектілерді жаңарту және жаңаларын салу енеді.

Жоба Ақтоғай - Достық учаскесінің 253 км қайта жаңартуды және Достық станциясының өңдеу қабілетін күшейтуді көздейді. Ақтоғай - Достық халықаралық көлік магистралінің бас учаскесін нығайту және сенімді өткізу қабілетін қамтамасыз ету халықаралық темір жол шекара өткелінің жүк және жолаушылар айналымының көлемдерін ұлғайтуға, пайдалану шығындарын төмендетуге, сол арқылы темір жол көлігінің тиімділігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кірістер жүк тасымалдарының схемасына сәйкес және Достық станциясының шекараны кесіп өту бойынша импорттық бағыттағы (Қытайдан) жүктер үшін 100% көлемінде, экспорттық бағыттағы (Қытайға) тасымалданатын мұнай және кен тиелген вагондардың орнын ауыстыру жөніндегі операцияларды (қайта тиеу, арбашаларды ауыстыру және т.б.) орындағаны үшін қосымша алымдар есебінен ескеріледі.

2004-2006 жылдарға арналған жобаны қаржыландыру 7 166,7 млн. теңгені құрайды, олар сұрыптау қуаттарын, жүк ауласын, құрамдарды кедендік тексеруге арналған паркті дамытуға, қолданыстағы вагондардың орнын ауыстыру пунктін қайта жаңартуға, шаруашылық-ауыз су сутартқышын, тазарту құрылыстарын салуға, А және Д парктерін жарықтандыруға пайдаланылатын болады. Жүргізілген есепке сәйкес жоба кірістілігінің ішкі нормасы 37%-ды құрайды, таза келтірілген құны - 19 958 млн. теңге. Дисконттауды ескергендегі (дисконт ставкасы 9%) бастапқы шығындардың өтелу мерзімі 6 жыл.

3.7 Жаңа темір жол желілерін салу

Келешекте магистральдық желінің ұзындығын арттыру жалғасады.

Жаңа темір жол желілерін салу Қазақстанның тұйық темір жол желісін құрастыруды мақсат етеді, ол жүктерді ел аумағы бойынша іргелес елдердің темір жол учаскелерін пайдаланбай оңтайлы қысқа маршруттар бойынша тасымалдауға мүмкіндік береді.

Жаңа темір жол желілерін салудың экономикалық тиімділігі негізінен темір жол көлігі кәсіпорындарынан емес (мұнда неғұрлым қысқа бағыттар бойынша жүктердің қайта ағыны есебінен желі бойынша жүк айналымын төмендеуі мүмкін), көлік қызметтерін (тасымалдаулар) тұтынушылардан көрінеді. Мұндай құрылыс жалпы республикалық маңызға ие және өңіраралық көлік байланыстарын рационализациялау жаңа көлік маршруттары мен бағыттарын ашу, тартымның жергілікті аудандарына көліктік қызмет көрсетуді жақсарту және осының негізінде өндірістік кәсіпорындардың көлік шығындарын төмендету сияқты ұлттық экономиканың маңызды міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді. Темір жолдар желісі ұзындығының өсуі тиісінше оларға қызмет көрсету және күтіп ұстауға арналған шығыстардың өсуіне, ал тасымалдау қашықтығын оңтайландыру мен қысқарту тасымалдардың жалпы көлемі мен темір жолдардың жүк айналымынан есептелетін кірістердің төмендеуіне әкеліп соғады.

Жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктері неғұрлым маңызды бағыттарды таңдау міндетін қояды. Осыған байланысты ішкі және халықаралық тасымалдарды көрші мемлекеттердің магистралдарына кірмей және ішкіден елеулі жоғары халықаралық тарифтерді төлемей орындауға мүмкіндік беретін темір жол учаскелерін салу бірінші кезекті міндет болып табылады. Сондықтан Хромтау-Алтынсарин учаскесін салуды аяқтау бірінші кезекті маңызды объект болып табылады. Желінің пайдалану ұзындығы 402 км-ді құрайды. Жобаның құны 33 036 (ҚҚС-мен) млн. теңгеге бағаланады. Салу мерзімі - 4 жыл. Жүргізілген есепке сәйкес жоба кірістілігінің ішкі нормасы 1,3%-ды құрайды. Таза келтірілген құны - 607 млн. теңге. Дисконттауды ескергендегі (дисконттық ставка 9%) бастапқы шығындардың өтелу мерзімі 18 жыл.

Жаңа темір жолдар салу өнім құнын төмендетуге мүмкіндік береді, себебі өнім бағасындағы көлік құрамдасының үлесі азаяды, ол өндірушілерге де тұтынушыларға да п а й д а л ы .

Сонымен қатар темір жолдардың ішкі көлік рыногындағы бәсекелестігі де артады, халықаралық имиджі өседі, ол темір жол саласына да, тұтас алғанда елге де көптеген табыс әкелетін транзиттік жүктер ағынынын ұлғайтады. Жаңа жұмыс орындарын құру, пайдалы қазбаларға бай жаңа аудандарды игеру, оларды экономикалық айналымға тарту мәселелері шешіледі.

4. Қаржыландыру көздері

Темір жол көлігін техникалық қайта жарақтандырудың және дамытудың басымдықтары мен бағыттары инвестицияларды елеулі ұлғайтуды талап етеді, олардың негізгі бөлігі саланың ішкі мүмкіндіктері, заем қаражатын тарту үшін жағдайлар туғызу е с е б і н е н қ ұ р а с т ы р ы л а д ы .

Компанияның күрделі қаржы салымдарының негізгі көзі - амортизациялық аударымдар, олар өткен он жылдағы тасымалдар және кірістер көлемінің төмендеуі жағдайында жаңа құрылыстар және тозған негізгі құралдарды жаңарту міндеттерін бір мезгілде шешу үшін жеткіліксіз.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру меншікте де заемдық та қаражаттар есебінен жүзеге асырылатын болады.

Құрылысты қаржыландырудың ең қолайлы схемасы үш мүдделі тараптың: мемлекеттің (жер, негізгі қаржыландыру, салудың және одан әрі пайдаланудың жеңілдікті жағдайлары), темір жолдың (қаржылай қаражаттың бір бөлігі, жобалау, техникалық қолдау, мамандар) және инвестордың (үлестік қаржыландыру) үлестік қатынасы болуы тиіс. Үлестік қатынастың пайызы тек тараптардың экономикалық мүдделілігі негізінде белгіленуі тиіс.

Жылдам кірістілікті қамтамасыз етпейтін күрделі қаржы салымдарының үлкен көлемдерін талап ететін темір жол көлігінің ерекшелігі салаға инвестициялардың

тартымдылығын проблемалы етеді. Тұтас алғанда, магистралдық темір жол желісінің жобаларын іске асыруға 77 342,9 млн. теңге мөлшерінде қаражат көзделген.

5. Күтілетін нәтиже

Магистралдық темір жол желісін дамыту жобаларының нәтижесі жаңа технологиялар мен техникаға "қол жеткізу" есебінен оның техникалық жай-күйін елеулі жақсарту болуы тиіс. Бұл техникалық деңгейінің өсуі, көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету негізінде оның тұрақты дамуына әкеледі. Ол магистралдық темір жол желісінің техникалық жарактандырылуын талап етілетін деңгейге жақындатуға және бәсекелестікке қабілеттіліктің жоғары дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Басқарудың барлық процестері автоматтандырылатын болады, темір жолдың техникалық жарактандырылуы сапалы жаңа жай-күйге көшеді. Іске асырудың негізгі нәтижесі поездардың жол жүру уақытын қысқарту, өткізу және тасымалдау қабілетін ұлғайту, поездар қозғалысының қауіпсіздігін арттыру (арқауларды төмендету) болады.

Электрлендірілген желілердің ұзындығы ұлғаяды, пайдалану шығыстары төмендейді, отын-энергетикалық ресурстардың үлестік шығыстары қысқарады. Жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту поездар қозғалысының жылдамдығы мен қауіпсіздігін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Астана-Алматы учаскесінде поездар қозғалысының орташа жылдамдығы 70 км/сағаттан 140 км/сағатқа дейін артады.

Бұл бөлімге тез өтелетін тиімді жобалар да (акпараттандыру, ресурс сақтау технологиялары және басқалар) өтелу мерзімі ұзақ немесе тіпті өтелмейтін жобалар да енгізілген. Соңғыларына жаңа темір жол желілерін салу сияқты жобалар, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен (кәтерлерді төмендету) және табиғатты қорғаумен байланысты және басқа жобалар жатады.

Жолды жаңарту мен жаңғыртуға күрделі қаржы салымдарының жеткізу мерзімдерін қысқарту, вагондар мен локомотивтердің желі бойынша айналымын жеделдету және, тиісінше, талап етілетін жылжымалы құрам паркін азайту есебінен, сондай-ақ жолды ағымдық күтіп ұстау мен жөндеуге шығыстарды төмендету есебінен бүкіл сала үшін әсері бар. Сонымен қатар, бұл іс-шаралар отынға, электр энергиясына және жылжымалы құрамды жөндеуге шығыстарды төмендетуге қосымша мүмкіндік береді.

Магистралдық темір жол желісін дамыту жобаларын іске асыру саланы техникалық қайта жарактандыруды, жаңа темір жол желілерін пайдалануға енгізу арқылы темір жол көлігінің географиялық қол жеткізушілігін арттыруды, темір жол көлігі қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және тұтас алғанда ел экономикасының өсуіне әсер ететін болады.

**2004-2006 жылдарға арналған дамудың аса
маңызды көрсеткіштерінің болжамы
" Қ Т Ж " Ұ К " А Қ**

(заңды тұлғаның атауы)

1 Ұ К н ы с а н ы

P/c	N	Көрсеткіштер	Өлшем	2002ж.	2003 ж.	2003ж.	2004ж.	2005ж.
A	B	1	2	3	4	5	6	6
1.	Жүк айналымы	млн.	133088	147672	111,0%	159108	170355	
						т	-	к м
1.1	соның ішінде							"
								түрлері бойынша
2.	Экспорт барлығы:	"	55242	58574	106,0%	62570	65801	
2.1	соның ішінде							"
								ТМД елдері
2.2	алыс шетел							"
2.3	өнім түрлері							"
								бойынша:
3.	Импорт барлығы:		7854	10100	128,6%	12388	10897	
3.1	соның ішінде							"
								ТМД елдері
3.2	алыс шетел							"
3.3	өнім түрлері							"
								бойынша:
4.	Қаржыландырудың барлық	млн.	14649	50185	342,6%	29903	31851	
								теңге
								көздерінің есебінен негізгі капиталға инвестициялар - барлығы:
4.1	заемдық қаражаты	"	997	9549	957,8%	3528	5623	
								есебінен
4.1.1	оның ішінде,							"
								кеттік бюджет қаражаты
								мемле.

4.2	меншікті қаражаты		13652	40636	297,6%	26375	26228
						е с е б і н е н	
5.	Табыстар, барлығы	"	165876	194742	117,4%	205398	158642
6.	Шығыстар, барлығы	"	144951	177010	122,1%	204818	146642
7.	Негізгі қызметтен	"	165449	191328	115,6%	204399	158642
						т а б ы с	
8.	Өткізілген дайын	"	115209	147572	128,1%	185709	122538
						ө н і м н і ң (т а у а р д ы ң , ж ұ м ы с т ы ң , қ ы з м е т к ө р с е т у д і ң) ө з і н д і к	
						қ ұ н ы :	
9.	Жалпы табыс	"	50240	43755	87,1%	18689	36104
10.	Кезеңнің шығыстары,	"	15174	24475	161,3%	17651	17736
						б а р л ы ғ ы	
10.1	жалпы және әкімші.	"	13986	23220	166,0%	16313	16414
						л і к ш ы ғ ы с т а р	
10.2	дайын өнімді	"	80	372	463,6%	91	-
						(т а у а р л а р д ы , ж ұ м ы с . т а р д ы , қ ы з м е т к ө р . с е т у д і) ө т к і з у ж ө н і н д е г і ш ы ғ ы с т а р	
10.3	сыйақы түріндегі	"	1108	883	79,7%	1247	1322
						ш ы ғ ы с т а р	
11.	Салық салынатын	"	35493	22695	63,9%	2037	18368
						к і р і с	
12.	Корпорациялық табыс	"	14568	4948	34,0%	1458	6368
						с а л ы ғ ы	
13.	Таза табыс (залал)	"	20924	17732	84,7%	580	12000
14.	Дивидендтер,	"		1773		58	1200
						б а р л ы ғ ы	
14.1	оның ішінде, акция. млн.			1773		5799,22%	1200
						л а р д ы ң м е м л е к е т т і к т е ң г е п а к е т і н е	
15.	Пайдадан аударымдар	%			-	-	-
						н о р м а т и в т е р і *	
16.	Қызметтің рента.	"	43,61%	29,65%		10,06%	29,46%
						б е л ь д і л і г і	
17.	Материалдық емес	млн.	17306	27631	159,7%	25041	26,228
						а к т и в т е р м е н н е . т е ң г е	

		гізгі		қаражатқа		
		шығыстар		лерінің саны,		
		барлығы		қызметкерлерінің		
		саны		теңге		
18.	Компания қызметкер. адам	98274	91523	93,1%	78831	76107
18.1	Орталық аппарат "	1138	1434	126,0%	1000	800
19.	Жалақы қоры млн.	27816	32729	117,7	35756	36149
20.	Компания бойынша теңге	23587	29800	126,3%	37798	39581
20.1	соның ішінде теңге	70842	54178	76,5%	68698	72133
21.	Өнімнің (жұмыстың, бірлі. қызметтің) бірлі. гiне тарифтер (бағалар)	12	13			13
21.1	бұрынғы кезеңге %			-		-
22.	Кредиторлық берешек мың.	42300	59295	140,2%	42474	40350
23.	Дебиторлық берешек "	39075	46955	120,2%	40515	39045

кестенің

жалғасы

P/c	N 2006		ж. 2006		ж. 2006		ж.	
	болжам		2002		ж. 2003		ж.	
A	7		8		9			
1.	182318		137,0%		123,5%			
1	1							
2.	69234		125,3%		118,2%			
2	1							

2	.	2			
2	.	3			
3.			1 1 6 6 0	1 4 8 , 5 %	1 1 5 , 4 %
3	.	1			
3	.	2			
3	.	3			
4.			3 7 1 5 0	2 5 3 , 6 %	7 4 , 0 %
4.1			1 2 6 4	1 2 6 , 8 %	1 3 , 2 %
4	.	1	.	1	
4.2			3 5 8 8 6	2 6 2 , 9 %	8 8 , 3 %
5.			1 7 1 1 0 8	1 0 3 , 2 %	8 7 , 9 %
6.			1 5 6 8 6 4	1 0 8 , 2 %	8 8 , 6 %
7.			1 7 1 1 0 8	1 0 3 , 4 %	8 9 , 4 %
8.			1 3 0 8 0 5	1 1 3 , 5 %	8 8 , 6 %
9.			4 0 3 0 3	8 0 , 2 %	9 2 , 1 %
10.			1 8 6 7 0	1 2 3 , 0 %	7 6 , 3 %
10.1			1 7 2 6 9	1 2 3 , 5 %	7 4 , 4 %
10.2			-	0 , 0 %	0 , 0 %
10.3			1 4 0 1	1 2 6 , 4 %	1 5 8 , 7 %
11.			2 1 6 3 3	6 0 , 9 %	9 5 , 3 %
12.			7 3 8 8	5 0 , 7 %	1 4 9 , 3 %
13.			1 4 2 4 4	6 8 , 1 %	8 0 , 3 %
14.			1 4 2 4		8 0 , 3 %
14	.	1			1 4 2 4
1	5	.			-
16.			3 0 , 8 1	7 0 , 7 %	1 0 3 , 9 %
17.			2 7 4 8 6	1 5 8 , 8 %	9 9 , 5 %
18.			7 7 2 6 7	7 8 , 6 %	8 4 , 4 %
18.1			8 0 0	7 0 , 3 %	5 5 , 8 %
19.			3 8 5 3 5	1 3 8 , 5 %	1 1 7 , 7 %
20.			4 1 5 6 0	1 7 6 , 2 %	1 3 9 , 5 %
20.1			7 5 7 3 9	1 0 6 , 9 %	1 3 9 , 8 %
2	1	.			-
2	1	.	1		-
22.			3 8 3 3 2	9 0 , 6 %	6 4 , 6 %
23.			3 8 1 9 6	9 7 , 8 %	8 1 , 3 %

2004-2006 жылдарға арналған табыстар мен шығындар болжамы
" Қ Т Ж " Ұ К " А Қ

(заңды тұлғаның атауы)

2 Ұ К н ы с а н ы
м л н . т е ण г е

P/c N	Көрсеткіштер атауы	2002	2003	2004 ж. (болжам)				2003ж.	2004ж.
		ж.	ж.	1- тоқ. сан	1- жарты- жылдық	9 ай жыл	жыл	%	%
A	B	1	2	3	4	5	6	7	8
1	Негізгі	165449	191328	47251	94766	148600	204399	115,6%	106,8%
									қ ы з м е т т е н т а б ы с
2	Өткізіл.	115209	147572	37677	85881	136396	185709	128,1%	125,8%
									г е н д а й ы н ө н і м н і ण (т а у а р л а р . д ы ण , ж ұ м ы с . т а р д ы ण , қ ы з м е т к ө р . с е т у д і ण) ө з і н д і к қ ұ н ы
3	Жиынтық	50240	43755	9575	8886	12204	18689	87,1%	42,7%
									т а б ы с (1 ж о л - 2 ж о л)
4	Кезең шы.	15174	24475	4380	8966	13294	17651	191,3%	72,1%
									ғ ы с т а р ы , о н ы ण і ш і н д е
4.1.	жалпы және	13986	23220	4165	8322	12455	16313	166,0%	70,3%
									ә к і м ш і л і к ш ы ғ ы с т а р
4.2.	дайын өнімді	80	372	18	42	66	91	465,0%	24,4%
									(т а у а р л а р . д ы , ж ұ м ы с .

4.3. сыйақы	1108	883	197	602	772	1247	79,7%	141,2%	т а р д ы , қ ы з м е т к ө р . с е т у д і) ө т к і з у б о й ы н ш а ш ы ғ ы с т а р т ү р і н д е г і ш ы ғ ы с т а р
5 Негізгі	35066	19280	5195	-81	-1090	1038	55,0%	5,4%	қ ы з м е т т е н т а б ы с (з а л а л)
6 Негізгі	427	3415	999	999	999	999	799,6%	29,3%	(3 ж о л - 4 ж о л)
7 Салық	35493	22695	6194	919	-91	2037	63,9%	9,0%	қ ы з м е т т е н т а б ы с (з а л а л)
8 Корпора.	14568	4948	2199	713	645	1458	34,0%	29,5%	с а л у ғ а д е й і н н е г і з г і қ ы з м е т т е н т а б ы с (з а л а л) (5 ж о л + (-) 6 ж о л)
9 Салық	20924	17747	3995	206	-735	580	84,8%	3,3%	ц и я л ы қ т а б ы с с а л ы ғ ы с а л у д а н к е й і н н е г і з г і қ ы з м е т т е н т а б ы с (з а л а л)

				(7 ж о л -)						
				8 ж о л)						
10	Төтенше	0	-15	0	0	0	0	-	-	
				жағдайлардан және операциялардың тоқтату дан табыстар (залалдар)						
11	Таза табыс	20924	17732	3995	206	-735	580	84,7%	3,3%	
					(залал)					
				(9 ж о л + (-))						
				1 0 ж о л)						

4-қосымша

2004 жылы ақша ағымдары қозғалысының болжамы
" Қ Т Ж " Ұ К " А Қ

(заңды тұлғаның атауы)

3 Ұ К ны с а н ы
млн . теңге

P/c N	Көрсеткіштер атауы	2002 ж. есеп	2003 ж. бағалау	2004 ж. (болжам)	
A	B	1	2	3	4
I.		Операциялық қызметтен ақша қозғалысы			
I.1	Ақшаның түсуі:	165338,7	193740,1	43789,0	91295,5
1.1	дайын өнімді (тауар.	162968,8	187899,5	42526,5	90033,0
		ларды, жұмыстарды, қызмет көрсетуді өткізуден табыс алынған аванстар			
1.2		сыйақылар			
1.3					

1.4			д и в и д е н д т е р		
1.5			р о я л т и		
1.6	өзге де түсімдер	2369,9	5840,6	1263	1263
I.2	Ақшаның кетуі:	135305,4	151879,1	38962,8	87951,9
2.1	жеткізушілер мен	77085,1	81940,3	25561,3	54665,4
			м е р д і г е р л е р д і н		
			ш о т т а р ы	б о й ы н ш а	
2.2			б е р і л г е н	а в а н с т а р	
2.3	жалақы бойынша	27166,5	31101,9	7963,8	15439,8
2.4	әлеуметтік сақтан.	7890,3	8680,9	2169,2	4544,6
			д ы р у	ж ә н е	з е й н е т а .
			қ ы м е н	қ а м т а м а с ы з	е т у
				к о р ы н а	
2.5	салықтар бойынша	16447,0	19618,0	1753,2	3818,8
2.6	сыйақылар төлеу	1108,3	895,2	170,8	576,3
2.7	өзге де төлемдер	5608,2	9642,7	1344,6	8907,1
I.3.	Операциялық қызмет	30033,3	41861,0	4826	3344
			н ә т и ж е с і н д е	а қ ш а н ы ң	
	ұлғаюы (+)/ кемуі (-)				
II.			И н в е с т и ц и я л ы қ	қ ы з м е т .	
			т е н	а қ ш а	қ о зғ а л ы с ы
II.1.	Ақшаның түсуі:	0,0	0,0	0	0
1.1			м а т е р и а л д ы қ	е м е с	
			а к т и в т е р д і ң	к е т у і н е н	
				т а б ы с	
1.2			н е г і з г і	қ ұ р а л д а р д ы ң	
			к е т у і н е н	т а б ы с	
1.3	өзге де		ұ з а қ	м е р з і м д і	
			а к т и в т е р д і ң	к е т у і н е н	
				т а б ы с	
1.4			қ а р ж ы	и н в е с т и ц и я л а .	
			р ы н ы ң	к е т у і н е н	т а б ы с
1.5	басқа заңды тұлға.	0,0	0,0		0
			л а р ғ а	б е р і л г е н	з а е м .
			д а р д ы	а л у д а н	т а б ы с
1.6			ө з г е	д е	т ү с і м д е р
II.2.	Ақшаның кетуі:	7827,8	38076,6	16056	23638,5
2.1			м а т е р и а л д ы қ	е м е с	а қ .
			т и в т е р д і	с а т ы п	а л у

2.2	негізгі құралдарды	7827,8	38076,6	16056	23638,5
2.3	басқа да ұзақ мер. зімді активтерді сатып алу				
2.4	қаржы инвестицияларын сатып алу				
2.5	басқа да заңды тұлға. ларға қарыз беру				
2.6	өзге де төлемдер				
II.3.	Инвестициялық қызмет нәтижесінде ақшаның ұлғаюы (+)/ кемуі (-)	-7827,8	-38076,6	-16056	-23638,5
III.	Қаржы қызметінен ақша қаражатының қозғалысы				
III.1.	Ақшаның түсуі:	0	0	0	0
1.1	акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығарудан				
1.2	банк заемдарын алу				
1.3	өзге де түсімдер				
III.2.	Ақшаның кетуі:	7783,5	4486,7	506	2061
2.1	банк заемдарын өтеу	7783,5	4486,7	506	2061
2.2	өз акцияларын сатып алу				
2.3	дивидендтер төлеу				
2.4	өзге де төлемдер				
III.3.	Қаржы қызметінің нәти. жесінде ақшаның ұлғаюы (+)/ кемуі (-)	-7783,5	-4486,7	-506	-2061
	ЖИЫНТЫҒЫ: Ақшаның ұлғаюы (+)/ кемуі (-)				
	Кезең басына ақша	2126	16548	15845	15845
	Кезең соңына ақша	16548	15845	4110	-6511

к е с т е н і ң

ж а л ғ а с ы

P/c	Көрсеткіштер атауы	2004 ж. (болжам)	2003 ж.	2004 ж.
N			%	%

		9 ай	жыл	2002 ж.	2003 ж.
А	Б	5	6	7	8
I.		Операциялық қызметтен			
		ақша қозғалысы			
I.1	Ақшаның түсуі:	146618,2	209530,7	117,2%	108,2%
1.1	дайын өнімді (тауарларды, қызмет көрсетуді өткізуден алынған аванстар)	145047,7	207960,2	115,3%	110,7%
1.2					
1.3					
1.4					
1.5					
1.6	өзге де түсімдер	1571	1571	246,4%	
I.2	Ақшаның кетуі:	144196,8	210181,7	112,2%	138,4%
2.1	жеткізушілер мен мердігерлердің шоттары бойынша берілген аванстар	91115,7	136580,9	106,3%	166,7%
2.2					
2.3	жалақы бойынша	22980,4	30456,8	114,5%	97,9%
2.4	элеуметтік сақтан. дыру және зейнета. қымен қамтамасыз ету қорына	6940,4	9315,5	110,0%	107,3%
2.5	салықтар бойынша	5883,8	8756,5	119,3%	44,6%
2.6	сыйақылар төлеу	746,4	1222,8	80,8%	136,6%
2.7	өзге де төлемдер	16530,2	23849,3	171,9%	247,3%
